

ISSN 1728-7804

# **ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN**

**«Филология ғылымдары» сериясы  
Серия «Филологические науки»  
Series of «Philological sciences»  
№ 1 (55), 2016**

**Алматы, 2016**

Абай атындағы  
Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

## ХАБАРШЫ

«Филология ғылымдары» сериясы  
№ 1 (55), 2016 ж.

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.  
2000 ж. бастап шығады.

### Бас редактор:

пед.ғыл.д., проф.  
ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Б.Ө.Сманов**  
**Бас ред. орынбасары:**  
пед.ғыл.д., проф.  
ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Ф.Ш. Оразбаева**

### Ғылыми редакторлар:

филол.ғ.д., проф. **Т.С. Тебегенов,**  
филол.ғ.д., проф. **С.Ж. Әбішева**

### Редакциялық алқа мүшелері:

филол.ғыл.д., проф. **Б.Әбдіғазизұлы,**  
пед.ғ.д. **С.Б. Бегалиева,**  
пед.ғ.д. **Р.Ә. Шаханова,**  
филол.ғ.д., проф. **К.И. Мирзоев,**  
пед.ғ.д., проф. **Ж.К. Балтабаева,**  
проф. **Барри Пол Шерр** (АҚШ),  
филол.ғ.к., доцент **Е.В. Казарцев** (Ресей),  
филол.ғ.д., проф. **Г.Л. Нефагина** (Польша),  
филол.ғ.д., проф. **А.К. Киклевич** (Польша),  
п.ғ.д. **Н.И. Ишекеев** (Қырғызстан),  
проф. **Спендель Джованна** (Италия),  
проф. **Хатрани Алтынчач** (Түркия),  
проф. **Мехмет Куталмиш** (Түркия),  
*PhD докторы, проф. И.З. Белобровцева*  
(Эстония),  
пед.ғ.д. **Чан Дин Лам** (Вьетнам)

### Жауапты хатшы:

филол.ғ.к. **А.Д. Ибраева**

© Абай атындағы Қазақ ұлттық  
педагогикалық университеті, 2016

Қазақстан Республикасының  
мәдениет және ақпарат министрлігінде  
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген  
№10109 - Ж

Басуға 17.05.2016 қол қойылды.  
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 34,6 е.б.т.  
Таралымы 300 дана. Тапсырыс 104.

050010, Алматы қаласы,  
Достық даңғылы, 13.  
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық  
педагогикалық университетінің  
«Ұлағат» баспасы

## Мазмұны Содержание

### ТІЛ БІЛІМІ ЛИНГВИСТИКА

**Атабаева М.С.** Диалектілік фразеологизмдер мазмұнындағы этномәдени ақпарат.....  
**Атембаева Г.А.** Тілдік тәртіп лингводидактикалық мәселе ретінде.....  
**Бабатаева К.К.** Бизнес дискурс зерттеудің әлеуметтік және танымдық аспектілеріннің қарым-қатынасы.....  
**Бекмашева Б.Н., Луговская Е.И., Махметова Д.М.** Жоғарғы оқу орындарында шетел тілін оқытудың кейбір әдістемелері.....  
**Боранбаев С.Р., Нұрлыбаев Н.М.** Түркі тілдеріндегі лексикалық сәйкестіктердің ғылыми-теориялық негіздері.....  
**Дәулетбекова Ж.Т.** Жаһандану және білім: қазақ тілін оқытудың жаңа бағыттары.....  
**Джанабаева С.М.** М.Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясындағы ұлттық салт – дәстүрлердің лингвомәдениеттанымдық аспектісі.....  
**Жиренов С.А.** Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің тілтанымдық сипаты.....  
**Ибраймова Л.Ә., Елемесова А.Б.** Мақал-мәтелдердегі гендерлік стереотиптердің танымдық және ареалдық сипаты.....  
**Исаева Ж.И.** Гендерлік лингвистиканың паремиологиялық дүние бейнесіндегі микрофреймдік қатынастары.....  
**Кабдрғалинова С.Б.** Прагматикалық және коммуникативтік амал-тәсілдердің қазақ және ағылшын тілдеріндегі сұраулы сөйлемдерде қолдануы.....  
**Қаршығаева А.А.** Қазақ тілі оқулықтарындағы артикуляциялық талданым үлгісі.....  
**Мағжан С., Адиева П.** Иллюстративті ишараттар.....  
**Мәткерімова Р.А., Жанұзақова Г.А.** Мамандандық бойынша француз тілі сабақтарындағы мәтіндер.....  
**Торохтий Л.С. Мацко И.В. Сопронова И.И.** Қазақстандық орыстардың орыс тілі туралы.....  
**Мухомтова Г.М.** Студенттердің рефлексивті дағдыларын қалыптастыру.....  
**А.Ж.Машимбаева, Г.Б. Абсаттарова, С.С. Жансеитова** Тілек сөздері мен қарғыстар – әмбебап суггестиялық мәтіндер..  
**Сулеева Г., Машимбаева А., Исаева Ж.** Тілек сөздері мен қарғыс материалдары бойынша суггестиялық мәтіндердегі сана стереотиптерін түсіну мәселелері.....  
**Турабаева Л.К.** Формирование профессионального мастерства и культуры речи.....

### ӘДЕБИЕТТАНУ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

**Ақболов А.А., Әбдіғазизұлы Б.** –Қазіргі заманауи қазақ романдарындағы уақыт шындығы және кеңістік.....  
**Әлиева С. К.** Ертегілер мен аңыз жанрының ұқсастықтары мен ерекшеліктері.....  
**Әбішева Ұ.Қ., Какишева Г.Ж. Ә.** Кекілбаевтың «Баллада повестеріндегі» фольклорлық дәстүр.....  
**Базарбаева Ә.** Тәуелсіздік жылдар прозасындағы идеялық-тақырыптық ізденістер (әңгімелер мен повестер бойынша).....  
**Базылова Б.К.** Тарихи қайраткердің көркем тұжырымдамасы..  
**Әлиева С. К.** Ертегілер мен аңыз жанрының ұқсастықтары мен ерекшеліктері.....  
**Еңсегенұлы Т.** Абайдың қара сөздері шығыстың даналық шығармаларымен деңгейлес.....  
**Жанаева А. Е.** Раушановтың поэмаларының негізгі идеясы.....  
**Ибраева А.Д., Қадыров Ж.Т., Смағұлова Н.Қ.** Дулат Исабеков шығармаларындағы ұлттық таным.....  
**Имамалиев Э.Г.** Түркілік мифтің ғарыштық тұжырымдамасы..

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

**ВЕСТНИК**

Серия «Филологические науки»  
№ 1 (55), 2016 г.

Периодичность – 4 номера в год.  
Выходит с 2000 года.

**Главный редактор:**  
д.пед.н., проф. Б.У.Сманов

**Зам. гл. редактора:**  
д.пед.н., проф. Ф.Ш. Оразбаева

**Научные редакторы:**  
д.филол.н., проф. Т.С. Тебегенов,  
д.филол.н., проф. С.Ж. Абишева

**Члены редколлегии:**  
д.филол.н., проф. Б.Абдигазинулы,  
д.п.н. С.Б. Бегалиева,  
д.п.н. Р.А. Шаханова,  
д.филол.н., проф. К.И. Мирзоев,  
д.п.н., проф. Ж.К. Балтабаева,  
проф. Барри Пол Шерр (США),  
к.филол.н., доцент Е.В. Казарцев (Россия),  
д.филол.н., проф. Г.Л. Нефагина (Польша),  
д.филол.н., проф. А.К. Киклевич (Польша),  
д.п.н. Н.И. Ишекеев (Кыргызстан),  
проф. Спендель Джованна (Италия),  
проф. Хатрани Алтынчач (Турция),  
проф. Мехмет Куталмиш (Турция),  
доктор PhD, проф. И.З. Белобровцева  
(Эстония),  
д.п.н. Чан Дин Лам (Вьетнам)

**Ответственный секретарь:**  
к.филол.н. А.Д. Ибраева

© Казахский национальный педагогический университет им. Абая, 2016

Зарегистрировано  
в Министерстве культуры и информации РК  
8 мая 2009 г. №10109-Ж

Подписано в печать 17.05.2016.  
Формат 60x84 1/8. Объем 34,6 уч-изд.л.  
Тираж 300 экз. Заказ 104.

050010, г. Алматы,  
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»  
Казахского национального педагогического университета имени Абая

Қабылов Ә.Д.Т.Шапайдың әңгіме-эсселеріндегі ирония.....  
Касымова М.Д. М.О.Әуезовтың «Қилы заман» атты повесі және оның тарихи-әдебиет құндылығы.....  
Қожекеева Б.Ш., Көшекова А.А. Қойдым Дарубайқызының шығармашылық келбеті және айтыскерлік шеберлігі.....  
Қуанышбаева Ш.С., Юрьев А.Н., Княкова Г.Б. Б.М.Жылқыбаевтың «Казахский эротический роман» романындағы қасқыр мен ит архетипі.....  
Құлымбетова Ә.Е., Джунисова А.А. И.С. Тургеневтің «Стой!» атты кара сөзбен жазылған өлеңінде бір сәт және мәңгілік мәселесінің жүйелі түрде бейнеленуі.....  
Құлжашпай А.А. Асқар Сүлейменовтің шығармаларының жазылу тарихы.....  
Қыдырбай М.С. А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегінің ғылыми-педагогикалық негіздері.....  
Сартбаева Д.Қ., Мұхамеджанова А.Б., Тинейбаева А.М. Балалар фольклорындағы ойын өлеңдерінің жанрлық қызметі...  
Османова Г.Әдебиет пен эпостағы тепегіз (жалғыз көзді дәу) бейнесі.....  
Рагимли Т. Ю.Анардың көркем прозасы және әдеби сын.....  
Сапарова А.И. Мамытбек Қалдыбайдың «Мен –халқымның Бауыржанымын» шығармасының жазылу тарихы.....

**ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ  
ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ**

Сманов Б. Ж.Жабаевтың шығармашылығы-тәлім тәрбие өзегі..  
Сүлеймен Д. Сәйф Сарайидің «Гүлстан би-т-түрки» дастанындағы метафоралар.....  
Сұлтанова Бибігүл Мыңбайқызы Зарқымова Фариза Мұратқызы Қазақ тіліндегі метафоралардың концептуалдануы.....  
Жұмақасва Б.Д., Кеңесова Б.О. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі тарихында тұлғаның әдіскерлік әлеуеті.....  
Кенесбаев С.М., Курманғалиева А.Б. Колледж студенттерінің шығармашылығын дамытуда ақпараттық технологияларды пайдаланудың мазмұндық-құрылымдық моделі.....  
Қалиева Л.С., Ибраева А.Д. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту оқу-тәрбие үрдісіндегі маңызды шарттардың бірі.....  
Қудиярбекова М.К., Савчиц Н.Е., Исмаилова Ш.А. Фильмді орыс тілге оқыту үдерісінде студенттердің қарым-қатынастық дағдылар қалыптастыру негізінде пайдалануы.....  
Мухитова Г.М. Студенттердің рефлексивті дағдыларын қалыптастыру.....  
Сейденова С.Д. Аудармада қолданылатын жаттығулар арқылы тәжірибелік жұмыстар ұйымдастыру.....  
Сердәлі Б.К. Мектептегі медиабілім.....  
Токсанбаева С.А Шетел тілі сабағында студенттерді шығармашылық ойлауға ынталандыру.....  
Юсуп А.Н. , Мамиева А.Н. Оқыту үдерісінде инновациялық технологияларды қолданудың жолдары ( тіл тарихы курсы пәндерін оқыту негізінде).....

**ЖУРНАЛИСТИКА**

Дүйсембиева Г.М Саяси метафора Қазақстан БАҚ тілінде.....

**АУДАРМАТАНУ  
ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЕ**

Алмабаева Г.Б., Жанадилова З.М., Акшалова Б.Н. Метафораны аудару жолдары.....

**МӘДЕНИ ЖӘНЕ ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСТАР**

Әбішева С.Ж. Қазақстандағы жапон әдебиеті.....

**МЕРЕЙТОЙ**

**Kazakh National  
Pedagogical University after Abai  
BULLETIN**

**Series of «Philological sciences»  
№ 1 (55), 2016**

Periodicity – 4 numbers in a year  
Publishing from 2001

**Editor in chief**

*Doctor of Pedagogical Sciences, Professor Corresponding  
member of the Academy of the Sciences of the Republic of  
Kazakhstan*

**B.O.Smanov**

**Vice of the chief editor:**

*Doctor of Pedagogical Sciences, Professor  
Corresponding member of the Academy of the Sciences of the  
Republic of Kazakhstan*

**F.Sh.Orazbayeva**

**Scientific editors:**

*Doctor of Philological Sciences, Professor*

**T.S. Tebegenov,**

*Doctor of Philological Sciences, Professor*

**S.Zh.Abisheva**

**The editorial board members:**

*Doctor of Philological Sciences, Professor*

**B.Abdigaziuly,**

*Doctor of Pedagogical Sciences S.B.Begalieva,*

*Doctor of Pedagogical Sciences R.A. Shahanova,*

*Doctor of Philological Sciences, Professor*

**K.I. Mirzoyev,**

*Doctor of Pedagogical Sciences, Professor*

**Zh.K.Baltabayeva,**

*Professor Barri Pol Sher (USA),*

*Candidate of philological sciences., docent*

**E.V. Kazartsev (Russia),**

*Doctor of Philological Sciences, Professor*

**G.L. Nefagina (Poland),**

*Doctor of Philological Sciences, Professor*

**A.K. Kiklevich (Poland),**

*Doctor of Pedagogical Sciences N.I. Ishekeev (Kurgyzstan),*

*Professor Spendel Djovanna (Italy),*

*professor Hatrani Altynchach (Turkey),*

*Professor Mehmet Kutalmish (Turkey),*

*PhD doctor, professor. I.Z. Belobrovteva (Estonia),*

*Doctor of Pedagogical Sciences Chan Din Lam (Vietnam)*

**Executive Editor:**

*Candidate of philological sciences. A.D. Ibrayieva*

Kazakh National Pedagogical  
University after Abai, 2016

The journal is registered by the  
Ministry of Culture and Information RK  
8 May 2009. № 10109-ZЖ

Signed to print 17.05.2016.

Format 60x84 1/8. Volume 14 – publ.literature.

Edition 300 num. Order 104 .

050010, Almaty, Dostyk ave., 13

KazNPU after Abai

Publishing house «Ulagat»  
Kazakh National Pedagogical University  
after Abai

**Әбдіғазизұлы Б.** Қаламгер-ғалым келбеті.....  
**Atabaeva M.S.** Ethno-cultural information in the content of  
phraseology of dialect.....  
**Atembayeva G.A.** Speech behavior as a linguodidactic problem.....  
**Babatayeva K. K** The relationship of social and cognitive aspects  
of business discourse study.....  
**Bekmasheva D.M , Lugovskaya B.N, Makhmetova E.I** Some  
Methods of Teaching Foreign Languages in Universities.....  
**Boranbaev S.R., Nurlibaev N.M.** Scintific theoretical bases of  
lexical similarities in Turkic languages.....  
**Dauletbekova Zh.T.** Globalization and Education: New Directions  
of Teaching of Kazakh Language.....  
**Janabaeva S.M., Kisikova B.D.** National aspect of  
linguaculturology in the epic «The way of Abai » by M.Auezov.....  
**Zhirenov S.A.** Linguistic properties of phraseological units of the  
kazakh language.....  
**Ibraymova L.A., Yelemesova. A.B.** Area and cognitive  
characteristic of gender stereotype in citation.....  
**Issayeva Zh.I.** The microframe relations in a paremiological picture  
of the world of gender linguistics.....  
**Kabdrgalinova S.B.** Communicative and pragmatic approaches  
used in Kazakh and English interrogative sentences.....  
**Karshygaeva A.A.** Sample of articulation analysis in textbooks of  
the Kazakh zazyka.....  
**Magzhan S., Adieva P.** Illustrative gestures.....  
**Matkerimova R, Januzakova G.** Special texts at French lessons....  
**Torokhtiy L.S. Matsko I.V. Sapronova I. I.** About Russian  
language Russian Kazakhstan.....  
**Mukhitova G.** Forming of reflexive abilities of students.....  
**Mashimbaeva Aynur, Absattarova Gulsara, Dzhanseitova  
Svetlana** Universal texts suggestive of good wishes, conspiracy.....  
**Suleyeva G. Mashimbaeva A. Isayev J** Problems index  
stereotypes of consciousness in the suggestive text on good wishes  
and conspiracy material.....  
**Turabaeva L.K.** The forming of professional experiences culture  
speech.....

**LITERATURE**

**Akhmetuly A.A., Abdigaziuly B.** - Artistic time and space in the  
modern novels of Kazakh literature.....  
**Aliyeva S.K.**- The similar and distinctive features of tales and  
fables.....  
**Abisheva U., Kakisheva G.** Folk traditions in "The Tale of the  
ballad" Abish Kekilbaev.....  
**Bazarbaeva A.** The idea of prose independence and thematic  
search (short stories and novels).....  
**Bazylova B.K.** Character concept art historical figures.....  
**Ensegenuly T.** “Words of edification” of Abay compared with East  
wise works.....  
**Zhanaeva A.** The main idea of E. Raushan’s poem.....  
**Ibraeva A. D., Kadyrov Zh. T, Smagulova N. K.** National  
cognition in dulat isabekov’s works.....  
**Imamaliyev E. G.** The Turkic Myth About Creation As The  
Cosmogonic Concept.....  
**Kabylov A.D.** The irony in T. Shapayov’s story – essays.....  
**Kasymova M. D.** M.O. Auezov’s novel "Hard times" and its  
historical and literary significance.....  
**Kozhekeyeva B.Sh, Koshekova A.A** Creativity and oratory of the  
poet - Koidu Darubaykyzy.....  
**Kuanyshebaeva Sh.S., Yuryev A.N., Kiyakova G.B.** Archetype of  
the wolf and the dog in the novel the «Kazak erotik novel» of B.M.  
Dzhielkibaev.....  
**Kulumbetova A.E., Dzhunisova A.A.** Existential representation of  
love as a feeling of suffering in the poem “Kogda chitala ty  
muchitelnye stroki ...” by A.A. Fet.....

**Kuljashpay A.A.** History of the works of Askar Suleimenov.....  
**Kydyrbay M.S.** Scientific and pedagogical foundation of labor of the A.Baitursynov - Adebiiyet tanytkysh.....  
**Sartbayeva D., Muhamedzhanova A., Tineibayeva A.** Genre activity of game poems of children's folklore.....  
**Osmanova G.** Image Of Tepegoz (Cyclops): In The Epos And Literature.....  
**Ragimli T. Y.** Art Prose Of Anar In The Literary Critic.....  
**Saparova A.I.** The history of composition writing “i’m baurzhan – people’s son” by M. Kaldybai.....

#### **PEDAGOGY AND METHODOLOGY PROBLEMS**

**Smanov B.** Education the creativity of Zh. Zhabayev.....  
**Suleymen D.** Metaphors in Seyf-I Sarayi’s poem “Gulistan bi-turki”.....  
**Sultanova B.M. Zarkymova F.M.** Conceptualization of metaphors in the Kazakh language.....  
**Zhumakaeva B.D.** The potential of the individual in the history of kazakh literature teaching methodology.....  
**Kenesbay S.M., Kurmangaliyeva A.B.** Content- structural model of the use of information technology in the development creativity of college students.....  
**Kaliyeva L.S., Ibraeva A.D.** Development of creative abilities of younger schoolboys as an important condition for the realization of competent approach in the educational process primary school.....  
**Kudiyarbekova M.K., Savchitz N.Y., Sh.A. Ismailova** Film as a basis for formation of communication skills of students at training Russian as a foreign language.....  
**Mukhitova G.** Forming of reflexive abilities of students.....  
**Seidenova S.D.** Organization of practical work with exercises on translation.....  
**Serdaly B.K.** Media education at school.....  
**Toxanbayeva S.** Encourage students’ thinking in foreign language classroom.....  
**Yusup A.N., Mamieva A.N.** Ways of using innovative technologies in the educational process (On the base of teaching Language history course subjects).....

#### **JOURNALISM**

**Duisembiyeva G.M.** Political Metaphor in the Language of Kazakhstan Media.....

#### **TRANSLATION**

**Alambaeva G.B. , Zhanadilova Z.M. , Akshalova B.N.** Methods of metaphor translation.....

#### **CULTURAL AND LITERARY CONNECTIONS**

**Abisheva S.D.** - Japanese literature in Kazakhstan.....

#### **ANNIVERSARY**

**Abdigaziuly B.** Image of the scientist-writer.....

## ТІЛ БІЛІМІ ЛИНГВИСТИКА

ӘОЖ 811.512.122373

### ДИАЛЕКТІЛІК ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР МАЗМҰНЫНДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ АҚПАРАТ

Атабаева М.С.-

*филология ғылымдарының докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры*

Тіл – ғасырлар жемісі, халық мұрасы, ұлттық қазына. Халық өміріндегі тарихи бел-белестер, ұлы өзгерістер ұрпақтан-ұрпаққа тіл арқылы жетеді. Ал осы тілдің бейнелілігін, байлығын арттыра түсетін сөздік қордың ауқымды бөлігін фразеологизмдер құрайды. Фразеологизмдердің пайда болуына халықтың тұрмыс-тіршілігі мен мәдени өмірінің ықпалы зор. Образға негізделген көрініс тіл арқылы жарыққа шыққанда, ондағы ұлттық қабылдау, ұлттық дүниетаным, ойлау ерекшеліктері бірден аңғарылады. Фразеологизмдердің жасалуына негіз болатын нәрсе – адамдардың күнделікті өмірде көріп жүрген заттар, айналасындағы құбылыстар содан туындайтын жағдайлар, түрлі жағымды, жағымсыз әрекетердің ықпалы. Тілдегі тұрақты тіркестердің мағыналық астарында халықтың бүкіл өмірінің қыр-сыры жан-жақты сақталып суреттеледі. Ойды бейнелі, мәнерлі етіп, айқын жеткізу үшін тілдегі тұрақты тіркестердің қалыптасу, шығу тарихын зерттеу тіл ғылымындағы ең өзекті мәселелердің бірі саналады. Тұрақты тіркестердің жасалу жолдарына, оның мағыналық тамырына терең үңілу этномәдени мазмұнын бағамдауға мүмкіндік береді, оны ашып, айқындап сипаттап түсіну арқылы этномәдени ақпаратты пайымдау қазіргі мәдениетаралық коммуникациядағы аса маңызды мәселенің қатарына жатады. Аталған белгілер тіл атаулының барлығына ортақ болса, семантикалық бейнелілік жағынан алғанда, әр тілдің фразеологиялық оралымдары ұлттық бояумен ерекшеленеді, өйткені әр этнос әлемді өзінше көріп таниды. Қазақ тілінің фразеологиялық қоры бай, ал диалектілік фразеологизмдер осы қордың мол қабатын құрайды. Мақалада қазақ тіліндегі диалектілік фразеологизмдердің лексика-семантикалық топтары, оның ішінде «бет, жүз» ұйытқы сөздері арқылы жасалған фраземалардың этномәдени мәдени ақпараты жайында сөз болады.

**Тірек сөздер:** этнос, халық, лексика, дәстүрлі мәдениет, культура, фразема, семантика, этномәдени семантика, мәдениетаралық коммуникация, этномәдени ақпарат, тіл байлығы, бейнелілік.

Өзін қоршаған ортаны әр ұлт өзінше қабылдайды, осы орта бейнесі оның тілінде және мәдениетінде көрініс табады. Мәдениет дүниетанымға негізделеді, ал тіл – ең басты көрсеткіш, сол себепті қазіргі тіл ғылымы тілді мәдениеттің феномені, ұлт дүниетанымның айнасы, ұлт мәдениетінің көрінісі ретінде зерттеуге үлкен мән беріп келеді [1, 6-29-бб.].

Адам баласының ойы мен рухани дүниесін, дүниетанымын, өмірлік іс-тәжірибесін, практикалық әрекетін оның тілінен бөлмей, тілдік әлемімен бірге біртұтастықта қарастыру, басқаша айтқанда, кез келген халықтың тілінде ұлттық-мәдени сипатта бекітін дүние суретін, дүние бейнесін антропоцентристік парадигманың фундаментальді ұғымы ретінде зерттеу – қазіргі заманғы лингвистиканың ең өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Адам дүниедегі бар затты тілдегі сөздермен белгілейді, ал тілдік бейнесі жоқ, тосын дүниені немесе затты қабылдау санаға қиын соғады. Әлемнің адам санасындағы бейнесі тілдегі бейнелермен, яғни сөздермен өте ұқсас. Көп жағдайда бірін-бірі қайталайды. Әр ұлттың, халықтың санасында әлем бейнесі сыртқы және ішкі факторларға байланысты әртүрлі болғандықтан, тілдегі ерекшеліктер де сан алуан. Сыртқы факторларға географиялық орта, әлеуметтік жағдай, шаруашылық түрі, діннің ықпалы, тарихи жағдайды, ал ішкі факторларға әдет-ғұрып, дүниетанымды жатқызады. Ұлттық мәдениеттің ең маңызды және күрделі құрамдарының бірі – тіл. Шындықтың адам санасында қабылданып, ой елегінен өтіп, сөз болып қалыптасып, сөз тіркесі немесе сөйлем ретінде айтылу процесі нәтижесінде – әлем бейнесі тілде екінші көрінісін табады. Сондықтан да әлемнің бейнесі мен тіл екеуі - өзара тығыз қарым-қатынаста.

Әлем бейнесі әлемге деген белгілі бір көзқарастың бүтіндігін, жалпылығын білдіреді. Бұл туралы Э.Д. Сүлейменова: «Әлем бейнесі ұғымында бүтіндік белгісі бар және ол тілде адамдардың ұзақ қатынасы ретінде мәтін түрінде жүзеге асуы мүмкін. Жеке сөздердің табиғатында әлемнің тілдік бейнесін жасау мүмкіндігі жоқтығы, олардың қарым-қатынас қызметін атқару мүмкіндігінің жоқтығымен сәйкес келеді» [2,14-б.], – деп жазады. Әр ұлттың өз әлем бейнесі болды, себебі тіл тек ойлау, қарым-қатынастың құралы ғана емес, тіл - бүкіл этностың рухани және мәдени өмірінің

айнасы. Н.Ю.Шведованың пайымдауынша, тілдегі әлем бейнесі - халықтың көп ғасырлық тәжірибесі негізінде және тілдегі бірліктер арқылы жасалған бүкіл тіршіліктің бүтін әрі бөлшекті әлем ретіндегі бейнесі. Өз құрылымында ол біріншіден, адамды, оның материалды және рухани өмірін, екіншіден, оны қоршаған кеңістік пен уақытты, тірі және өлі табиғатты, сонымен қатар, адамның өзі ойлап тапқан мифтер мен социумды көрсетеді [3,5-б.].

Адам баласының өзін қоршаған ортаның, ақиқат болмыстың мәнін түсінуінің тәсілі ретінде дүние суреті мифологияда, религияда, поэзияда, фольклор мен сурет өнерінде, колөнерде т.б. қабылдау мен ұғынуға ыңғайлы, жеңілдетілген формада белгіленеді, бейнеленеді және бекиді. Дүние-ғаламның күллі адамзат баласына ортақ болуы дүние суретіне жалпы адамзаттық әмбебаптық сипат дарытады десе де, әрбір этномәдени-тарихи қауымдастықтың дүние әлемді өзінше көруі мен тануының, қабылдауы мен елестетуінің, ұғынуы мен түсінуінің және бұл процестердің нәтижесін бейнелеуі амал-тәсілдерінің өзгешелігіне байланысты дүние суреті этноәлеуметтік және этномәдени реңкті жинақтайды [4,18-19-бб.].

Сөйтіп, дүние суреті адамның дүние-әлемді тануын жүзеге асырып қана қоймайды, сонымен қатар ол адамның өмірлік іс-әрекетінде бағыт-бағдар қызметін де атқарады, ұлттық дүниетаным әлемін құрайды. Сондықтан дүниетаным – дүниенің тілдік бейнесіне қарағанда әлдеқайда күрделі құбылыс саналады. Дүниенің халық танымындағы көрінісі, яғни дүниетаным – дүние-ғаламның сан алуан құбылыстарына, адамзаттық қоғамдық құрылыстың барлық қабаттарына, этникалық мәдениеттің құрамдас бөліктеріне қатысты көзқарастар жүйесін құрайтын ұғымдар мен түсініктердің және олардың өзара байланысының санадағы бейнесі. Демек, ұлттық дүниетаным, түптеп келгенде, дүниенің концептуалды бейнесінің нысаны.

Ұрпақтан ұрпаққа берілетін әлемнің тілдегі бейнесі жаңарып та, өзгеріп те отырады, басқа этноспен, өзге мәдениетпен араласу арқылы толығып та тұрады. Жалпы, ұғым ұлттың өзі сияқты баяу да болса, даму үстіндегі құбылыс деп түсінілгенімен, ұлттық нышан, белгіні танытатын тіл бірліктерінің мызғымайтын, өзгермейтін түрі болады, ол, әрине, қай тілге де ортақ дүние - фразеологизмдер құбылысы. Фразеологизмдердегі өзгеріс көбінде экстралингвистикалық жағдайға байланысты жүзеге асады, онда да азды-көпті түрленетін ішкі мазмұн емес, форма.

Тілдердің қайсысында да фразеологизмдердің қоры олардың әлемді тануының ұлттық-тілдік моделінің негізіне алынатын фразеологиялық дүние бейнесін жасайды. Онда ұлттың есте жоқ ескі замандардағы өзін қоршаған орта, шындық болмыс туралы терең философиялық ой-танымы, ұлттық рухани мәдениетінің қайнар көздері көрініс табады. Фразеологизмдер арқылы берілетін бейненің түп негізінде белгілі бір этномәдени ұжымның сан ғасырлар бойы қоршаған ортаны меңгеруі, игеруі және онымен мүмкіндігінше үйлесе өмір сүруі үдерісінде қалыптасатын әлемді айшықты, бейнелі етіп көруі және тануы жатады, сондықтан фразеологизмдердің этномәдени мазмұны негізінен адамдардың күнделікті қарапайым тұрмыстық қарым-қатынасы аясындағы бейнесінен құралады. Ә.Қайдардың тұжырымдауынша, бүгінгі фразеологизм, мақал-мәтел деп жүрген тұрақты тілдік единицалардың басым көпшілігі - бір замандағы күнделікті қарапайым тірліктің, құбылыстың нәтижесі ретінде қалыптасқан тілдегі көрінісі. Олар бара-бара тұрақталып, мағыналық өзгерістерге ұшырауы салдарынан этнофразеологизм және мақал-мәтел дәрежесіне көтеріледі. Олардың дүниеге келуі о баста малға, аңға, өсімдіктерге, аспан әлеміне, табиғат құбылысына байланысты болса, бүгінде бәрі айналып келіп адам тұрмысына, мінез-құлқына, жақсы-жаман қасиетіне, ішкі-сыртқы көрінісіне бағышталады [1,214-215-бб.].

Демек фразеологиялық бейнені адамды қоршаған зат-құбылыс тудырады, мәдени ақпарат олардың негізгі қасиеттеріне сүйеніп жинақталады. Адам баласы өзін қоршаған ортаның әрбір бөлшегін: жан-жануар, өсімдік, тұрмыстық зат, ұғым, өзін (дене мүшесі т.б.) - зерттеп игеріп, оның жақсы-жаман, пайдалы-зиянды белгілерін айқындайды, осының бәрін өзі көріп жүрген, көңіліне түйген зат, құбылыс бейнесімен салыстыру арқылы өмір сүру ережелерін жасап, оның ұлттық белгілерін қалыптастырады. Осыған орай, Ә.Т. Қайдар: «...И любопытно то, что в этих ассоциативных параллелях, получаемых на основе наблюдений за животным миром, с одной стороны, и взаимоотношениями людей и их поступками в разных жизненных ситуациях с другой, носители находят много общего или схожего, что и служит образно-фоновой основой образования УВ и мотивами их переноса и переосмысления. Так например, в казахском языке выражение *сыыр сипағанды білмейді* (букв. «корова не понимает, что ее гладят») употребляется по отношению к людям, которые не понимают и не ценят проявляемых к ним добрых чувств и благородных намерений. В данном случае физиологические свойства животного ассоциативно переносятся на

аналогичное человеческое поведение или психологию [1,215-б.], - деп жазады. Қазақтың дәстүрлі көшпелі тұрмысына сиыр малы қолайсыз, сондықтан оны өсірумен қазақ халқы отырықшылыққа ауысқаннан кейін айналыса бастаған. Қазақ тұрмысында *жылқы, қой, түйе* жануарлары жоғары коннотацияға ие болады, ал сиыр малы мешкейлік, талғамсыздық көрінісі саналады. Адамның талғамы жақсы мен жаманды ажыратып бағалаудан туады. *Жүрегінің түгі бар* фразеологизмі "батыр, батыл, еш нәрседен тайсалмайтын, қаймықпайтын адам" мағынасын білдіріп, *жүрек жұтқан* фразеологизмімен синонимдік қатар құрайды. *Жүрек* соматизмінің ұйытқы болуы арқылы жасалған фразеологизмдер адам айтқысыз асқан ерлікті танытады. Талай қырғын жаулаушылықты бастан кешкен халық ұғымында оны қорғаушы мифологиялық батырдың болмысы-бітімі ерекше болуы керек. Әр дәуірдің өз батыры, қаһарманы болады, халық қазіргі күні аталған фразеологизмдердің бастапқы мағыналарын ұмытқанымен, оның ерлік, батырлықты көрсететін символдық мәнін эпитет ретінде жиі қолданылады [5,150-153-бб.], өйткені ерлікке қай заманда да орын бар.

Ендеше қазақ тілінде де фразеологизмдердің пайда болу себептері мен уәжіне алдымен оның тұрмыс-тіршілігі әсер етеді. Әр ұлттың өзіне тән өмір сүру салтына, тіршілік ету ортасына қарай қалыптасқан рухани құндылықтары болады, осыған қарай қызмет ететін атаулар тұрақты тіркес құрамында да кездеседі. Қазақ тілі фразеологизмдерінің құрылым-құрылысында тіл иесінің төрт түлік малға негізделген күн көру, өмір сүру қағидалары, салт-дәстүріне, ұлттық мәдени тіршілігіне қатысты суреттерден хабар беретін лексемалар негіз-тірек болады. І. Кеңесбаев оларды «ұйытқы сөз» деп атағанды мақұл санайды, мұндай сөздердің қатарына: *тіл, жүрек, көз, ауыз, қол, бас, аяқ, қара, тас, ат, ит, жер, жеті* т.б. сөздерді жатқызылады [6, 611-б.].

Осыған орай, қазақ тілі фразеологизмдері: *соматикалық* атаулар ұйытқы болған фразеологизмдер; *жан-жануар* атаулары ұйытқы болған фразеологизмдер; *сан атаулары* ұйытқы болған фразеологизмдер; *тұр-тұс* атауларының ұйытқы болуы арқылы жасалған фразеологизмдер болып топтастырылып жүр. Осылардың бәрі алуан түрлі образ жасауға негіз болады. Ал оларды заттық-тақырыптық жағынан топтастыруда: 1) ұйытқы, темірқазық қызметіндегі сөздердің лексикалық мағыналарын ескере отырып; 2) фразеологиялық бірліктердің жалпы мағынасын, яғни берілген немесе заттың мағынасын ескере отырып жүйелеу принципін ұстанады [1,11-б.].

Адамдардың болмысы табиғи жаратылысы дене мүшелері атауларының фразеологизм жасаудағы ұйытқы немесе тірек сөз болуындағы қызметі ерекше, өйткені адамның тіршілік иесі ретінде алдымен өзіне таныс, дене мүшелерінің әбден үйреншікті дағдылы құбылысқа айналған қызметі мен қасиеттері ауыспалы қосымша мағынаға ие болады. Сол себепті түркологияда бұл мәселеге айрықша назар аударылып келеді, ол еңбектерде дене мүшелерінің фразеологизм жасаудағы өнімділігін олардың түркі тілдеріне ортақ көнетүркілік қабатқа жататындығымен байланыстырады [7,34-б.]. Соматикалық атаулар қазіргі түркі тілдерінде ежелгі семантиканы сақтаумен қатар, сөздік қордың негізін құрап отыр. Олардың ішінде фразеологизм жасауда: *көз, жүрек, қол, ауыз, бет, қан, иш, тіл* лексемалары өрісті келеді, сондықтан да олар жан-жақты зерттеу нысанына айналған. Б.К.Уызбаеваның қазақ тіліндегі соматикалық етістік фразеологизмдерді этнолингвистикалық тұрғыда зерттеулері нәтижесіне қарағанда, таңдалып алынған сексен үш соматизмнен мыңнан астам фразеологизм туындайды екен [7,34-б.].

Бұл жалпыхалықтық әдеби тіл деректеріне қатысты болса, диалектілік фразеологизмдер қорында аталған ұйытқы сөздердің бәрі де ұшырасады. Осы топтағы *бет-жүз* соматизмі қазақ тілінде *бет-жүз-әлпет* т.б. синонимдік қатар құрайды, олардың әдеби-диалектілік варианттарының көлемі тіпті кең. Түркі тілдері фразеологизмдерін салыстыра зерттеген Қ. Қалыбаева «Бет» соматизмі «жүз» сөзінің синонимі ретінде азербайжан мен алтай тілінен басқа тілдердің бәрінде кездесетінін, *бет-жүз* сөзінің ұйытқы болуынан жасалған фразеологизмдердің қыпшақ тобы тілдерінде, негізінен, *ұялу, ұялту, қаралау, намысқа тию, бедел, абырой* мағыналарын білдіретінін, ал *жақ* сыңары арқылы жасалған фразеологизмдердің *ұру, соғу, жүдеулік* мағыналарын білдіруге бейімділігін атап көрсетеді [8,198-201-бб.].

Диалектілік жүйедегі *бет-жүз-жақ* синоним соматизмдері арқылы жасалған фразеологизмдерді этномәдени мазмұнына қарай төмендегіше топтауға болады:

➤ *ұялу, ұялту* мағыналарын білдіретін фразеологизмдер: *бетімен жер басу, беті пісу, беті түсу*. Фразеологизмдер мағынасы *бет* сөзінің тура мағынасымен өзектес, адамның беті - оның ішкі көңіл-күй сезімінің айнасы. Фразеологизмдер құрамындағы *жер басу, пісу, түсу* сыңарлары *бет* сөзінің тура мағынасынан туындайтын ауыспалы мағына арқылы *ұят* ұғымының дәрежесін



көрсетеді. *Жүзі жапырылу* - жүзі шыдамау, қысылу, ұялу. Жалпы қазақ халқында «ұят» адами қасиеттің негізгі категориясына жатады;

➤ **ұятсыз** мағынасындағы фразеологизмдер: *бет-аузы жоқ* - ұяты жоқ, фразеологиялық мағына ұят ұғымының мүлде болмайтынын көрсетеді, ол «жоқ» модаль сөзінің семантикасына сүйенген;

➤ **ұятқа қалу, абыройы төгілу** мағынасындағы фразеологизмдер: әдеби тілдегі *бет моншағы үзілу/ бет моншағы салбырау* мағыналас тіркестеріне *бет моншағын сыпырып тастау* диалектілік фразеологизмі вариант бола алады. *Бет моншақ* - тура мағынасында қалыңдықтың бас киіміне тағылатын әшекей. *Бет моншақты* - сәукеленің екі жағына салбырата тағып қояды, ол белге дейін, тіпті, белден төмен де түсіп тұрады [9,44-45-бб.]. *Бет моншақ* әшекей ғана емес, оның сиволдық мәні үлкен. *Бет моншақ* қалыңдықтың артазальғын, тәрбиесін көрсетеді, сондықтан оның үзіліп түсіп қалуы үлкен ұят, жаман ырым, саналады. Ал диалектілік *бет моншағын сыпырып тастау* варианты «ұят-намысты жиып қою» мағынасын білдіреді, бұл белгілі жағдаятқа байланысты шарасыздықтан болуы мүмкін, ал *беттің арын белбеуге тую* «ұялмау, арланбау, арын сату» мағыналарының диалектілік варианты болып табылады. Диалектілік семантика *бет моншағын сыпырып тастау* фразеологизмі білдіретін семантикадан да қою көрінеді, ол *белбеуге тую* етістігіне бекітілген. *Бет қара болу* - ел алдында, бөтен біреудің алдында ұятқа қалу, кірерге тесік таппау, семантика *қара* сын есімі арқылы беріліп, адамдар арасындағы этика ережесінің бұзылғандығы, қолайсыздық жайлы ақпаратты жинап тұр;

➤ **көңілге қарау, көңілін жараламау** мағынасында қолданылатын фразеологизмдер: *бетке қарау* - қатты айтып көңілді жараламау, кешіріммен, түсіністікпен қарау семантикасын білдіреді;

➤ **қарсыласу, беттен алу** мағыналарын білдіретін фразеологизмдер: *беттен шармай алу* - қатты қарсылық білдіру, мұнда адамның қарсылық агрессиясы байқалады ал *жүзінің жұдырығымен қарау* - үдірейе, ызғар шаша, сұстана қарау бұл тіркестің мағынасы да ызалы, кекті қарсылықты байқатады, поэтикалық бейне *жұдырық* лексемасынан шығады;

➤ **сұлу, әдемі** семантикасын білдіретін фразеологизмдер: *бетінің мөрі кетпеген* - жасына қарамай өңін бермеген, сұлу қалпында сақталған, бетінің қызылы, бояуы сөнбеген мағынасында;

➤ **көңіл айту** семантикасын білдіретін фразеологизмдер: жалпыхалықтық тілдегі «көңіл айту» салтын Монғол *жеріндегі қазақтар бет көріп қайту* фразеологизімімен білдіреді;

➤ **ұнатпау, жаратпау** семантикасы: *жүз бермеу* - ыңғай бермеу, жақтырмау, келіспейтіндік сыңай таныту;

➤ **сүйеніш, медет көру** семантикасы: *жүз тұту* - арқа сүйеу, бетке ұстау, *бетке басар* - алдыңғы қатарлы, бетке ұстар. Бұл ел ішінің әртүрлі мәселелерін шешетін, қамын ойлап, сөзін сөйлейтін беделді адамға қатысты айтылатын фразеологизм, сонымен қатар, «бетке ұстар болу» мағынасы елден шыққан белгілі, атақты азаматтарға да тән;

➤ **сөйлемеу, үндемеу** мағынасын білдіретін фразеологизмдер: *жақ кірісіп ашпау - сөйлемеу, үндемеу, ләм-мим демеу*,

➤ **кездесу, ашық сөйлесу** мағынасы: *бет екі сөйлесу* - бетпе-бет, жүзбе-жүз сөйлесу, сұхбаттасу мағынасында, ал *бет қосу* - беттесу, бетпе-бет, жүзбе-жүз келу, ашық бетке айту мағынасында жұмсалады;

➤ **жақ айқастырмау** - қинау, қиын жағдайға түсіру, сөйлеуге, жауап қатуға мүмкіндік бермеу мағынасын білдіреді.

Сөйтіп, фразеологиялық бірліктің ішкі формасының пайда болуы ең алдымен, фразеологизмге арқау болатын еркін тіркестің тура мағынасына сәйкес келетін қандай да бір жағдаятқа байланысты. Оған мән, мағына беріледі, мазмұн бекітіледі. Осы мән, мағына, мазмұн келесі бір ұғымды білдіру үшін қайтадан ой сүзгісінен өтіп, ауыс мағынада қолданыла бастайды, яғни о бастағы жағдаятты білдіретін сөздердің алғашқы, біріншілік мағыналарына негізделіп, фразеологиялық бірліктің образы қалыптасады. Осылайша ішкі форма түзіледі. Фразеологизмнің ішкі формасын мәдени ақпараттар көзі деуге болады. Өйткені онда мәдениет қалдыратын «іздер» – мифтер, архетиптер, салт-дәстүрлер, тарихи оқиғалар мен материалдық мәдениеттің элементтері көрініс табады [10,34-б.].

Соматикалық фразеологизмдер этностың ғалам, әлем, дүние жайлы түсініктерінің көне элементтерін жаңғыртуға көмектеседі, дүниенің біртұтас тілдік моделін қалыптастыруға қатысады. Соматикалық фразеологизмдерді талдау барысы тілдің соматикалық бірліктері дүниенің концептуалды бейнесін түзуші деп қабылдауды қажет етеді, адамның дүние-ғалам туралы түсініктерімен бүтіндей және жүйелі түрде танысуға мүмкіндік береді.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің жасалуына ұйытқы болатын тірек сөздердің ішінде ең көбі адамның дене мүшелерінің атаулары. Бұл тек қазақ тілінде ғана емес, жалпы тіл-тілде кездесетін ортақ ерекшелік. Демек, адамдар өзінің іс-әрекетінде неғұрлым жете танып білген заттар мен құбылыстардың қасиетін ұзақ уақыт бойы бақылай жүріп, солардың ерекшеліктерінен жинақтаған өмірлік тәжірибелеріне сүйеніп түрлі қорытындылар жасау дағдысын меңгереді. Осыдан пайда болған салыстырулар, ұқсата отырып жаңа ұғым туғызу, өзі білетін ежелгі атауға тағы да басқа мағынаны үстеу, оны тілдік қатысым әрекетінде ауыспалы мағынада жеткізу сияқты қатынас құралының қызметіне қосымша бейнелілік туғызады.

Қазақ сөйленістері жүйесінде де фразеологизмдер қоры біршама, диалектілік фразеологизмдер формалық жағынан жалпыхалықтық фразеологизмдерден ерекшеленбейді. Семантикалық жағынан қазақ тілінің фразеологиялық қорын әдеби-диалектілік синоним, вариант қатарларымен байыта түседі, антонимдік қатарлар түзіледі. Диалектілік фразеологизмдер эмоционалды-экспрессивтілігі, поэтикалық бейнелілігі жағынан әдеби тіл қорындағы фразеологизмдерге кем түспейді, ауызекі сөйлеу тіліне тән болғандықтан, рең мәні, бояуы қалың болуы да мүмкін. Мұның барлығы фразеологизмдердің ішкі формасындағы ақпарат мазмұнынан көрінеді.

1 Кайдар А.Т. *Актуальные вопросы казахского языка*. Алматы: Ана тілі, 1998. 304 б.

2 Сулейменова Э.Д. *Казахский и русский языки: основы контрастивной лингвистики*. Алматы: Демей, 1996. с. 168.

3 Шведова Н.Ю. *Теоретические результаты, полученные в работе над «Русским семантическим словом»* // ВЯ. – 1999. №1. – С 3-6.

4 Нұржанова А. *Дуниенің қарабайыр бейнесі: фразеологиялық фрагменттің соматикалық коды: филол. ғыл. канд. ... дисс. Астана, 2010. 125 б.*

5 Кайдар А.Т. *Тысяча метких и образных выражений «Казахско-русский словарь с этнолингвистическими пояснениями*. Астана: ТОО Білге, 2003. 368 с.

6 Кеңесбаев І. *Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі*. Алматы: Ғылым, 1977. 712 б.

7 Уызбаева Б.К. *Қазақ тіліндегі соматикалық етістік фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты: филол. ғыл. канд. ... дисс. авторефераты*. Алматы, 1994. с. 21.

8 Қалыбаева Қ.С. *Салыстырмалы түркі фразеологиясы*. - Алматы: Полиграфия Сервис К. - 2009. - 404 б.

9 Смағұлова Г.Н. *Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері*. Алматы: Ғылым, 1998. 196 б.

10 Маслова В.А. *Лингвокультурология*. М.: Academia, 2001. 208 с.

### Резюме

**Атабаева М.С.** доктор филологических наук, профессор КазНПУ имени Абая

#### **Этнокультурная информация в содержаниях диалектных фразеологизмов**

Язык – это результат многовековой работы, наследие народа, национальное достояние. Сведения об исторических этапах развития, великих преобразованиях в жизнедеятельности народа передаются из поколения в поколение посредством языка. А большую часть словарного состава, усиливающего образность, богатство языка, составляют фразеологизмы. Возникновению фразеологизмов повлияли быт и культура народа. Когда в языке проявляется явление, основанное на образах, то обнаруживаются особенности национального восприятия, национального мировоззрения, мышления. Образование фразеологизмов основано на влиянии, которое оказывают повседневные бытовые предметы, которые люди наблюдают каждый день, окружающие их явления, ситуации, вытекающие из них, различные положительные и отрицательные действия. Иносказательное значение устойчивых выражений в языке несет в себе описание различных сторон жизнедеятельности народа. Для того, чтобы донести мысль образно, выразительно, ясно, необходимо изучить историю формирования, возникновения фразеологических сочетаний в языке, что является одной из актуальных проблем в лингвистической науке. Глубокое изучение способов образования устойчивых фразеосочетаний, их значений дает возможность определить их этнокультурное содержание, а исследование этнокультурной информации посредством раскрытия, выявления и описания данного содержания относится к ряду важнейших проблем в межкультурной коммуникации. Если перечисленные выше признаки являются общими для всех номинативных единиц языка, то с семантической образности фразеологические обороты каждого языка отличаются национальным колоритом, поскольку каждый этнос воспринимает мир по своему. Фразеологический фонд казахского языка особенно богат, а диалектные фразеологизмы составляют большую часть этого фонда. В статье рассматриваются лексико-семантические группы диалектных фразеологизмов казахского языка, в частности изучается этнокультурная информация, содержащаяся в фраземах, образованных при помощи лексемы «лицо».

**Ключевые слова:** этнос, народ, лексика, традиционная культура, фразема, семантика, этнокультурная семантика, образ, межкультурная коммуникация, этнокультурная информация, богатство языка, образность.

### Summary

**Atabaeva M.S.** Doctor of Philology, Professor of Kazakh National Pedagogical University named after Abai

#### **Ethno-cultural information in the content of phraseology of dialect**

Language - is the result of centuries of work, the heritage of the people, a national treasure. Information on the historical stage of development, the great transformations in the life of people passed down from generation to generation through the language. A large part of the vocabulary of enhancing imagery, richness of language, form idioms. The emergence of phraseology influenced the life and culture of the people. When a language is manifested phenomenon based on the images, the detected features of the national perception of the national outlook, thinking. Education of phraseology based on the impact that everyday household items that people watch every day, the surrounding events, situations arising out of them, various positive and negative actions. Allegorical value fixed expressions in the language carries the description aspects of life of the people. In order to convey the idea figurative, expressive, clearly, it is necessary to study the history of the formation, occurrence of phraseological combinations in the language, which is one of the most pressing problems in linguistic science. Depth study of methods of formation of stable phraseo combination, their values makes it possible to determine their ethnic and cultural content, and the study of ethno-cultural information through disclosure, identification and description of the content refers to the number of the most important problems in intercultural communication. If the above symptoms are common to all nominative units of language, the semantic imagery turns of phrase in each language different national colors, as each ethnic group perceives the world in their own way. Phraseological fund of the Kazakh language is particularly rich and dialectal idioms make up a large part of the fund. This article discusses the lexical-semantic group of Kazakh language dialect of phraseology, in particular ethno-cultural study the information contained in frazema formed using tokens "face".

**Keywords:** ethnicity, nation, vocabulary, traditional culture, frazema, semantics, ethno-cultural semantics, image, intercultural communication, ethno-cultural information, richness of language, imagery.

УДК 811.161.1

#### **РЕЧЕВОЕ ПОВЕДЕНИЕ КАК ЛИНГВОДИДАКТИЧЕСКАЯ ПРОБЛЕМА**

**Г.А. Атембаева** - *Казахский национальный педагогический университет им. Абая, магистрант второго курса*

В статье рассматривается речевое поведение с точки зрения лингводидактики. В качестве своей центральной категории современная лингводидактика определяет концепт вторичной языковой личности. Этот концепт понимается как совокупность способностей готовности человека использовать речевые навыки в условиях аутентичного общения с представителями других культур. Вторичная языковая личность реализуется только в общении, поэтому при ее изучении в центре внимания оказывается ее речевое поведение и языковое сознание. Языковое сознание личности реализуется в речевом поведении носителя языка, характеристики которого зависят от уровней, составляющих структуру языковой личности. Лингвисты направляют свои усилия на изучение языка как общественного явления. Вслед за лингвистикой к закономерностям обучения языку обращается и лингводидактика, которая ставит перед собой задачу описать структуру и содержание модели овладения языком в процессе обучения, которая применительно к изучению неродного языка может быть представлена как модель языковой личности. В настоящее время лингводидактика и методика обучения языку функционируют как самостоятельные науки внутри полинаучной системы языкового образования.

**Ключевые слова:** Лингводидактика, языковая личность, языковое сознание, речевое поведение.

Современная лингводидактика рассматривает в качестве своей центральной категории концепт вторичной языковой личности. Этот концепт понимается как совокупность способностей готовности человека использовать речевые навыки в условиях аутентичного общения с представителями других культур. Вторичная языковая личность реализуется только в общении, поэтому при ее изучении в центре внимания оказывается ее языковое сознание и речевое.

Как отмечает В.И. Карасик, речевое поведение — это «осознанная и неосознанная система коммуникативных поступков, раскрывающих характер и образ жизни человека» [1, с.8]. Оно определяется коммуникативной ситуацией и социальными характеристиками говорящего (его статусом, полом, возрастом и др.).

В лингвистических источниках разграничиваются понятия «речевое поведение» и «речевой этикет», с одной стороны, и «речевое поведение» и «коммуникативное поведение», с другой стороны. Как подчеркивает З.К. Сабитова, понятие «речевое поведение» шире понятия «речевой этикет», который связан со стандартными речевыми формулами в стандартных коммуникативных

ситуациях. Речевое поведение включает особенности общения в различных ситуациях, вследствие чего речевой этикет входит в понятие речевое поведение как его составляющая [2, с.6].

Что касается терминов «речевое поведение» и «коммуникативное поведение», то они разграничиваются следующим образом. Коммуникативное поведение определяется Ю.Е. Прохоровым и И.А. Стерниным как вербальное и невербальное поведение личности или группы лиц в процессе общения, регулируемое нормами и традициями общения данного социума [3,с.42]. Если термин «речевое поведение» акцентирует внимание на речевом аспекте общения, то термин «коммуникативное поведение» включает более широкий набор коммуникативных факторов, в том числе нормы и правила общения.

Как подчеркивают ученые, речевое поведение определяется языковым сознанием, которое, в свою очередь, является составной частью коммуникативного сознания. Понятие «коммуникативное сознание» в связи с этим шире понятия «языковое сознание». В лингвистических исследованиях коммуникативное сознание определяется как совокупность механизмов сознания человека, набор принятых в обществе норм и правил общения, которые обеспечивают его коммуникативную деятельность. На эти различия указывают, в частности, Ю.Н. Прохоров, И.А.Стернин. Согласно ученым, эти различия между коммуникативным и языковым сознанием формируются следующим образом. Например, в речевой ситуации приветствия языковое сознание содержит информацию о том, как надо приветствовать[3, с.51-52]. Таким образом, языковое сознание составляет ту основу, на которой базируется коммуникативное сознание.

По мнению Н.И. Формановской, речевое поведение — это «лишенное осознанной мотивировки автоматизированное, стереотипное речевое поведение», которое выражается в стереотипных высказываниях, речевых клише, с одной стороны, и в каких-то сугубо индивидуальных речевых проявлениях данной личности — с другой. Также Н.И. Формановская включает в него и неречевые (невербальные) средства коммуникации: жесты, мимику, тональные фонационные особенности.

В речевом поведении проявляется вторичная языковая личность, принадлежащая данному времени, данной стране, данному региону, данной социальной группе, данной семье. Не случайно Н.И. Формановская подчеркивает, что речевое поведение регулируется социальной иерархией, национальной культурой и этикетом, ритуалом, воспитанностью личности и постоянной практикой, контролируемой сознанием [4, с. 159].

Речевое поведение, по мнению исследователя Т.В. Лариной, имеет свои национально-специфические особенности не только из-за различий в средствах коммуникации, но из-за различий в механизме их выбора, предпочтительности и частности их употребления в тех или иных ситуациях общения. Национальные особенности коммуникативного поведения представляют собой «закрепленные традицией коллективные привычки народа, проявляющиеся в выборе и предпочтительности употребления в процессе межличностного взаимодействия тех или иных коммуникативных стратегий и средств коммуникации (как вербальных, так и невербальных), в результате чего вырабатывается национальный стиль коммуникации, или коммуникативный этностиль». Таким образом, речевое поведение составляет сущностную характеристику личности [5, с. 507].

Вторичная языковая личность как особый феномен связывается с понятием языковой личности. С позиции антропоцентрической парадигмы, человек познает мир через осознание себя, своей теоретической и предметной деятельности в нем, определяя иерархию ценностей, которая проявляется в его речи, а центром внимания становится носитель языка – языковая личность [6,с.233].

В книге «Современная дидактика» Г.И. Богин приводит следующее определение языковой личности: «Центральным понятием лингводидактики является языковая личность — человек, рассматриваемый с точки зрения его готовности производить речевые поступки. Языковая личность — тот, кто присваивает язык, то есть тот, для кого язык есть речь. Языковая личность характеризуется не только тем, что она знает о языке, сколько тем, что она может с языком делать» [7, с.61].

Ю.Н. Караулов определяет языковую личность: как «совокупность (и результат реализации) способностей к созданию и восприятию речевых произведений (текстов), различающихся а) степенью структурно-языковой сложности, б) глубиной и точностью отражения действительности, в) определенной целевой направленностью». Как видим, по Ю.Н.Караулову, в содержание понятия «языковая личность» входит и характеристика семантико-строевого уровня ее организации, и

языковая модель мира данной личности, и ее жизненные этические мотивы, установки, доминанты [6, с.254].

Языковое сознание личности реализуется в речевом поведении носителя языка, характеристики которого зависят от уровней, составляющих структуру языковой личности. Поведение человека, в том числе языковое, обусловлено социальными условиями его жизни, его внутренним миром, уровнем его интеллектуального развития, его духовным началом, особенностями менталитета, культурными ценностями носителя языка, отражающими специфику восприятия и осознания человеком окружающего мира. Все вышесказанные факторы и определяют неповторимое своеобразие языковой личности отдельного человека.

7 Исева Ж.И. Паремологиялық қордағы жан-жануарлар жүйесінің образдық-фондық жағдаяты // Абай ат. ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Филология» сериясы, №1(47), 2014 ж. - 32- 36 бб.

## Резюме

**Жиренов С. А.** КазНПУ им. Абая и.о. ассоциированный профессор кафедры казахский язык и литература, кандидат филологических наук

### Лингвистические свойства фразеологизмов казахского языка

Фразеологические единицы лексической системы свойственны всем языкам мира. Фразеологизмы языков мира являются одним из показателей, определяющих национальные особенности каждого языка. Поэтому в целом фразеологизмы языка до сих пор является широко изучаемым разделом лингвистики. А фразеологизмы в лексической системе казахского языка и раздел фразеологии казахского языкознания – явление, которое всесторонне изучается наряду с мировыми фразеологическими науками. Фразеологизмы казахского языка – это категория, равная фразеологизмам системы мировых языков.

Фразеологизмы казахского языка по языковой природе и лингвистическом содержании значительно исследованная тема. Исследование фразеологии казахского языка связано с историей советского языкового знания и является важной частью на туркологическом уровне. На сегодня казахский язык он и есть (является) часть (частью) (field of) науки имеющая свою школу и свой путь и историю развития. Но фразеологизмы в лексической системе являются поэтически ценным образным богатством языка народов, где сохраняет свою значимость и не уменьшает свое значительное содержание и поэтическое могущество.

**Ключевые слова:** Лексическая система, языковое значение, переносное значение, когнитивия, фраза, идиома, фразеологическая единица, фразеологическое значение и т.д.

### Summary

**Zhirenov S.** – KazNPU Abay acting associate professor of the department of the kazakh language and literature, candidate of philological sciences

#### **Linguistic properties of phraseological units of the kazakh language**

Phraseological units of lexical system are peculiar to all languages of the world. Phraseological units of languages of the world are one of the indicators defining national features of each language. Therefore in general phraseological units of language still is widely studied section of linguistics. And phraseological units in lexical system of the Kazakh language and the section of phraseology of the Kazakh linguistics – the phenomenon which is comprehensively studied along with world phraseological sciences. Phraseological units of the Kazakh language is the category equal to phraseological units of system of world languages.

Idiom of the Kazakh language by the language and the linguistic nature of the content is much researched topic. Study phraseology of the Kazakh language is associated with the history of the Soviet language knowledge is an important part on turkologicheskome level. Today Kazakh language it is (a) part (s) (field of) science has its own school and its way of development and history. But idioms in the lexical system is a valuable figurative poetic richness of the languages in which retains its significance and does not reduce its considerable content and poetic power.

**Keywords:** Lexical system, language value, figurative sense, cognition, phrase, idiom, phraseological unit, phraseological value, etc.

ӘОЖ 81'272

### МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДЕГІ ГЕНДЕРЛІК СТЕРЕОТИПТЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ АРЕАЛДЫҚ СИПАТЫ

**Ибраймова Л.Ә.** – ф.ғ.к., ҚазмемқызПУ Тіл теориясы және оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы, [lira.ibraymova@mail.ru](mailto:lira.ibraymova@mail.ru)

**Елемесова А.Б.** – ҚазмемқызПУ 6М012100-Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2-курс магистранты

Бұл мақалада тілдің гендерлік қырын салыстыра-салғастыра зерттеу мәселесі қарастырылады. Жалпыадамзат тілінің танымдық, ареалдық сипаты мен өзіндік ерекшеліктері мақал-мәтелдерде кездесетін гендерлік стереотиптер арқылы көрсетіледі. Мақал-мәтелдер әйел мен еркектің мінез-құлқын байқататын; салт-сана, ұлттық дәстүр мен құндылықтарға байланысты; еңбектің гендерлік дифференциясының ерекшелігін анықтайтын стереотиптер; еркек пен әйелдің арасындағы кәсіби және отбасылық рөлдерінің бөлінуін сипаттайтын стереотиптер; тіл мен санадағы гендерлік стереотиптер; ер мен әйелдің қоғамдағы орнын, өзіндік әлеуметтік ерекшелігін, өмірлік құндылықтарын айқындайтын деп топтастырылды. Осылардың әрқайсысына қазақ, орыс, неміс, француз, башқұрт, бурят, ұйғыр, корей тілдерінен мысалдар келтірілді. Мысалдарды талдай отырып, әлем тілдерінде әйел мен еркек тіліне қатысты ортақ стереотиптердің бар екендігі айқындалды. Сонымен қатар олардың ұқсастығы ареалдық жағдайына да тәуелді екендігі байқалды. Гендерлік ассиметрияның мақал-мәтелдердегі көрінісін талдау, оның ішінде тілдердің таралу аймағын ескере отырып қарастыру тым ауқымды жұмыс. Бірақ соған қарамастан ұлт тілдерінің танымдық сипатына сәйкес мақал-мәтелдердегі ортақ стереотиптерді шығарып, талдау жасалды.

**Кілт сөздер:** гендер, әйел мен еркек тілі, мақал - мәтелдер, стереотип.

Гендерлік лингвистика батыстық зерттеу жұмыстары бойынша өткен ғасырдың 1970 жылдарында ғана лингвистикалық ғылым ретінде қалыптасты. Бірақ «гендер» ұғымының қалыптасуы ежелден басталады. Б.э.д. бес мыңыншы жылдардағы Оңтүстік Қосөзенде өмір сүрген ежелгі шумер халықтарында екі тіл болғанға ұқсайды. Искери және діни мәтіндер жазылған негізгі еме-ku («қасиетті тіл»), диалектісінен басқа еме-sal («бұрмаланған тіл», немесе «жіңішке дауысты әлдебіреу») диалектісінің де болғаны дәлелденген. Жіңішке дауысты әлдебіреу кім болуы мүмкін? Бұл тілде жебеуші әйел тілі мен әнұраны, абыздар тілі діни мәтіндерде берілген. Сонымен қатар кейбір сөздер мен дыбыстар әйелдерге қолдануға болмайтындығы белгілі болған. Яғни айырмашылық дыбысында ғана емес, сөзінде де болған [1]. Қазіргі қазақ тіл білімінде түркітану мен шумертануға ерекше үлес қосып жүрген ғалым Г.Қосымованың еңбегінде де осы мәселе туралы жазылған. Ол атақты түрік ғалымы Осман Недим Тунаның көп жылдық еңбектеріне шолу жасай отырып, мынаны айтады: «Шумертанушылар бірнеше диалект анықтаған: эмедуб, эмесал, эмегир... Алайда бұл диалекттердің тек қана эмесал «әйел тілі» диалектіне тән ерекшеліктердің кейбіреулері, мысалы м : г, д : г анықталған, қалған диалекттердің ерекшеліктері болса эмеку диалектіне тән

еместігіне қарамасатн, эмеку диалектіне, яғни негізгі шумер тілінің мысалдары ретінде, бір кезеңнің және бір диалекттің сөздері секілді көрсетіліп, «басқа ешқандай тілде кездеспейтін ғажап дыбыстық өзгеру» сынды сөйлемдермен түсіндірілген» [2, 70 б.].

В.А.Ефремов гендерлік лингвистиканың негізгі кезеңдерін үшке бөледі [3]:

- биологиялық детерминизм;
- ауыспалы кезең (XX ғасырдың бірінші жартысы) Э Сепир, О.Эсперсен, Бодуэн де Куртене;
- нағыз гендерлік зерттеулер.

Биологиялық детерминизмде кариб үндістерінің (араван тайпасы) әлеуметтік тарихи айырмашылықтары, чуокот тіліндегі фонологиялық дыбыстық ерекшеліктер, моңғол тіліндегі номинациялар принципі, жапон тіліндегі морфологиялық және стилистикалық ерекшеліктер зерттеледі. Биологиялық детерминизмнің негізгі пайымы: «Еркек тілі – норма, әйел тілі – нормадан ауытқу».

Ауыспалы кезеңге Э.Сепирдің (Sapir Edvard) нутка, коасати және ян тілдерін зерттеуі жатқызылады.

Гендерлік тілдің өзгешелігі орта үнді драмаларында да кездеседі. Онда басты қастағы кейіпкерлер санскритше сөйлейді де, үшінші қастағылар мен әйелдер диалектіде (пракритше) сөйлеуге мәжбүр. Тағы да негізгі айырмашылық – сөздің айтылуында. Ең бастысы осы күнге дейін әр түрлі тілдерде сөздің әйел және ер варианттары бар.

Гендерлік ерекшеліктер бүгінгі күні әлеуметтік топтың ахуалымен, білім деңгейімен сәйкестікте және қоғамдағы өзгергіш жағдаяттардың есептелуі ескеріле отырып қарастырылуы қажет. Мысалы, жапон тілінің еркектер мен әйелдердің сөйлеу айырмашылығы бір заттың түрлі атаулары, түрлі қосымшалардың айтылуы сияқты мәдени тұрақталған дәстүрі бар. Жас жапон қыздар «әйел тілі» деп аталатын тілден бас тартып, «ер адамның» сөйлеу құралдарын қолданулары белгілі болған [4,116.].

Тілдегі жыныстық көріністер көптеген ғалымдардың әйелді төменгі деңгейдегі рөлде көрсетіп, жағымсыз қасиеттерді тану сияқты патриархалдық стереотиптерден байқалады. Қытай тілінде әйелге қатысты жеңіл жүрісті, нақсүйер, төмен, шолжан, құл, көре алмайтын, қызғаншақ, түлкібұлаң, қараниет, екіжүзді, сатқын, қу, айлакер, ойнас деген сөздерді білдіретін арнайы иероглифі бар.

Орыс мәдениетінде де әйелдің төмен дәрежесін көрсететін тіркестер жеткілікті. Мысалы: «Курица не птица, баба не человек», «Не петъ курице петухом, не быть бабе мужиком», «Бог бабу отнимает, так девку даст», «Муж пашет, а жена пляшет», «Муж за рюмочку, а жена за стаканчик». Әрине, мұнда әр халықтың менталитетінің, өзіндік дүниетанымының, өмірлік ұстанымдары мен діни көзқарастары да ерекше орын алады. А.В.Кириллинаның (1998) еңбегінде фольклордағы орыс әйелінің бейнесі бірнеше топқа жіктеледі: әлсіз, ойға қонымсыз ақыл, икемсіздік («Бабы умы разоряют дома»); қыңыр, құбылмалы мінез («Ехал бы прямо, да жена упряма», «С бабой не сговоришь (не убедишь); қауіпті, айлакер («Не верь жене в подворье, а конью в дороге», «Жена ублажает, лихо замышляет»); сөзуарлық («Языком метет, что коклюшками», «Бабыя вранья и на свинье не объедешь»); әйел мінез-құлқының еркекке қарсы қойылуы («Мужичий ум говорит: надо, бабий ум говорит: хочу», «Муж по дрова, а жена со двора») [5].

Жер жүзіндегі барлық ұлттар мен ұлыстардың өзіндік сипаты, құндылықтары, сенімі, тілдік санасы т.т. бірінен-бірі айрықшаландырып тұратыны белгілі. Этнолингвист, этнограф зерттеушілер, әсіресе батыста кейбір халықтардың мәдениеті жетілмей қалып қойған, өнегесіз т.т. деген қорытындылар шығарған. Кезінде олардың қатарына қазақ, башқұрт сияқты түркі халықтарын жатқызған болатын. Мысалы, Л. Бергхольц «Еркектер әйелге затқа, күнге қарағандай қарайды; оларға бөтен біреудің көзінше күйеуімен сөйлесуіне болмайды», – деп жазған [6]. Бірақ бұл да халықтың әдеп нормалары мен ер мен әйелдің қоғамдағы қалыптасқан орнының бар екендігін байқамай айтылған пікір болып саналады. Оны ер мен әйелдің қарым-қатынасын ажыратып беретін мақал-мәтелдерден көруге болады. Мысалы «Ирзе ир иткән дә катын, хур иткән дә катын» - «Жақсы әйел жаман еркектің басын төрге сүйрейді, жаман әйел жақсы еркектің басын көрге сүйрейді» немесе «Ердің бақытын кетіретін де әйел, ерге бақыт әперетін де әйел».

Р.Р. Баязитованың зерттеу жазба деректері бойынша башқұрттар әйел затын мақтамайды. Өйткені мақтау сөз қарапайым башқұрт әйелдерін ыңғайсыз жағдайға қалдырады. Оның үстіне көз тиеді деп қорқады және башқұрт әйелдері де мақтау сөзді естісе ренжиді екен [7, 40 б.]. «Алйот атын мактар за, катынын мактар» дегені сияқты қазақта да «Жақсы жігіт атын мақтайды, жаман жігіт қатынын мақтайды» мақал бар. Түбі бір түркі, туыстығы тым жақын болғандығы ғана емес, орналасу аймағының көршілес болғандығынан ұлттық таным мен көзқарастар бірін-бірі айна

қатесіз қайталап тұр. Буряттарда да тура осы мақал былай делінеді: «Һайн эрэ мориёо магтаха, дунда эрэ нохойгоо магтаха, адаг эрэ гэргээ магтаха» (қазақша – «жақсы еркек атын мақтайды, орташа еркек өзінің итін мақтайды, ақымақ еркек өзінің қатынын мақтайды» деп аударылады).

Жақсы мен жаманға байланысты карама-қайшылығы және әйел мен еркектің бір-бірімен тығыз байланысты өмірінің мазмұнын А.М.Байғұтованың зерттеу жұмысындағы келтірген мысалдарынан байқаймыз: «Жақсы ат жарты байлық, жақсы әйел бүтін байлық», «Жаман әйел алғанның жауы үйінде», «Жақсы әйелдің көзі жайнап тұрады, жаман әйелдің көзі ойнап тұрады», «Атың жақсы болса, бұл дүниенің пырағы, Қатының жақсы болса, бұл дүниенің шырағы», «Жақсы әйелде қыздың қылығы, жолбарыстың қайраты бар, жаман әйелде түлкінің қулығы мысықтың айбаты бар», «Жақсы әйел – ырыс, жаман әйел – ұрыс», «Жақсы әйел теңі жоқ жолдас, түбі жоқ сырлас», «Жақсы қатын жүн қарыз алады, жаман қатын су қарыз алады», «Жақсы қатын алғанның тойы өз үйінде», «Жақсы әйел асын жасырмайды», жақсы әйел мен жаман әйелге қатысты халық көзқарасымен бірге әйелдің қоғамдағы орнына байланысты қазақ қауымына тән стереотиптер де ұшырасады. Мысалы, «Денсаулық ганибет, Сырқаулығы болмаса, Ер жолдасы - қатыны, Ақ жаулығы болмаса», «Қанияда қатын ақыл табады», «Алтын басты әйелден бақа басты еркек артық», «Байтал шауып бәйге алмас» т.б. [8, 14б.].

Қазақ әдебиетінде, ақын-жазушылардың шығармашылығында, халықтың нақыл сөздерінде де қоғамдағы әйел мен еркектің өзіндік орындарын айқындайтын мысалдар жетіп, артылады. Бұны басқа халықтардың тіліндегі құрылымдармен салыстыра отырып, әйелдер мен еркектердің тұрмыстағы орны мен ұлттық сана, салт-дәстүр т.б. негізінде қалыптасқан мақал-мәтелдерді төмендегідей топтастырамыз:

1. **Әйел мен еркектің мінез-құлқын байқататын мақал-мәтелдер.** «Долы қатын еріне бар бәлені төндіреп, бар үмігін сөндіреп, айтқанына көндіреп», «Қатынға жолама, қарасы жұғады», «Қатын ашуланса, қазан қайнатар», «Қатын көп болса, шөмішті ит жалар», «Бір қатынның қырсығы қырық есекке жүк болады», «Еркек дауысты әйелде ұят болмас, әйел дауысты еркекте қуат болмас» деген мақалдарда қазақ әйелдерінің соншалықты жаман қасиетті еместігін, керісінше тыйым ретінде айтылып тұрғанын түсінеміз.

Барлық әйел затына тән жағымсыз стереотип – «сөзуарлық». Мысалы, «Бәдік әйел жаудан қиын, аузында болмас тыйым»; бурят тілінде – «Эхэнэрэй сэдхэл хөөбэри шэнги зөөлэн, эрэ хүнэй сэдхэл шулуу шэнги хатуу» (Әйелдің жүрегі жұмсақ, қақ сияқты, еркектің жүрегі қатты тас сияқты); немістерде – «Bei den Weibern ist des Schwatzens hohe Schule» (Әйелдер көп сөзділіктің жоғары мектебі), «Weiber findet man nie ohne Rede» (Әйелдің ешқашан аузын жаба алмайсың), «Kein Kleid, das einer Frau besser steht als Schweigen» (Әйелге үндемегенінен артқы ешқандай киім жараспайды). «Zorn ist ein Mann, Sanftmut ist eine Frau (Ашу – еркек, жуас – әйел). «Eine Frau und ein Gewitter sind immer zu fürchten» (Ауа райы мен әйелден әрқашан қорқасың). «Ein böser Mann ist ein Teufel, eine böse Frau - eine Hölle» (Ашулы еркек шайтан сияқты, ашулы әйел тозақ сияқты). Неміс тілінің фразеологизмдерін зерттеушілер әйел затының сөзуарлығының мақал-мәтелдерден анық байқалатындығын айтады [9, 74 б.].

2. **Салт-сана, ұлттық дәстүр мен құндылықтарға байланысты қазақ тілінде:** «Жаулық кигеннің бәрі әйел емес, бөрік кигеннің бәрі батыр емес», «Кәрі қыз қартайғанын сезбейді», «Қойшының қызы қой келгенде іс қылар», «Сүйемді қарыс қылатын да әйел, жақынды алыс қылатын да әйел», «Қайыненесі ас ішпес, қабағын түйген келіннен», «Келіні жақсы үйдің керегесі алтын», «Төркіні жақын қатынның төсегі жиылмас», «Әйелі жоқ үй жетім». «Жақсы қыз көшеден шықпайды, жақсы шешеден шығады».

Неміс тілінде: Eine gute Frau macht aus einem Achtziger einer Vierziger. – «Жақсы әйел сексен жастағыны қырық жастағыдай қылады». Eine gute Frau ist des goldes Wert. – «Жақсы әйел алтынның салмағынан да қымбат».

Ұйғыр тілінде: «Мән қизимға дәй, келиним тиңшисун» – Қызым саған айтамын, келінім сен тыңда», «Келин туган йәрдә қизимға ним ба (келін тұрғанда қыздар несіне араласады); Үй ичигә қарап, үй егисини бил – узнай хозяйку по ее дому; хотун хәк муһәббәтни кириқ жил көңлидә сақлайду – Әйел адалдығын қырық жыл жүрегінде сақтайды [10].

3. **Еңбектің гендерлік дифференциясының ерекшелігін анықтайтын стереотиптер:** «Әйел билеген ел болмайды», «Сиыр пұл болды, әйел би болды», «Байтал жүйрік паркы жоқ, әйел шешен нарқы жоқ», «Әйел көп болса іс бітпейді, түйе көп болса, жүк сыймайды», «Ердің асылы күшінен

білінеді, Қатынның асылы ісінен білінеді», «Еріншек әйел опа жағады, ерінбес әйел еңбек табады» т.б.

Буряттарда «Эрэ хүн олзын хойноһоо ябадаг, эхэнэр хүн гээшэ гэртээ эзэн болоод һуудаг». Мұның тура аудармасы – «Еркек байлық табуы тиіс, әйел үй шаруасында болуы керек».

Бурят тілінде: «Эхэнэр хүнэй эльгэ нимгэн уян, инаг дурань эмһээ үлүү домтойхон. Эхэнэр хүнэй гарань зөөлэн, уранхан, шанаһан эдеэнь шанар һайнтай, амтатайхан (Әйелдің жүрегі жұмсақ, махабаттары дәріден де жақсы. Әйелдердің қолдары жұмсақ, шебер, олардың пісіргендері дәмді).

Неміс халқында «Eine Frauenhand findet immer zu tun» (Әйел қолдары немен айналысуды әрқашан да таба алады).

**4. Еркек пен әйелдің арасындағы кәсіби және отбасылық рөлдерінің бөлінуін сипаттайтын стереотиптер:** «Келінді күте алмаған күң қылады, жібекті түте алмаған, жүн қылады», «Жаман ит үруін қоймайды, жаман әйел жүруін қоймайды», «Қатынға қадірің кетпесін, кем сөйле», «Күнде өзгерген жігітке күдікпенен қарайды, күнде өзгерген әйелді шыбықпенен сабайды», «Жаман аттан жайдағым, жаман қатыннан бойдағым», «Алғаның жаман болса, көңілің жарым», «*Олақ қатын оймақшыл, Салақ қатын сауықшыл*».

Бурят тілінде: «Һаншагта хүн болобол хайша шүбгэ хуряаха, һаадагта хүн болобол һаадаг номоо манаха». Аудармасы – «Әйел қайшы мен біз жинайды, еркектер садақ пен жебені жақсы жасайды.

Неміс тілінде Wo Weiber führen Regiment, da nimmt's selten ein gutes End. – «Егер әйел үйде бас болса, жақсылық күтпе». Оған қарама-қарсы тағы бір мысал: «In Häusern, wo die Bildung herrscht und Sitte da gehen Frauen zuerst, die Männer folgen ihrem Schritte» – «Білім мен жақсы пейіл патшалық құрған үйде – әйел алдында жүреді де, еркек соңынан ілеседі». Mann und Weib sind ein Leib. Аудармасы – ерлі-зайыптылар бір дене. Орыс тілінде: Муж да жена — одна душа. Муж да жена – одна сатана. У мужа и жены мысли одни.

**5. Тіл мен санадағы гендерлік стереотиптерге мысал:** «Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа», орыс тілінде – «У бабы волос долог, а ум короток». Неміс тілінде – «Die Weiber haben langes Haar und kurzen Sinn».

Неміс тілінде: «Mann ohne Weib, Haupt ohne Leib» – «Әйелсіз еркек, бассыз дене сияқты». Орыс тілінде: Мужик без жены, что гусь без воды. Мужик без бабы пуце малых деток сирота. Қазақта «Әйел мойын еркек бас» деген бар. Башқұртша – «Ир – баш, катын – муйын». «Еркек отбасының қорғаны» «Үйінді жайнататын да әйел, сорынды қайнататын да әйел», «Еркектің еріншегі, әйелдің көңілшегі жаман», «Асыл әйел әрі еркек, әрі қатын», «Ақылды әйелдің ішінде алтын бесікті ұл жатар», «Ердің атын я аты шығарады, я қатыны шығарады» т.б. Неміс тілінде: «Eine kluge Frau macht den Mann vernunftig» – «Ақылды әйел еркекті есті етер».

Бурят тілінде: Хүнэй һамган – алтан гургалдай, Өөрын һамган – алаг шаазгай. Аудармасы – Біреудің әйелі бұлбұл сияқты, Өз әйелің қарға сияқты. Хүнэй хубсаһан - хубсаһан бэшэ, хүнэй эхэнэр - эхэнэр бэшэ. Аудармасы – Біреудің киімі киім емес, біреудің әйелі әйелің емес. «Эрэ хүн гэртэ түрэхэ, хээрэ үхэхэ». – «Еркек үйде туылады, далада өледі».

Тіл мен санадағы стереотиптер барлық ұлттарда әйел – әлсіз, еркек – күшті, бірінсіз бірі өмір сүрмейтін, еркекте де, әйелде де жақсылы-жаманды мінез бен болмыстың болатындығын көрсетеді.

**6. Ер мен әйелдің қоғамдағы орнын, өзіндік әлеуметтік ерекшелігін, өмірлік құндылықтарын айқындайтын,** өмірдің алуан түрлі саласын қамтитын мақал-мәтелдер қазақ тілінде жетіп артылады. Мысалы, «Жол мұраты – жету, қыз мұраты – кету», «Қызға қырық үйден тыйым», «Кетем деген қыз көкем десең де үйде тұрмайды» дегенде қыз баланың «жат жұрттық» екендігін, оның қазақы салт-санамен тәрбиеленіп, барлық туыс-ағайындарының қарауында болатындығын көрсетеді. Немістерде «Jeder Topf findet seinen Deckel» (Әрбір қыз өз күйеу жігітін табады).

«Кәріс және орыс отбасыларында қызды төменсітетіні байқалды. Қыз үйде бөтен, артық «ауыз» болып саналады. Сондықтан ата-ананың негізгі мақсаты қызын мүмкіндігінше тезірек ұзату болып табылады: «Тарын намый часигида» (Қыз – біреудің баласы). «Тари сесимйон муныль йорб нокхо чанда» (Үйінде үш қыз болса, есігін ашып ұйықтайды). Орыс тілінде: Одна с хлеба долой. Дочку в колыбельку – приданное в коробейку [11, 12 б.]. Қазақ халқының танымында қызды «қонақ» деп сыйлап, төрінен орын берген. Алайда кәрі қыз болудың жаман екендігін ескертіп, ана болып, өмірден өз орнын табуын тілеп, «Кәрі бойдақ міншіл, кәрі қыз күншіл» дейді де, «Тесік моншақ жерде жатпас» немесе «Отырған қыз орнын табар» деп тағы «күдерін үзбейді». Бурят тілінде:

«Басаган үриин гар зөөлэн, бадма сэсэгэй намаа зөөлэн» (Қызымыздың қолы нәзік, лотостын жапырағы жұмсақ). Буряттардың қызды гүлге теңеп, аялайтынын осы мақалдан көреміз.

Қазақ ғылымында жынысқа қатысты психологиялық және сөйлеу ерекшеліктері толық зерттелмеген мәселе. Журнал беттеріндегі кейбір мақалалардан қазақ ерлерінің психикасына қарапайым тілмен берілген кейбір сипаттамаларды кездестіруге болады. «Қазақ ерлері тұрмысынан батыл, еркіндікке құштар. Олар досқа адал, қонақжай, жатқа да, сыйластығы мол. Өте әсершіл, жағдайдың ауысуына қарай көңіл-күйлері тез өзгереді. Бірақ олар ер көңілді, қиын сәттің өзінде де әзілге сылтау таба біледі. Шектен тыс балажан, әкелік сезімдері жоғары. Олардың кейбіреулері мақтаншыл, өркөкірек. Олар тойшыл, мейрамшыл, жалқаулыққа біртабан жақын, дегенмен, қажет кезінде қандай істе болмасын өздерін лайықты деңгейде көрсете біледі. Бұл қасиеттер дәстүр мен тәрбиенің ортақ нәтижесі» [8, 5 б.].

Қазақ мақал-мәтелдерінде ер адамдарға байланысты негізінен ер жүректік немесе қорқақтық, жалқаулық немесе өнерге қатыстырылып айтылады. Мысалы, «Ердің ері – егеудің сынығы», «Ер өтірік айтпайды, ел өтірік айтады», «Бәйбішеге малын берер, тоқалға жанын берер», «Еркек сергек ұйықтаса, ырыс бітеді, әйел сергек ұйықтаса, жұмыс бітеді», «Өкпеден тиген жел жаман, елінен безген ер жаман», «Ел шетіне жау келсе, арыстандай айбарлы батырлардың бары игі», «Елдің көркі елімен, жердің көркі шөбімен», «Ел барда ер қор болмас, ер барда ел қор болмас», «Жақсы жігіт жер шолып, ақыр түбі айнарлар», «Бөрік кигеннің бәрі батыр емес», «Келісті кеңес ерде бар, қымбат қазына жерде бар», «Ел ерге қарайды, ер жерге қарайды», «Арғымақтың құйрығы әрі жібек, әрі қыл, ер жігіттің белгісі түзде мырза, үйде құл», «Көптен көсем шықпай ма, қадірлей білер ер болса, жүзден жүйрік шықпай ма, бабын табар ер болса», «Алтын басты әйелден бақыр басты ер артық», «Ер айнап, айтса, қайтпас», «Ер азығы мен бөрі азығы жолда», «Ер жігіттің басына не келіп, не кетпейді», «Ер жігіттің алдында ашылар есігі болсын, әйелдің алдында тербетілер бесігі болсын», «Ерке болу оңай, еркек болу қиын», «Бүркіт қартайса тышқаншыл болады, ер қартайса өкпешіл болады», «Уәде ердің опасы», «Азынаған айғырды үйірде көр, жарқыраған жігітті үйінде көр», «Ер жігіттің мойнында қыл арқан шірімес», «Ел ебелек емес, ер кебенек емес», «Ерінен айрылған ел қаралы, отынан айрылған жер қаралы», «Ер басын күн туса, етігімен су кешер», «Арғымақтың белгісі аз оттар да көп жортар, ер жігіттің белгісі аз сөйлер де көп тыңдар», Неміс тілінде «Ein Mann, ein Wort» – «Еркек – сөзінде тұратын адам». Неміс тілінде: *Vauein sagen auch Wahr* – «Еркектер де шындықты айтады». Корейлерде де еркектің сөзі жағымды стереотипке ие: *«Намджаяй марын чхон нён кадо пёнхаджи аннында»* (Еркектің сөзі мың жылда да өзгермейді). Керісінше корей әйелдері сөзуар, сыр сақтай алмайтын, жалқау, шаруашылықты жүргізе алмайтын, ұрысқақ, ысырапшыл келеді екен: *«Йбхённе хвальсохамён пёрё тырёдо сиреу муль путкира»* (Егер әйелің ысырапшыл болса, табыстың артынан жүгіру сираға су құйғанмен бірдей). *«Пуиндольгва мосахамён нусольтвенда»* (Егер әйеліңе құпияңмен бөліссең, ол бәріне белгілі болады) [11, 12 б.].

«Ер шекіспей, бекіспес», «Егесіп өткен ер жаман», «Еркек тоқты құрбандық», «Еркек үйдің – құлшы, әйел – үйдің кілті», «Иттің сырттанын бөрі біледі, жігіттің сырттанын сырттағы елі біледі», «Тәлім берер ердің ісінде тәртіп болады, ақылы артық болады», «Ерден кетсе де, елден кетпейді», «Ер баспаймын жеген жерін үш басар». Бұл мақалдардан ер адамға тән көп сөйлемейтіндігі, отбасының тірегі, елі мен жерінің қорғаны т.б. сияқты стереотиптер анық берілген.

Қырғыз тілінде де ер-азаматты сыйлау, оның ерлігін, батырлығын мадақтайтынынын мына мақалдардан көруге болады: «Алп көңүлүн калтырба, ат аркасын жоорутпа»; – «Батырдың көңілін қалдырма, аттың арқасын жауыр қылма». «Жерін сүйбөс эл болбойт, элин сүйбөс эр болбойт» – «Жерін сүймес ел болмайды, елин сүймес, ер болмайды» [12, 98 б.]. Г.А. Абылкасымова қырғыз халқында «ер-азаматтық, батырлық» «мәдени императив жүйесінде ата-бабаларының көп ғасырлар бойы табиғи-климаттық, тарихи жағдайда және соған байланысты өмір сүру салтына қарай қалыптасқан. Таулы аймақта малшылықпен айналысқан адам дененің күшіне ғана емес, қажымас қайратқа, өткір ойға ие болып, қиын сәттерде жауапкершілікті өзіне алып және тиімді шешім қабылдай білген. Ақырындап ер-азаматтық, батырлық сияқты қасиеттер қырғыз менталитетін көрсететін, біздің қоғамның әлеуметтік-саяси және рухани дамуында ұлтжандылықтың басты негізі болды, – дейді [12, 99 б.]. Қазақ пен қырғыздың мақал-мәтелдерінің және ондағы стереотиптердің айна қатесіз қайталанатындығы туыстығынан емес, географиялық факт көбірек рөл ойнаған. Оған дәлел – түркі тілдес басқа ұлттар тілінде көп ұқсастық жоқ. Мысалы, өзбек, түркімен, әзірбайжан, қарақалпақ тілдері қазақтардан да басқа түркі тілдес халықтармен және парсы халықтарымен ассимиляцияға түсті. Қырғызстан төрт мемлекетпен шекаралас (Қытай, Қазақстан, Өзбекстан,



Тәжікстан). Туыстығы жағынан қырғыздарға ең жақын халықтар – Сібірдегі түркі тілдес халықтар (бурят, якут). Соған карамастан, қырғыздардың қазіргі тілдік қолданысы қазақ тіліне өте жақын.

Бурят тілінде «Һайн эрэ ябаһан үзэһэнөө, муу эрэ эдиһэн ууһанаа хөөрэдэг». Аудармасы – «Жақсы еркек көргенін айтады, жаман еркек ішіп-жегенін айтады». Қазақта осы мақалдың мазмұнына ұқсас «Батыр мақтанса, жауға шапқанын айтар. Қу мақтанса, алдап қаққанын айтар» немесе «Ақымақ ішкен-жегенін айтады, ақылды көргенін айтады» деген бар.

Көп тілдерде еркек пен әйелдің қулығын шайтанға теңейтін стереотип бар. Қазақта «Пірсіздің пірі шайтан, әйелдің пірі күйеуі» деген мақал бар. Бірақ әйелді де, еркекті де шайтанға теңемейді. Тек ислам дінінің қағидалары бойынша әйел мен еркекті азғырушы – шайтан деп есептеледі. Ал неміс тіліндегі мақалдарда шайтанға теңейтін «қулық» стереотипі басқаша. Мысалы: «Die Frau weiss eine Kunst mehr als der Teufel» – «Әйел өнерді шайтаннан да көбірек түсінеді». Wo der Teufel nicht hinwagt, schickt er ein altes Weib – «Шайтан үлгермеген жерге кәрі әйелді жібереді». Weiberlist geht über alle List – «Әйелдің қулығы барлық қулықтан да жоғары». Die Frauen sind die schlauen – «Әйелдер – нағыз қулар». Der Bauer ist ein Lauger – «Еркек шошқа сияқты ақымақ, шайтан сияқты қу». Орыс тілінде де әйелдің қулығын шайтанға теңейді: «Баба да бес – один у них вес». «Где сатана не сможет, туда бабу пошлет». А.С.Кимнің зерттеуі бойынша кәрістер мен орыста әйелді түлкі мен жыланға теңейді. Тек бір ғана айырмашылығы: кәріс халқының әлемді тану бейнесінде бұл көбіне кәрі әйелдерге айтылады: «*Йёджанын нильгымён токсага твенда*» - «*Әйел қартайғанда улы жыланға айналады*» [11, 12 б.].

Зерттеу жұмысымыздан байқағанымыз: барлық тілдердегі әйел мен еркектің сипатын ашатын мақал-мәтелдердің мән-мазмұны ұқсас болып келді. Бұның мәні әйел мен еркектің жаратылысында екі түрлі екендігі және тілдердің барлығының тарихында ортақ бір байланыстың бар екендігін де көрсетеді. Ол байланыс тілдердің таралу аймағы мен ұзақ жылдарғы ұлттаралық қатынастардың нәтижесі болып табылады. Мақал-мәтелдердің астарында ұлттардың танымдық пайымдары мен көзқарастары, халықтың даналығы жатыр. Сонымен қатар мақал-мәтелдердегі стереотиптер ұлттың психологиясына, менталитетіне, тұрғылықты жеріне қарап қалыптасады және өзгереді. Оған географиялық, діни, психологиялық және тарихи факторлар көп әсер етеді.

Гендерлік ассиметрияның мақал-мәтелдердегі көрінісін талдау, оның ішінде тілдердің таралу аймағын ескере отырып қарастыру тым ауқымды жұмыс болмақ. Бір мақаланың көлеміне сыймайтын мәселені салыстыра, салғастыра зерттеу – бүгінгі күннің еншісінде.

1 [http://www.psychologov.net/view\\_post.php?id=1176](http://www.psychologov.net/view_post.php?id=1176).

2 Қосымова Г. Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері: Шумерология және түркі (қазақ) таным мәселелері. – Алматы, 2012. – 240 б.

3 Ефремов В. А. О гендерной асимметрии в наименовании лиц женского пола // Рус. яз. в шк. – 2009. – № 1. – С. 75-81.

4 Гомон Т. В. Исследование документов с деформированной внутренней структурой. Дисс. ... канд. юрид. наук. М., 1990. – С. 96.

5 Кирилина А.В. Развитие гендерных исследований в лингвистике // Филологические науки. – 1998. № 2. – С. 51-52.

6 Бергхольц Л. Горные башкиры-катайцы // Этнографическое обозрение. – 1893. №3. – С.80.

7 Баязитова Р.Р. Традиционный семейный этикет башкир: монография/ отв. ред. М.В. Мурзабулатов – Уфа: Изд-во БГПУ, 2010. – 176 с.

8 Байғұтова А. М. «Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты 10.02.02 - қазақ тілі. Филол. ғылымд. канд. дисс. ...авторефераты. Алматы, 2008. – 35 б.

9 Межсакова И.В. Сравнительный анализ гендерных стереотипов в русском и немецком языках. Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Филология», №4 (42), 2012 г.

10 Турдиева Д.А. Гендерные отношения во фразеологических системах французского и уйгурского языков. 10.02.20- сравнительно-историческое, типологическое и сопоставительное языкознание. Автореферат дисс. на соискание ученой степени канд. филол. наук. Алматы, 2010. – С. 29.

11 Ким А.С. Гендерные стереотипы в поговорках корейского и русского языков. 10.02.20 - сравнительно-историческое, типологическое и сопоставительное языкознание. Автореф. дисс. на соискание ученой степени канд. филол. наук. Алматы, 2010. – С. 30.

12 Абылкасымова Г.А. Духовно-нравственный потенциал пословиц и поговорок кыргызского народа. Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Филология», №1(47), 2014 г.



### Резюме

**Ибраимова Л.Ә.** – к.ф.н., старший преподаватель кафедры Теории языка и методики преподавания КазГосЖенПУ, [lira.ibraymova@mail.ru](mailto:lira.ibraymova@mail.ru)

**Елемесова А.Б.** – магистрантка 2 курса по специальности 6M012100, КазГосЖенПУ

#### **Ареальная и когнитивная характеристика гендерного стереотипа в пословицах и поговорках**

В статье рассматривается сравнительно-сопоставительная сторона исследования гендерной лингвистики. Когнитивная и ареальная характеристика общечеловеческого языка и их своеобразность выражаются в пословицах и поговорках с помощью гендерных стереотипов. Пословицы и поговорки группируются следующим образом: разделяющий характер мужчин и женщин; связанные с народными традициями и ценностями; стереотипы определяющие разницы гендерной дифференции труда, стереотипы описывающие разницы профессиональной и семейной роли между мужчиной и женщиной; гендерные стереотипы языка и сознания; место мужчины и женщины в обществе, их социальные отличия и жизненные ценности. К каждому из этих групп приведены примеры казахских, русских, немецких, французских, башкирских, бурятских, уйгурских, корейских языков. Рассматривая приведенные примеры было выявлено, что в мировом языке есть общие стереотипы касательные языка мужчин и женщин. Так же была замечена связь их сходств с ареальной ситуацией. Является масштабной работой гендерная асимметрия в пословицах и поговорках, а так же их рассмотрение ареального распространения языков. Не смотря на это, следуя когнитивной харектеристике языков этноса, были проведены анализы и выявлены общие стереотипы пословиц и поговорок.

**Ключевое слова:** гендер, язык мужчины и женщины, пословицы и поговорки, стереотип.

### Summary

**Ibraymova L.A.** – c.ph.sc., senior teacher of department language theory and methodological teaching Kazakh state teacher training university, [lira.ibraymova@mail.ru](mailto:lira.ibraymova@mail.ru)

**Yelemesova. A.B.**- master of 2 course by specialty 6M012100. Kazakh state teacher training university,

#### **Area and cognitive characteristic of gender stereotype in citation**

This article according to the comparing and contrasting problems of gender linguistic. Showing with gender stereotype, are characterizing citation in linguistic of whole human language. The citation is connecting with woman's characterizing. Men's. and professional connecting between woman and man, the differences of gender working and family's differentiate, the role of human in society, values of living has characterized it. All of it. For example Kazakh, French, Bashkir, buryat, uigur, Korean, language. Analyzing this examples, worlds languages gender languages has the whole languages. However, they similarities depends on area. Analyze of citation asymmetrical included area of language and noting. However, besides it national languages according to cognitive citation had common analyzed stereotype.

**Key words:** gender, woman and man language, citation, stereotype.

ӘОЖ 419.992 71:398.9

## **ГЕНДЕРЛІК ЛИНГВИСТИКАНЫҢ ПАРЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ДҮНИЕ БЕЙНЕСІНДЕГІ МИКРОФРЕЙМДІК ҚАТЫНАСТАРЫ**

**Исаева Ж. И. -**

*Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің доценті, филология ғылымдарының кандидаты*

*Түркістан, Қазақстан; e-mail: jazirhon79@mail.ru*

**Аннотация** Бұл мақалада гендерлік лингвистиканың паремиологиялық дүние бейнесіндегі микрофреймдік қатынастары қарастырылып, адам санасындағы танымдық және мәдени деректерді жинақтап, реттеп отыратын фреймдер ірі-ірі концептер («Заман», «Салт-дәстүр», «Ел-жер», «Еркек», «Әйел» т.б.) аралық байланыстарды тұйықтап, концептуальдық жүйені (ұғым-түсініктер жиынтығы) тілдік жүйемен (мән-мағыналар жиынтығы) жалғастырады. Фреймдер іштей микрофреймдік құрылымдарға жіктеле келіп, адам санасы мен жадыда сақталған білім қорының концептуальдық элементтерін тіл бірліктерінің семантикалық-ассоциативтік өрісіне жинақтайды. Сондықтан да «еркек-әйел» бинарлық оппозициясына қатысты сан алуан микрофреймдік құрылымдардың өзара сатылай және тізбектеле байланысуының нәтижесінде «паремиологиядағы адам» «мәдениеттегі адаммен» үнемі салғастырылып отырады, яғни тілдік қолданыста паремиялардың түсінікті болуы оның жалпы мағынасына ғана емес, паремия құрамындағы әр компоненттің микрофреймдік құрылымына да тәуелді болады.

**Кілт сөздер:** паремиялар, фразеологизмдер, нақыл сөздер, образдық-фондық негіз, мақал-мәтелдер, тілдік және тілдік емес кодтар, этнолингвистика, паремиология, когнитивті лингвистика, архетиптер мен символдар т.б.

XXғ. 10 жылдығынан бастап тіл білімінде мәдениеттанымдық және гендерлік бағыттағы зерттеулердің айрықша молаюын ғасыр тоғысындағы өзгерістермен, атап айтқанда гуманитарлық ғылымдар парадигмасының ауысуымен түсіндіруге болады. Тілдегі адам факторының рөлін айқындауды ғылыми зерттеулер парадигмасының басты нысанасына айналдырған жаңа ғасыр лингвистикасы тіл және жеке тұлға, тілдің қоғамдық қызметі мен этностық тұтастық, адам мен қоғам арасындағы қатыстылықтың тілдегі көрінісі, мәдениет және тіл, мәдениеттегі тілдік тұлға т.б. келелі мәселелерді күн тәртібіне қойып, зерттеудің ғылыми принциптерін қайта қарауды талап етуде.

Лингвистикалық зерттеулерде әлеуметтік-мәдени конструктивизм теориясы -ның дамуы адамның жас мөлшері, жынысы, әлеуметтік статусы т.б. субъектіге, тілдік тұлғаға, жеке адам өміріне қатысты категорияларды зерттеудің ғылыми және әдістемелік ұстанымдарын жаңаша қарастыру, зерттеудің жаңа терминологиялық аппаратын түзу, басқа ғылым салаларында қолданылып келе жатқан терминдерге жаңаша мән үстемелеу қажеттігін тудырды. Бұрындары адамдардың жыныстық ерекшеліктерінің қоғам құрушылық, шарттылық, институттық, салт-дәстүрлік сипатын көрсету үшін қолданып келген гендер терминінің лингвистикалық ғылыми айналымға ену себебін осы жағдаймен түсіндіруге болады.

Гендер (ағылшын тіліндегі «gender» сөзі «жыныс» деп аударылады, дәлірек айтсақ – тұқым, түр) — жыныстық ерекшеліктердің тілде және коммуникацияда көрініс беруінің лингвистикалық тетігін зерттеуге байланысты тұрақтана бастаған лингвистикалық жаңа терминдердің бірі. “Гендер” термині гендерлік зерттеулер пәнаралық бағыттағы статусты алғаннан кейін ғана тіл біліміне жаңа мағынада ғылыми термин ретінде енді. Жаңа терминнің пайда болуына дейінгі жыныс түсінігі семасиологиялық зерттеулерде назардан тыс қалған жоқ. Себебі жыныс семантикасы көптеген лексикалық единицалар мағыналарының құрамына (ер, әйел, ана, әке т.б.) кіреді [1, 38-45 бб.].

Жыныс – биологиялық түсінік болатын болса, гендер – жыныстар арасындағы әлеуметтік - мәдени өмір сүру белгісі, яғни «гендер» термині жыныстар арасындағы ерекшеліктердің табиғи емес, әлеуметтік-мәдени жағын білдіреді. Жыныс – «әйел»және «ер» түсінігінің табиғи белгілерін, биологиялық мәнін берсе, қоғам мен мәдениет өзгертіп отырған мәдени-әлеуметтік белгілерді – гендерлік ерекшеліктер анықтайды. Гендерология – мәдениеттің әйелдік және ерлік құрылымы жайындағы ғылым болып табылады [2, 146-б.].

Гендерлік лингвистика өкілі А.В.Кирилина гендер терминінің орыс лингвистикасында қолданылуы жайлы кең түсінік бере отырып, «гендер» және «жыныс» терминдерінің белгілерін ажыратуға тырысады. Ол: «Гендер» термині тіл феноменінің адаммен, мәдениетпен, қоғаммен, тілдік тұлғамен қатысын зерттеуде кең ауқымдылық танытатын болса, «жыныс» тіл феноменінің тек единицасы ретінде қарастырылады. Тілдік единицалардың мағыналық құрамына енетін «жыныс» компонентін гендермен, әсіресе, лексикалық мағына компоненті тұрғысынан ауыстыруға болмайды» дейді [1, 38-45 бб.].

Гендер мәдениеттің нәтижесі ретінде халықтың салт-дәстүр, әдет-ғұрпында, фольклорлық туындыларында, тілінде бекіген әйелдік нәзіктік пен еркектік жүректілік туралы түсініктерін бейнелейді. Ал гендерлік стереотиптер, яғни әйел затына, ер адамға тән қасиеттер мен өзіндік ерекшеліктер туралы жеңілдетілген, оңайлатылған немесе ұлғайтылған түсініктер этногенетикалық қауымдастықтың ұжымдық санасында қайтсе де болады.

Гендер мәселесі тіл білімінде мынадай екі проблемаға қатысты зерттеледі [3, 19-б.]:

1. Тіл және онда адамның жыныстық бөлінісінің бейнеленуі. Мұнда адамдардың жынысына қарай бөлінісінің тілде манифестациялануын түсіндіру және сипаттау, сондай-ақ ерлер мен әйелдерге тән қасиеттер мен олардың әрқайсысының іс-әрекетіне берілген баға және оның семантикалық көрінісін айқындау мақсаты көзделеді;

2. Ерлер мен әйелдерге тән стратегия және тактика, гендерлік сипаттағы лексикон, коммуникацияда белгілі бір жетістікке жетудің амал-тәсілдерін, лексика, синтаксистік конструкциялар т.б. тілдік единицаларды таңдаудағы жыныстық айырмашылық айрықша көрініс беретін ерлер мен әйелдердің сөйлесім әрекеті, тілдік қатынасы.

Дүние суретінде кескінделетін «Тіл: Адам: Қоғам» үштігі аралық қатыстылықтың тілдік және әлеуметтік-мәдени негізін айқындауда «жыныс» категориясына көңіл аударудың маңызы зор. Өйткені адамдардың жыныстық ерекшелігі олардың қоғамдағы атқаратын рөлімен тығыз байланысып келіп, әлеуметтік-мәдени іс-әрекетінің нәтижесіне қайтседе ықпал етеді. Демек дүние

суретінің терең қатпары саналатын дүниенің тілдік бейнесінде «жыныс» категориясы тілдегі «Әйел-Еркек» семантикалық оппозициясының лингвогендерлік және лингвомәдениеттанымдық негізі тұрғысынан сипатталады

Қазақ паремиологиясында «Әйел» және «Еркек» концептерінің тілдік сипаттамасы «ұл-қыз», «әке»-«шеше», «ана»-«ата», «қыз»-«жігіт», «қалыңдық» - «күйеу жігіт», «келін»-«күйеу», «келіншек» - «ер азамат», «қатын» - «бай» т.б. әлеуметтік-статустық рөлдердің өзара байланысын бейнелейтін әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-салт-дәстүрлік, әлеуметтік-психологиялық мазмұндағы көпдеңгейлі микрофреймдік тармақтар тұтастығына негізделеді. Еркек бейнесін этникалық санада қалыптасқан «еркектік белгілермен», ал әйел бейнесін «әйелдік белгілермен» кескіндейтін микрофреймдік тармақтар аралық байланыстың нәтижесінде ұлт мәдениеті «елегінен» өткізілген тілдегі «Адам» бейнесі сомдалады.

Тіл арқылы жүзеге асатын қалыпты жағдайлар мен оқиғалар туралы білімдер тізбегі ретінде фреймдер адамдардың қарым-қатынас нормаларын, қажет білімдер мен тәжірибелер қорын сұрыптауға көмектеседі. Фрейм - концептуальдық жүйенің құрылымдық элементтерін танытатын қарапайым форма. Оның басты ерекшелігі - концептінің ең жақын семаларынан құралып, ең жақын ассоциативтік, стереотиптік таңбалар арқылы көрініс табуында [4, 272-б.]. Мәселен, қыз, келін, келіншек, қатын, кемпір т.б. атаулар төңірегіне жинақталатын ассоциативтік, стереотиптік ұғым-түсініктер «Әйел» концептісінің ұғымдық-семантикалық өрісін белгілейтін болса, ұл, бозбала, жігіт, күйеу, азамат, шал т.б. атауларының лексикалық мағыналарының этнос санасындағы ер адам туралы концептуальдық жүйені құрайтын ұғым-түсініктермен ұштасуының арқасында «Еркек» концептісінің ассоциативтік-стереотиптік өрісі кеңейеді. Соның нәтижесінде ұлттық мәдениеттің өзіндік ерекшеліктері «Еркек» және «Әйел» концептілері аралық микрофреймдік қарым-қатынастардың фондық негізінде бекиді.

Дүниенің паремиологиялық бейнесінде «Ұл-қыз» микрофреймдік қатынас қыз тәрбиесіне ұл бала тәрбиесіне қарағанда өзгеше мән беретін ұлттық тәрбие жүйесіне, ұлттық таным мен мәдениетте қалыптасқан стереотиптік пайымдарға негізделеді. Қазақтың ұлттық мәдени өресі «ұл баланы – тілдік-әлеуметтік ұжым ортасында ата-баба дәстүрін жалғастырушы, әке орнын басушы шаңырақ иесі, болашақта ауыл-аймақ, ел-жұртты басқаратын басшы (отағасы, қолбасшы, ел басы т.б.) деп таниды. Ал қазақ қауымында қалыптасқан ұғым-түсінік бойынша: қыз бала – ер-азамат отын жағып, отауын тігу үшін, оның ұрпағын өсіріп, сол ұрпақтың бойына халықтың салт-дәстүрін дарыту үшін, яғни тәрбиеші болу үшін жаралған жан. Сондықтан да «ұл» микрофреймінде «еркек» әлеміне, ал «қыз» микрофреймінде «әйел» әлеміне тән тілдік-мәдени белгілер (символдық мән арқалаған атаулар) орын алады. Мәселен; «Ұл – адамның тұрағы, Қыз – адамның шырағы, Ит – адамның құлағы паремиясы құрамында кездесетін тұрақ - «адамның тіршіліне қолайлы орын, мекен, жер» дегенді білдіреді. Ол- «еркектік» әлемнің дүниесі, себебі оны ер адам таңдайды. Шырақ - «іс-әрекеттің аяқталуы мен нәтижелі болуы үшін қараңғыда жағылатын шам», оны жағатын әйел. Тұрақ иесі асыраған иттің негізгі қызметі - тұрақты сырттан келетін ит-құстан қоры. Қазақ қауымының ұл, қыз және иттің негізгі қызметтерін бағалаудың нәтижесінде тұрақ, шырақ, ит сөздері символдық мәнге ие болып, «ұл бала ата-ананың арқа сүйер, тірлігін жалғастырар тұрағы екенін, қыз бала ата-ананың қуанышы, өрісі, түтін түтеткен шырағы екенін, есік алдындағы ит сырттан келген бөтен адамды, қораны торыған ит-құсты хабарлап тұратын құлағы екенін» білдіретін «Ұл – адамның тұрағы, Қыз – адамның шырағы, Ит – адамның құлағы паремиясы құрамында «ұл» – «қыз» – «ит» фреймаралық қатынасты орнықтырады.

«Адам – Қоғам – Табиғат» ұштағандық тұтастықты құрайтын ірі-ірі концептер («Заман», «Салт-дәстүр», «Ел-жер», «Еркек», «Әйел» т.б.) аралық байланыстарды түзуде танымдық, әлеуметтік, мәдени т.б. сипаттағы сан алуан микрофреймдік құрылымдар бір – бірін анықтаушы, дәйектеуші қызмет атқарады. Мәселен, ұл мен қыздың ер жетіп, есею мерзімі паремиологиялық дүние бейнесінде «Он үшінде ұл – ұлан, Он алтыда қыз – ұлан деп белгіленеді. Он үшке толған ұлды, он алтыға толған қызды атқа қондырып, қалың қолдың қарасын көбейтуге мәжбүр еткен, жас ұл-қыздарының жауға олжа болып кетуінен сақтанған «жаугершілік заман талабы» («Заман» концептісінің микрофреймдік элементі) «Адам» концептісінің «ұл-қыз» микрофреймдік қатынастар жүйесінде ұл мен қыздың ержеткен, балиғатқа толған жасын он үш-он бес деп белгілеп қана қоймай, оны көнеден келе жатқан «далалық салт-дәстүр» концептісінің қыз айттыру, құдалық түсу, баланы әменгерлік жолымен үйлендіру т.б. микрофреймдік құрылымын құрайтын элементтермен бекітеді («Ұл - он үште отау иесі). «Аға өлсе – жеңге мұра, іні өлсе – келін мұра паремиясы құрамына енетін «аға-

жеңге» микрофреймдік құрылымы арқылы «Заман» – «Салт-дәстүр» – «Еркек» – «Әйел» концептілері аралық байланыстың паремиологиялық дүние бейнесіндегі қиысу нүктелерінің бірі «әменгерлік» микрофреймдік тармақ екенін байқауға болады.

«Еркек - Әйел» концептілері аралық байланысты сипаттайтын «ұл-қыз», «ата-ана», «жиен-немере», «әпке-жезде», «аға-жеңге», «қыз-күйеу», «күйеу – қайын» т.б. микрофреймдік тармақтардың қазақтың мифтік танымындағы «жат-жақын» бинарлық жұбымен ассоциативтік қарым-қатынасқа түсуінің нәтижесінде паремиологиялық дүние бейнесінде қазақ дәстүріндегі қандық, тектік, туысқандық жіктеменің суретті сипаттамасы жасалып, әр микрофреймдік тармақша ұлттық-мәдени сипаттағы кең ауқымды мазмұндық тұрпатқа ие болады. Мысалы: «Қыздың баласы – қырғыздың (өзгенің баласы) өз қып тұрған анасы, Ұлдың баласы – өзінің баласы, жат қып тұрған – анасы паремиясында «туыстық жақындықты жеті атадан қайыруға байланысты қалыптасқан қыздың баласын «жиен»деп өзгеге санау, ұлдың баласын - «ұрпақ жалғасы» деп өзіне санау дәстүрі көрініс табатын болса, бұл ой «Ұл өсіргенің – ұрпақ өсіргенің, Қыз өсіргенің – ұлт өсіргенің паремиясындағы « ұл болашақта өз орнындай басушы, ұрпақ жалғастырушы, қыз бала дүниеге ұрпақ әкеліп, ұлт өрісін кенейтуші» деген мағынамен ұласады. «Ұлдың ұяты – әкеге, Қыздың ұяты – шешеге паремиясында «ұл тәрбиесіне әке жауапты, қыз тәрбиесіне шеше жауапты» екенін ескертіп, осыған байланысты «ұлдың жақсы-жаман атағы әкесіне, қыздың жақсы-жаман атағы шешеге келерін» меңзеген ұлттық тәлімнің негізі көрініс беретін болса, ол ой одан әрі өрбіп, «жас жеткіншек тәрбиесінде оның өсетін ортасының да ықпал-әсері болатынын» кеңес ететін «Ұлың өссе, ұлы жақсылармен ауылдас бол, Қызың өссе, қызы жақсылармен ауылдас бол паремиясын қалыптастыруға негіз болады.

Қызы бен келіні арасындағы айырмашылықты терең бажайлаған ананың қызына айтқан болып, жаңа түскен келініне ащы шындықты жеткізуінің тәсілі «Қызым саған айтам, Келінім сен тыңда паремиясында бейнеленетін болса, қазақ шешенің балаға деген қамқорлығы, нақты жәрдемі, бере тәлім-тәрбиесі әкеге қарағанда мол болатынын «Орақ ұстап, әкең қалғанша, Оймақ ұстап, шешен қалсын деп білдіреді. Ал қайын жұрт пен күйеу арасындағы байланыстың тым жақын орнығуына шектеу қойған қазақ дәстүрі «Қайындағы күйеуден – қарғылаған тазы артық деп қыздың әкешесінің босағасына ер баланың кетуін қорлық санайды және ол ойын «Жаман күйеу – қайын сақ деп бекітеді; «Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз күйеу болмайды паремиясы қазақтың үйлену салт-дәстүрімен сабақтасып келіп, қыз алушы жігіттің қандай жағдайда үйленбесін қыз ұзату салтына байланысты жөн-жосынды, әдет-кәдені орындауға міндетті екенін ескертеді [5, 161-549 бб.].

Қорыта айтқанда, адам санасындағы танымдық және мәдени деректерді жинақтап, реттеп отыратын фреймдер ірі-ірі концептер («Заман», «Салт-дәстүр», «Ел-жер», «Еркек», «Әйел» т.б.) аралық байланыстарды тұйықтап, концептуальдық жүйені (ұғым-түсініктер жиынтығы) тілдік жүйемен (мән-мағыналар жиынтығы) жалғастырады. Фреймдер іштей микрофреймдік құрылымдарға жіктеле келіп, адам санасы мен жадыда сақталған білім қорының концептуальдық элементтерін тіл бірліктерінің семантикалық-ассоциативтік өрісіне жинақтайды. Сондықтан да «еркек-әйел» бинарлық оппозициясына қатысты сан алуан микрофреймдік құрылымдардың өзара сатылай және тізбектеле байланысуының нәтижесінде «паремиологиядағы адам» «мәдениеттегі адаммен» үнемі салғастырылып отырады, яғни тілдік қолданыста паремиялардың түсінікті болуы оның жалпы мағынасына ғана емес, паремия құрамындағы әр компоненттің микрофреймдік құрылымына да тәуелді болады.

1 Кирилина А.В. О применении понятия гендер в русскоязычном лингвистическом описании // Филологические науки. – М., 2000. – №3. – С. 38-45.

2 Мамаева Г.Б. Ерлер мен әйелдердің сөз қолданысындағы ерекшеліктер (гендерлік зерттеу): филол. ғыл. канд. ... дисс. : 10.02.02. – Алматы: әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ, 2003. -150 б.

3 Кирилина А.В. Гендер: лингвистические аспекты. -М., 1999. - С. 19.

4 Оразалиева Э.Н. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. - Алматы: Ан Арыс, 2007. -312 б.

5 Қайдар Ә.Т. Халық даналығы. – Алматы: Толағай, 2004. -560 б.

#### Резюме

**Исаева Ж.И.** к.ф.н., доцент Международного казахско-турецкого университета им.Х.А. Ясауи, г. Туркестан

#### **Микрофреймные отношения в паремиологической картине мира гендерной лингвистики**

В данной статье рассматривается вопрос о микрофреймных отношениях в общей картине мира с позиции гендерной лингвистики, а также вопросы, касающиеся функций фреймов и фреймовых единиц в процессе

обобщения в сознании человека познавательных и культурных фактов, которые выступают в качестве связующих звеньев между такими крупными концептами как «Время», «Традиции и обычаи», «Народ-земля», «Мужчина», «Женщина» и др., что позволяет проследить переход концептуальной системы познания (система понятий) в языковую систему (система смыслов). Фреймы, благодаря разделению внутри себя на микрофреймовые структурные компоненты, способны собирать и обобщать концептуальные элементы в семантико-ассоциативное поле языковых единиц. В связи с этим, в результате анализа огромного количества микрофреймовых компонентов бинарной оппозиции «мужчина-женщина» появляется возможность сравнительного анализа понятий «человек в паремиологии» и «человек в культуре», что делает зависимым семантики и значения паремиологических единиц не только от содержания, но и от микрофреймовых компонентов в составе пословиц и поговорок.

**Ключевые слова:** паремии, фразеологизмы, крылатые слова, образно-фоновая основа, языковые и неязыковые коды, пословицы и поговорки, этнолингвистика, когнитивная лингвистика, архетипы и символы и др.

### Summary

**Issayeva Zh.I.** Associate Professor of the International Kazakh-Turkish University after H.A. Yasawi, Turkestan, Kazakhstan

#### The microframe relations in a paremiological picture of the world of gender linguistics

**Abstract:** This article deals with the question of the microframe relations in an overall picture of the world from a position of gender linguistics, and also questions concerning functions of frames and frame units in the course of generalization in consciousness of the person of the informative and cultural facts which act as links between such large concepts as "Time", "Traditions and customs", "People earth", "Man", "Woman", etc. that allows to track transition of conceptual system of knowledge (system of concepts) to language system (system of meanings). Frames, thanks to division in themselves into microframe structural components, are capable to collect and generalize conceptual elements in a semantical-associative field of language units. In this regard, as a result of the analysis of a huge number of microframe components of binary opposition "female male" appears possibility of the comparative analysis of the concepts "the person in a paremiology" and "person in culture" that the paremiological units not only from the contents, but also from microframe components as a part of proverbs and sayings does dependent semantics and value.

**Key words:** paremias, phraseological units, catchwords, figurative and background basis, language and not language codes, proverbs and sayings, ethnolinguistics, cognitive linguistics, archetypes and symbols, etc.

УДК 811.111

### ПРАГМАТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КОММУНИКАТИВТІК АМАЛ-ТӘСІЛДЕРДІҢ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ СҰРАУЛЫ СӨЙЛЕМДЕРДЕ ҚОЛДАНУЫ

**С.Б. Кабдрғалинова** - ф.ғ.к., Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті  
*ksaniyabah@mail.ru*

Мақалада адамдар арасындағы қарым-қатынас тірі ағза ретінде, пәлсапа, әлеуметтану, психология, философия және лингвистикалық тұрғыдан қарастырылады. Лингвистикалық зерттеулер саласында қатысымдық-функционалды аспектілердің көкейтестілігінің ықпалы прагмалингвистика деген жаңа лингвистикалық ғылымның пайда болуына әсер етті. Прагмалингвистиканың зерттеу нысаны – адамзат әрекеті, адамдардың тікелей қарым-қатынасы болып табылады. грамматикалық, лексикалық көркемдік құралдардың дұрыс әрі мұқият үйлесуі нәтижесінде, мақсатына жетті деуге болады.

**Түйін сөздер:** адамдар арасындағы қарым-қатынас, прагмалингвистика, лексикалық бірлік, грамматикалық бірлік.

Біршама уақыт бұрын ғалымдар зерттеудің нақты әдіс-тәсілдерін қолданып, басты назарларын синтаксис саласына, синтаксистік тіркелім мәселелерінің зерттелуіне және жүйелі сөз элементтерінің мағынасы мен қарым-қатынас барысындағы қолданысына аударса, қазіргі таңда адамдар арасындағы қарым-қатынасты тірі ағза ретінде, пәлсапа, әлеуметтану, психология, философия және лингвистикалық тұрғыдан қарастырады.

Аталған үдеріс зерттеулердің адамзат факторларын тереңірек қарастыратындығымен тікелей байланысты. Лингвистикалық зерттеулер саласында қатысымдық-функционалды аспектілердің көкейтестілігінің ықпалы прагмалингвистика деген жаңа лингвистикалық ғылымның пайда болуына әсер етті. Прагмалингвистиканың зерттеу нысаны – адамзат әрекеті, адамдардың тікелей қарым-қатынасы болып табылады. Сондықтан ХХ ғ. екінші жартысындағы лингвистика ғылымының даму нәтижесінде, сөйлемнің қатысымдық-функционалды ерекшеліктеріне қызығушылық арта түсті.

Алдыңғы зерттеулерде сұраулы сөйлемдер сөйлем мүшелері үнемі бір рөл ғана атқаратын құрылымды-статикалық құбылыс ретінде қарастырылса, қазіргі таңда сөйлемді ең кіші қатысымдық бірлік, яғни сөйлеу жағдайларына байланысты өзгеріп отыратын динамикалық құбылыс ретінде қабылдайды. В.А. Белашапкина: «құрылымдық (статикалық) және қатысымдық (динамикалық) деген сөйлемге қатысты екі аспектіні ажырату қажеттігін көрсетеді. Сөйлем құрылымын қарастыру үшін сөйлемнің өзі де жеткілікті, сөйлем ауқымынан асып кетудің қажеті жоқ, бұл сөйлем құрылымының ерекшелігі. Бірақ сөйлем құрылымының шеңберінде ғана толық ақпарат алу мүмкін болмайтын да жайттардың болуы ықтимал. Бұл жағдайда мәнмәтінге жүгінуге тура келеді. Бұл сөйлемнің қатысымдық құрылымының ерекшелігі», - дейді [1, 8-9].

Сөйлемнің қатысымдық маңыздылығы басқа да ғалымдармен аталып өткен: «Сөйлеудің негізгі бірлігі ретінде сөйлем сөздердің, сөйлеушінің мазмұнға және тақырыптың шындыққа жанасуын көрсететін семантика-комбинаторлық біртұтастықты құрайды» [2, 30]. Ал сұраулы сөйлемдер болса, олар қатысымдық бірлік ретінде синтаксистің көпәспектті бірлігі болып қарастырылады.

Зерттеу барысында фактологиялық мәлімет ретінде көркем шығарманың түпнұсқасы мен аудармасын қарастыратын болсақ, салыстырылып отырған екі тілде сұраулы сөйлемдердің семантикасы сақталады. Соңғы кезде лингвистикалық зерттеулердің адам факторыне бет бұрғандығы – жеке қарым-қатынас ерекшеліктерінің зерттеле бастағандығының айғағы. Қарым-қатынас қатысымдық үдерісі барысында, қоршаған органы тану, түсіну үшін, сезім білдіру, араласу, өзара рухани бау әрі ақпарат алмасу үшін адамның сөйлеуі және сөйлеу әрекеті ерекше қасиетке ие.

Қазіргі лингвистикада зерттеудің негізгі бірлігі – мәтін. В.Г. Гактың пайымдауынша, қазіргі заман лингвистикасының бағдарына сай басты назар мәтін, сөйлеу актілеріне және оның жүзеге асырылуына аударылған [3, 17].

Тойн А. ван Дейк мәтін грамматикасы мәселелесін қарастыра отырып: «егер мәтіндер семантикалық тұрғыда баламалы болып саналса, олардың арасындағы айырмашылықты прагматика деңгейінде іздеу керек», - дейді [4, 260].

Белгілі бір қатысымдық мәнмәтінде кездесетін сөйлеу шағармаларын интерпретациялаудың теориясын құрастыру прагматиканың басты міндеттерінің бірі. Интерпретацияның нысаны айтылған сөздің прагматикалық мәні болып табылады [5, 356].

Тіл, қарым-қатынас құралы ретінде және көркем әдебиеттің функционалды ерекшелігінің бірі: ол сыртқы орта факторлардың әсеріне бейім келеді. Олар тек қоғам арасында пайда болып, өнеді әрі құндылығы да қоғам арасында белгіленеді. Тілдің анықтамасы оның негізі қызметі – қатысымдық қызметіне сүйенеді [6]. XX ғасыр прозасының ерекшелігінің бірі – көптеген стилистикалық құралдардың пайдалануының нәтижесінде әдеби мәтіннің қатысым түрі ретінде қалыптаса бастауы [5, 367]. Аталған мәселеге байланысты Э.Д. Сүлейменованың келесі пікірі бар: «Екі тілді қатысымдық (мәтіндік) баламалылық арқылы зерттеу салғастырмалы лингвистика ғылымының нысаны болып табылады және салғастырмалы стилистикамен де жанасады» [7, 35].

Сұраулы сөйлемдер қарым-қатынас барысында, қатысым негізінде қолданылады. Сұраулы сөйлемдердің негізгі қолданылу аясы – диалог. Ол көркем шығармада қолданылған ауызекі тіл, не ғылыми стиль, не екі не одан да көп коммуниканттардың қарым-қатынасы ретінде кеңінен қолданылады. Сонымен қатар, сұраулы сөйлемдер монолог сөз құрамында да кездеседі.

Егер диалог барысында кейіпкерлер коммуниканттар ретінде саналса, монологтағы мәтін прагматикасы толығымен оқырманға бағытталған, демек ол сыртқы бақылаушыдан қатысым қатысушысына айналады. Автор енді қажет лексикалық, синтаксистік тіл құралдары арқылы адресат-оқырманға барынша прагматикалық әсер беруге тырысады. Қатысым тақырыбы автордың ниеті мен мақсатына байланысты болып, прагматикалық бағытталған. Адресатқа дейін адресант-автордың әдейі ойластырған көркемдік түпкі ойы жетуі ерекше маңызға ие. «Мәтін – тыңдаушы мен оқырмандардың санасына әсер ету үшін әдейі құрастырылған машина», - деген сөздің жаны бар [8, 77].

Көркем мәтінде алуан түрлі прагматикалық бағытталған синтаксистік амал-тәсілдер қолданылады: қайталаулар, салыстырулар/ контрастивтер, риторикалық сұрақтар, параллелизмдер, эллипсис/ құрылымдық толымсыздық және т.б. Одан басқа кейіпкерлердің жан күйзелісін сипаттайтын стилистикалық бейнелілік құралдар да қолданылады: экспрессивті және эмоционалды лексика, инверсия, атрибутивті, предикативті, субъективті айтылымдар, метафора, метонимия, эмфаза, антитеза және т.б. Бұл бағытқа жүргізіліп жатқан зерттеулер тілдің стилистикалық бірліктерін прагматика және стилистика шеңберлерінде қарастырады.

Қазақ тіліндегі сұраулы сөйлемдерді зерттей отырып, оларды ағылшын тіліндегі сұраулы сөйлемдерді салыстыру кезіндегі қолданылып отырған фактологиялық мәліметіміз – М.О. Әуезовтың «Абай жолы» роман эпопеясының түпнұсқасы [10] мен ағылшын тіліндегі аударма мәтіні [9]. Романның түпнұсқасы мен аударма мәтіндеріндегі сұраулы сөйлемдерге толық семантикалық және қатысымдық-прагматикалық талдау жүргіземіз.

М.Бирвиштің көтеріп отырған «түсініктік және денотативті мағына мәселесінің» [11, 177-199] түпнұсқа мен аудармасыны талдау барысында шешілгеніне күмән жоқ.

Бізді толғандырып отырған мәселердің бірі көркем мәтін түпнұсқасындағы автордың қолданған стилистикалық түрлендірмелер немесе коннотативті мағынаның аудармадағы баламаларымен қаншалықты сәйкес екендігі. Аудармашының көркем тілдегі экстралингвистикалық ерекшеліктерін аудармада қалай сақтаған? Аудармашы ұлы шығарманың барша эмоционалдылығын, экспрессивтілігін, көркемдігі мен поэтикасын, қазақ тілінің байлығын аударма мәтінде сақтау үшін қандай лингвистикалық амал-тәсілдер қолданғаны қызықтырады.

Зерттеуіміздің басты мақсаты аудармаға жаңа баға беруде емес, дегенмен де аударма адресат-оқырмандарға түпнұсқада көрсетілген өзге халықтың тілбайлығын барынша көрсетуі тиіс. «Халық тілі – сол тілдік ортада мүшелерінің тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол халықтың рухани және мәдени байлығын, өнегесін, ағартушылығының, тарихы мен салт-дәстүрлерінің көрінісі» [12, 16].

М.Б. Балакаевтың: «Абай жолы» қазақ халқының тіл байлығының нағыз символы» атты сөздерін аттап айтпауға болмайды [13, 48]. «Аударманың өзі де еңсесі биік жеке көркем шығарма ретінде түпнұсқамен қатар тұруы қажет», - дейді әйгілі ғалым Б.Пастернак [14, 166-170].

Сөйлеу қарым-қатынастың прагматикасы қатысым үдерісінен негіз алады. Көркем шығармада бұл үдеріс диалогтың біртұтастығында, кейіпкерлердің өзара әрекеттесуінде пайда болады. Сондықтан да туындыны танымал, классикалық әрі жауһар ететін адресант-автордың қолданған адресат-оқырманға соншалықты әсер ететін ерекше амал-тәсілдерінің сыры неде екен?

Жоғарыда айтылып кеткендей, шығармада сұраулы сөйлемнің кездесуі қатысымдық амалдың бір белгісі, әрі коммуникант/оқырманға әсер ететін прагматикалық құралдың бір түрі.

Адресатқа эмоционалды және экспрессивті әсер етудің кең таралған прагматикалық элементтердің бірі кішігірім мәнмәтінде сұраулы сөйлемдердің қайталануы. Бұл тәсілмен қатар бөлек лексикалық бірліктер деңгейіндегі лексикалық қайталаулар да қолданылады, мысалы одағай сөздер, кідіріс, контрастивтер, инверсиялардың және т.б. қолданылуы.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі келесі үзінділерді прагматикалық жағынан қарастырайық. Келесі диалогтық бірліктегі бірінші коммуниканттың сұрағына жауап үш сұраулы сөйлемнен құралған:

- *Бұл кісі кім, аға? (9, 85)*
- *Е, білмеушімең Шөжікеңді?.. О не дегенің?.. Бұл – Шөже ақын емес пе? (10, 85)*
- *Who is that old man? (9, 151)*
- *Have you never seen Shozheken? Don't you know him? (10, 151)*

Сөйлем:

- *Бұл кісі кім, аға? (9, 85)*

– Қарастырылып отырған диалогтық біртұтастықта функционалды топтастыруға сай *бастапқы* әрі *нағыз*, мағыналық маңызына сай *ашық* сөйлем [15, 665-666]. Бұл сөйлемдегі экспрессивтілік маркері – сөйлемнің соңында орналасқан, *аға* деген қаратпа сөз.

- *Е, білмеушімең Шөжікеңді?.. О не дегенің?.. Бұл – Шөже ақын емес пе? (9, 85)*

- Жауап беру үшін қолданылған үш сұраулы сөйлемде прагматиканың синтаксистік құралдары:
- ерсілі-қарсылы сұрақтардағы сұраулы сөйлемдердің *қайталануы*,

– қарқындылықты күшейте түсетін сөйлем соңындағы *көп нүкте*, кідірістерді білдіретін *сызықшаларды* қолдану,

- риторикалықтың болымсыз *емес пе* түрін қолдану,
- *білмеушімең* баяндауышының инверсиясы.

Экспрессивтіліктің лексикалық элементтері:

- *Шөжікеңді*, *Шөже* сөздерінің қайталануы,
- *е одағайының* қолданылуы,
- *ол* есімдігінің *о* деген қысқаша формасының қолданылуы,
- *білмейсің бе* етістігінің орнына *білмеушімең* деген эмоционалдылық өңі жоғарырақ сұраулы формасының қолданылуы,



– *Шәжікеңді* деген бейнелі сөзінің *инверсиясы*.

Ағылшын тіліндегі сұраулы сөйлемдердің баламаларының түпнұсқаға қарағанда прагматикалық касиеті неғұрлым кемірек, әлсіздірек берілген.

– *Who is that old man? (10, 151)*

– сөйлемдегі экспрессивтілік бірлігі *that* есімдік-интенсификатормен берілген.

– *Have you never seen Shozheken? Don't you know him? (10, 151)* атты коммуниканттың жауабында:

– сұраулы сөйлемдердің *синтаксистік қайлануы* сақталғанмен, түпнұсқа мәтінімен салыстырғанда қысқарғаны байқалады (түпнұсқада үш сөйлем, аудармада екі сөйлем берілген).

– Экспрессивтіліктің *лексикалық* маркерлары үстеудің болымсыз *never* формасымен және *don't* көмекші етістігі арқылы көрсетілген.

– *Shozheken* деген өзге тілдің сөзін қолдану мәтінге ерекше бейнелілік беріп тұр.

Мәнмәтінде сұраулы сөйлемдердің бір диалогтық біртұтастықты құрайтын келесі тобын қарастырайық:

– *Бұл не қылған жылқы? Кімнің жылқысы өзі?*

– *Е, олжа, әкеннің олжасы емес пе?*

– *Олжа не? Кімнен алынған?*

– *Ой, тәйір, баламысың?.. Әкеннің қол астынан қараған халық аз ба?.. Сондағы еңбек үшін ақы алмай ма? Текке істей ме? (9, 101).*

*"What horses are these? Who is their master?"*

*{"These are gifts. Gift horses for your father."}*

*"What sorts of gifts? From whom?"*

*"Are you a child? Has your father no people under him? Doesn't he deserve something for his efforts on their behalf? Should he work for them without reward?" (10, 174).*

Бір кейіпкердің алғашқы екі репликасы болып табылатын диалогтық біртұтастықтың сұраулы сөйлемдерінде жазушы-адресант оқырман-адресантқа әсер ету үшін келесі прагматикалық құралдарды қолданған:

*Бұл не қылған жылқы? Кімнің жылқысы өзі?*

– сұраулы мағынаның *синтаксистік қайталануы*,

– *жылқы, жылқы(сы)* сөздерінің *лексикалық қайталануы*,

– *экспрессивті күшейткіш өзі* есімдігінің қолданылуы,

– бірегей, семантикалы бейнелі *не қылған* тіркесінің қолданылуы.

Екінші кейіпкердің жауабында риторикалық сұрақ кездеседі:

– *Е, олжа, әкеннің олжасы емес пе? –*

эмоциональді-экспрессивті көркемдік келесі құралдардың көмегімен жүзеге асырылған:

– *олжа – әкеннің олжасы* сөздерінің *лексикалық қайталануы*,

– *е* одағайы,

– *емес пе* риторикалық айналымның қолданылуы.

Бірінші кейіпкердің сөзі болатын келесі сөйлемдерде:

– *Олжа не? Кімнен алынған?*

– сұраулылықты *синтаксистік тәсіл* ретінде қата қайталау,

– сөйлемдердің *толымсыздығы*,

– *олжа* сөзінің *лексикалық қайталануы*.

Бірінші кейіпкердің үшінші топқа жататын сөйлемдері:

– *Ой, тәйір, баламысың?.. Әкеннің қол астынан қараған халық аз ба?.. Сондағы еңбек үшін ақы алмай ма? Текке істей ме? (9, 101).* –

– айқын экспрессивтіліктің белгісі, бұл сөйлемдердің келесі прагматикалық интенсификаторлары бар:

– *ой, тәйір* одағайларының *параллель* қолданылуы,

– *текке* бірегей семантикалы сөздің қолдануы,

– төрт сұраулы сөйлемдердің бірінен соң бірінің *қайталануы*,

– *қол астынан қараған халық*, бірегей сөз айналымының қолданылуы,

– бейтарап *баласың ба* орнына экспрессивті *баламысың* қолданылуы,

– *графикалық маркер* – бірінші сөйлемнен кейінгі көпнүкте, әрі оның екінші сөйлемнен кейін де қайталануы сөз мәнерлігінің белгісі.

"What horses are these? Who is their master?" ағылшын тіліндегі балама сөйлемдерді (бірінші кейіпкердің репликасы) талдайтын болсақ:

-- сұраулы сөйлемдердің қайталануы адресата-оқырманға әсер ету үшін қолданылған.

Келесі кейіпкердің жауабы хабарлы сөйлемдер арқылы берілген {"*These are gifts. Gift horses for your father.*"}.

Келесі баламадағы сұраулы сөйлемдерде интенсификацияның эмоционалды-экспрессивті амал-тәсілдері ретінде сұраулы сөйлемдердің қайталануымен қатар, толымсыз сөйлемдер де қолданылған:

"What sorts of gifts? From whom?"

Аудармада келесі амал-тәсілдер пайдаланылған:

"Are you a child? Has your father no people under him? Doesn't he deserve something for his efforts on their behalf? Should he work for them without reward?" (10, 174):

- жауап берілген сөйлемдердің қайталануы,
- риторика,
- бірінші сұраулы сөйлемде – салыстыру,
- екінші сөйлемде *no* болымсыз демеулігі,
- үшінші сөйлемде – бірегей семантикалы етістік *deserve* және *doesn't* болымсыз формасы,
- соңғы сөйлемде – бірегей семантикалы етістік *reward* және модальды етістік *should*.

Қатысым үдерісі барысындағы тек бір кейіпкердің сөзі алты сұраулы сөйлемнен тұратын фразалық біртұтастық кездесетін түпнұсқаның келесі үзіндісін қарастырып, ондағы прагматикалық құралдардың аударма мәтінінде сақталғанын салыстырып, талдайық:

– Жә, ағайын, бұ қайткенің, атишабарымды неге сабайсың?

Теріс болса арыз айтар жер таппадың ба?

Тым құрыса мырзаның алдынан бір өтсең нетті?

Оған да сенбей, оған да жөніңді көрсетейін дедің бе?

Жуандығыңды көрсетейін дегенің бе?

Кеше ғана қатарда қолтықта жүрген, туысқан емес пе ең? (9, 153).

Жоғарыдағы үзіндінің ағылшын тіліндегі аудармасы:

"What's this I hear, kinsmen? You thrashed my messenger?"

Екінші сұраулы сөйлем аударылмаған.

If he did wrong, why didn't you complain to the Mirza?

Төртінші сұраулы сөйлем аударылмаған.

Or were you anxious to show how strong you are?

Wasn't it only yesterday that you stood with us? (10, 249).

Бірінші сұраулы сөйлемде:

– Жә, ағайын, бұ қайткенің, атишабарымды неге сабайсың? –

автор ауызекі сөйлеу тіліне жақын сөздердің қысқартылған формаларын қолданған:

- жарайды орнына жә,
- бұл орнына бұ,
- қалай істегенің орнына қайткенің,
- сабайсың бірегей семантикалы етістік,
- ағайын қаратпа сөзін қолдану арқылы қатысымның әсерін ұлғайту.

Келесі сұраулы сөйлемдердің баламаларында (екі сөйлем орнына біреуі ғана аударылған) –

– What's this I hear, kinsmen? You thrashed my messenger? – кейіпкер сөзінің әсерін ұлғайту үшін келесі амал-тәсілдер қолданылған:

- сұраулы сөйлемдерді қайталау
- what's this I hear деген бірегей сөйлеу айналымының қолданылуы,
- kinsmen қаратпа сөзі және оның инверсиясы,
- ерекше құрылымды сұраулы сөйлем,
- thrashed бірегей семантикалы етістік.

Теріс болса арыз айтар жер таппадың ба? –

- бірегей семантикалы *теріс* сын есімі қолданылған,
- экспрессивтілік пен эмоционалдылықты күшейтетін сұраулы мағынаны қайталау,
- *теріс болса* деген бағыныңқы сөйлемнің толымсыздығы,
- басыңқы сөйлемде бастауыштың болмауы,
- таппадың етістігінің болымсыз түрде қолданылуы,

– риторика.

Келесі сөйлемнің аудармасы жасалмаған:

*Тым құрыса мырзаның алдынан бір өтсең нетті?*

- параллель сөйлем құрылысы пайдаланылған, *теріс болса – тым құрыса*,
- бірегей семантикалы *теріс* сын есімін қайталау (*теріс – тым*),
- алдынан *өтсең* метафоралық айналымны қолданылған,
- *нетті* бірегей семантикалы етістігі қолданылған.

Сөйлемнің аударма мәтінідегі баламасының мағынасын қарастырып көрейік –

*If he did wrong, why didn't you complain to the Mirza?*

- сұраулы мағына қайталанған,
- *did (didn't)* етістігінің антитезасы қайталанған,
- өзге тілден енген *Mirza* сөзі қолданылған.

*Оған да сенбей, оған да жөніңді көрсетейін дедің бе?*

- *оған да* сөзі бірнеше рет қайталанған,
- *жөніңді көрсетейін*, *экспрессивті* айналым,
- *сенбей* етістігінің негативті формасы,
- *жөніңді көрсетейін дедің бе* антитезасы қолданылған.

Бұл сөйлемнің аудармасы жасалмаған.

*Жуандығыңды көрсетейін дегенің бе?*

- Бірегей семантикалы зат есім – *жуандығыңды* пайдаланылған,
- *көрсетейін дедің бе – көрсетейін дегенің бе*,
- сұраулы мағына беретін сөздерді күшейтпелі әсер беру үшін қайталау.

Ағылшын тіліндегі аудармасы мынадай:

*Or were you anxious to show how strong you are?*

- сұраулы мағына беретін сөздерді күшейтпелі әсер беру үшін қайталау,
- *anxious*, бірегей семантикалы сын есім қолданылған,
- толымсыз сөйлем құрылымы пайдаланылған.

*Кеше ғана қатарда қолтықта жүрген, туысқан емес пе ең?*

- *емес пе* құрылысы арқылы *риторикалық* мән берілген,
- *едің – ең* етістіктің толымсыз формасы қолданылған,
- сұраулы мағынасы бар сөздердің әдейі қайталануы,
- *қолтықта жүрген* сөз тіркесінің метафорикалық мағынада қолданылуы.

*Wasn't it only yesterday, that you stood with us?*

- қайталану,
- *was – wasn't* етістігінің болымсыз түрінің қолданулуы,
- *only* үстеуінің күшейтпелі мән беру үшін қолданылуы,
- *stood with* сөз тіркесінің қолданылуы.

Қорыта келсек, түпнұсқа мәтінінде алуан түрлі көркемдік тәсілдер қолданылған сұраулы сөйлемдер кездеседі: *лексикалық* қайталаулар, *синтаксистік құрылымдық қайталаулар*, ауызекі сөйлеу тіліне жақын *қысқартулар*, экспрессивті одағайлар, толымсыз сөйлемдер, *риторикалық* сұрақтар, *антитеза*, *метафора*, *эмоционалды әрі экспрессивті боялған сөздер*, және неғұрлым жиі қолданылатын құрал – бастауышы жоқ толымсыз сөйлемдер және т.б.

Аударма мәтінінде де сұраулы сөйлемдер қолданылған, дегенмен аудармада екі сөйлемнің аударылмауы әдеби шығарманың стилистикалық, көркемдік тұтастығына зиян келтіреді. Біздің ойымызша, аудармада тек семантикалық қана емес, сонымен қатар синтаксистік те сайма-сайлылық сақталғаны абзал. Мәтінде қатысымдық-прагматикалық амал-тәсілдер қолданылған, оның ішінде толымсыз сөйлемдер, етістіктердің болымсыз түрлерінің қолданылуы, антитезамен қайталау, инверсия, қаратпа сөздер және басқа тілдің элементтері.

Жоғарыда көрсетілген түпнұсқа үзінділерде сұраулы сөйлемдердегі грамматикалық, лексикалық амал-тәсілдердің оқырман-адресатқа аса жоғары прагматикалық әсері айқындалады, әрі ағылшын тіліндегі аудармада түпнұсқамен салыстырғанда азырақ эмоционалдылық, экспрессивтілік, қысқартушылық байқалады. Алайда аударманы толық көркемсіз әрі мүлдем эмоционалды емес деп айта алмаймыз.

Жасалған талдауды қорытындылай келсек, мәтінде грамматикалық, лексикалық көркемдік құралдардың дұрыс әрі мұқият үйлесуі нәтижесінде, сұраулы сөйлемдерде, не жалпы тілде адресат-

оқырман санасына барынша әсер етіп, туындының көркемділігі, бейнелілігі және қайталанбастығы тамсандыратын болса ғана мәтін әрі аударма толық прагматикалық-қатысымдық мақсатына жетті деуге болады.

- 1 Белошапкина В.А. Современный русский язык. Синтаксис. – М., 1977. – С. 78-79.
- 2 Ахунзянов Э.М. Контрастивная грамматика. Морфология русского и тюркских языков. – Алма-Ата, 1987. – С. 30.
- 3 Гак В.Г. О контрастивной лингвистике // Новое в зарубежной лингвистике. – 1989. – Вып. XXV. – С. 5-17.
- 4 Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.
- 5 Арутюнова Н.Д. Фактор адресата // Известия АН СССР. Серия литературы и языка. – 1981. – Т. 40, № 4. – С. 356.
- 6 Оспанова Ж.М. Структура художественного диалогического текста в русском языке: функциональный и грамматический аспекты: дис. канд. филолог. наук: 10.02.01. – Алматы, 2002. – 118 с.
- 7 Сулейменова Э.Д. Казахский и русский языки: основы контрастивной лингвистики. – Алматы, 1996. – 208 с.
- 8 Маслова В.А. Об одном текстовом приеме создания экспрессивности // Текст как структура: сб. науч. трудов АН СССР. – М., 1992. – С. 77.
- 9 Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. Бірінші кітап. Абай. – Алматы, 1989. – 608 б.
- 10 Auezov Mukhtar. Abai. A Novel, Book One. – Moscow: Foreign Languages Publishing House, 1966. – 451 p.
- 11 Бирвиш М. Семантика // Новое в зарубежной лингвистике. – 1981. – Вып. X. – С. 177-199.
- 12 Кайдаров А.Т. Слово о профессоре Жубанове // Худайберген Жубанов и казахское советское языкознание. – Алматы, 1990. – С. 16.
- 13 Балакаев М.Б. Казахский литературный язык. – Алматы, 1987. – С. 48.
- 14 Пастернак Б. Заметки переводчика // Знамя. – 1944. – № 1. – С. 166-170.
- 15 Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.

#### Резюме

**Кабдрғалинова С.Б.** - к.ф.н., *Международный университет информационных технологий, Алматы, Казахстан, e-mail: ksaniyabah@mail.ru*

#### Использование коммуникативно-прагматических подходов в казахских и английских вопросительных предложениях

В статье рассматривается лингвистический подход к процессу живого человеческого общения. Именно, поворот исследований в данном направлении в таких научных сферах как философия, социология, психология и лингвистика в том числе, а также фокусирование и высвечивание коммуникативно-функциональных аспектов способствовали закономерному развитию прагмалингвистики, объектом изучения которой служит человеческая деятельность. Характерной чертой для данного рода исследований является ярко выраженный интерес к коммуникативно-функциональной природе различных лексических и грамматических единиц.

**Ключевые слова:** человеческое общение, прагмалингвистика, лексическая единица, грамматическая единица.

#### Summary

**Kabdrgalinova S.B.** - c.ph.sc., *International information technologies university, Almaty, Kazakhstan, e-mail: ksaniyabah@mail.ru*

#### Communicative and pragmatic approaches used in Kazakh and English interrogative sentences

The paper deals with the linguistic approach to real life human communication. The turning of research in this area in such scientific fields as philosophy, sociology, psychology and linguistics as well as focus and display of communicative and functional aspects facilitates the natural development of pragmalinguistics, which serves as the object of study of human activity. The characteristic feature of this kind of research is a pronounced interest in the communicative and functional nature of the various lexical and grammatical units.

**Keywords:** human communication, pragmalinguistics, lexical unit, grammatical unit.

УДК: 37.016:811.512.122

## ҚАЗАҚ ТІЛІ ОҚУЛЫҚТАРЫНДАҒЫ АРТИКУЛЯЦИЯЛЫҚ ТАЛДАНЫМ ҮЛГІСІ

Қаршығаева А.А. – «Тұран» университеті, ф.ғ.к., аға оқытушы [kar\\_ainur@mail.ru](mailto:kar_ainur@mail.ru)

Мақалада қазақ тілі оқулықтарындағы артикуляциялық талданым үлгісі қарастырылған. Қазіргі қазақ тілінің мектеп пен жоғары оқу орнына арналған оқулықтары мен оқу құралдары дәстүрлі фонетика нәтижелеріне сүйеніп жазылып келе жатқандығы белгілі. Сондықтан да оларда қабылданған фонетикалық (артикуляциялық) талданымның бір-бірінен айырмашылығы жоқ. Ең соңғы шыққан озық үлгідегі және Білім министрлігі арнайы ұсынып отырған, теория/практикалық тәжірибесі жоғары ұжымдық авторлар тобының оқу құрал ретінде дайындаған «Қазіргі қазақ тілінің» фонетика бөлімінде қазіргі кездегі кең тараған жіктелім белгілер қамтылған. «Қазіргі қазақ тілі» оқу құралының фонетика бөлімінің талданымы білім беру саласындағы қазақ тілі оқулықтарының дәстүрлі үлгісін көрсету үшін ғана жасалды. Өйткені оқулықтар аздаған өзгешеліктері болмаса, бір үлгімен дайындалған. Қазақ тіліндегі дыбыстардың артикуляциялық түрлері дәстүрлі фонетикада арнайы зерттеу нысаны болмағанымен, талданған сәттерін кездестіруге болады. Бірақ ол талдаулардың негізгі мақсаты үйлесім белгілердің құрамы мен жүйесін анықтау емес, сол үйлесім дыбыстар «фонема ма, фонема емес пе?» деген сұрақтың жауабын іздеу болып қалады.

**Түйін сөздер:** көмей дауыс, ерін дауыссыз, тіл ортасы дауыссыз, тілшік дауыссыз, тіл ортасы дауысты, тілшік жуысым, көмей қуысы.

Қазіргі қазақ тілінің мектеп пен жоғары оқу орнына арналған оқулықтары мен оқу құралдары дәстүрлі фонетика нәтижелеріне сүйеніп жазылып келе жатқандығы белгілі. Сондықтан да оларда қабылданған фонетикалық (артикуляциялық) талданымның бір-бірінен айырмашылығы жоқ. Сондықтан да олардың бәріне тоқталып жатудың қажеті жоқ. Ең соңғы шыққан озық үлгідегі және Білім министрлігі арнайы ұсынып отырған, теория/практикалық тәжірибесі жоғары ұжымдық авторлар тобының оқу құрал ретінде дайындаған «Қазіргі қазақ тілінің» фонетика бөлімінде қазіргі кездегі кең тараған жіктелім белгілер қамтылған.

Қазақ тілі дыбыстарының *дауысты/дауыссыз* болып бөлінетін артикуляциялық белгілері көрсетілген: «Дауысты дыбыстар дауыс желбезегінің толық тербелуінен жасалады. Ал дауыссыз дыбыстарды айтқанда дауыс желбезегі аз тербеледі немесе дауыссыздарды жасауға мүлде қатыспайды..., Дауыстыларды айтқанда ауа кедергісіз, қарқынсыз шығады да, дыбыстау мүшелерінің барлығы дерлік қатысады... Ал дауыссыздарды айтқанда, ауа кедергіге ұшырап, белгілі бір дыбыстау мүшелерінің қатысуымен жасалады» [1, 132-133 б.]. Дыбыстардың басты жіктелім белгісі ретінде дауыс желбезегінің орны бөлек екендігі көрсетілген.

Әрі қарай *дауысты/дауыссыз* дыбыстар ішкі жіктелім белгілеріне қарай топтастырылады.

Мысалы, дауысты дыбыстар алдымен жалаң (монофонг) және құранды (дифтонг) болып таралады. Құранды дауыстыларға *о, ө, е* дауыстыларыме қатар *и, у* «дауыстылары» қосылған. Соңғы екі дыбысқа қатысты «дауысты» дегенді тырнақшаға алып отырмыз, өйткені олар орыс тілінен енген *и, у* дауыстылары ма (олар он екі дауыстының қатарына қосылған), жоқ, әлде, қазақ дауыстыларының қатарына қосылып жүрген *и, у* таңбалары ма, ол жағы белгісіз болып қалған.

Дауыстылардың негізгі жіктелімі артикуляциялық тұрғыдан берілген: (2-сурет)

– тіл қатысына қарай жуан (гуттураль) және жіңішке (палаталь), басқаша айтқанда «Жуан дауыстыларды айтқанда, жіңішкелермен салыстырғанда, тіл сәл артқа қарай тартылады, ортасы көтеріліңкірейді, жіңішкелерді айтқанда тіл сәл ілгері жылжиды». Алайда артикуляциялық анықтамадан туындайтын атау перцепциялық (естілім), яғни жуан/жіңішке болып қабылданған. Артикуляциялық анықтаманың атауы да артикуляциялық, яғни тіл арты/тіл алды болу керек еді.

– ерін қатысына қарай еріндік (лабиаль) және езулік, басқаша айтқанда «Еріндік дауыстыларды айтқан кезде ерін дөңгеленіп, сүйірленеді де, езуліктерді айтқанда ерін екі жаққа қарай тартылып, езу жиырылады». Артикуляциялық анықтамадан оның артикуляциялық атауы туындап тұр.

– жақ қатысына қарай ашық және қысаң, басқаша айтқанда «Ашық дауыстыларды айтқанда үстіңгі жақ қозғалмай, астыңғы жақ барынша төмен түседі де, қысандарды айтқанда бір-біріне жуықтай түседі» [1, 135 б.]. Бұл жерде де артикуляциялық анықтамадан оның артикуляциялық атауы туындап тұр.

Дауыстылардың артикуляциялық жіктелімі жұп белгілерге құрылған, өйткені жіктелім белгілер өзара жұптасып тұр.

Дауыссыз дыбыстардың жіктелімі естілім (перцепция) мен жасалым (артикуляция) белгілерін аралас қамтыған:


– дауыстың (салдырдың деуге де болады) қатысына қарай үнділер, ұяндар, қатандар болып жіктелген, ұяндар мен қатандарды үнсіздер деуге болатыны ескертілген. Анықтама түгелдей перцепциялық (естілім) тұрғысынан берілген: «Үнділерде дауыс (тон) басым да, салдыр аз; ұяндарда керісінше, салдыр басым да, дауыс аз болады. Ал қатаң дауыссыз тек салдырдан жасалады (яғни оларға дауыс қатыспайды)». Егер анықтама артикуляциялық тұрғыдан берілген болса, онда дауыс желбезегінің қатысына сүйенген болар едік.

– дауыссыздарды айтылу (ауаның шығу) жолына қарай шұғыл (эксплозив), ызың (фрикатив), діріл болып жіктелген. Анықтама артикуляциялық тұрғыдан берілген: «Шұғыл фонемаларды айтқанда дыбыстау мүшелері біріне-бірі жабысып, ауа кілт үзіледі де, содан соң шұғыл қайта жалғасады. Ал ызыңдарды айтқанда дыбыстау мүшелері бір-біріне жуысып, ауаның жолын барынша тарылтады, бірақ ауа бір жола үзілмейді, сыздықтап, сүзіліп шығады. Діріл дауыссыз тіл ұшының дірілдеуінен пайда болады». Дәстүрлі артикуляциялық анықтамалар мен дәстүрлі атаулар кеңінен пайдаланылған.

– жасалу немесе айтылу (артикуляциялық) орнына қарай ерін (лабиаль), тіл (лингваль), көмей (фарингаль) болып жіктелген. Мұнда да анықтама ерін қатысына байланысты ғана артикуляциялық тұрғыдан берілген: «Еріндіктерді айтқанда екі ерін біріне-бірі жабысып немесе дөңгелене жуысып тұрса, ерін мен тіс дыбыстарында астыңғы ерін үстіңгі (күрек) тіске жуысады» [1, 144 б.]. Әрі қарай тіл дыбыстары тіл алды, тіл ортасы, тіл арты болып іштей таратылады.

Кірме «тіс-ерін» дауыссыздары туралы жоғарыда жан-жақты айтылған. Ал қ/к, з/з дауыссыздарының артикуляциялық ерекшеліктеріне қарамай, тіл арты тобына енгізілгені ойландырады. Олардың артикуляциялық моделі (1-сурет) жасалу орындарының әртүрлі екенін көрнекі дәлелдейді (артикуляциялық анықтамасы соңғы бөлімде жан-жақты талданады). Бұл жерде олардың жасалу орнына (тілішік/тіл орасы) қатысты бір жіктелім топқа ене алмайтындығын көрнекі бейнелеп қана өттік.

Сөз басында айтылғандай, «Қазіргі қазақ тілі» оқу құралының фонетика бөлімінің талданымы білім беру саласындағы қазақ тілі оқулықтарының дәстүрлі үлгісін көрсету үшін ғана жасалды. Өйткені оқулықтар аздаған өзгешеліктері болмаса, бір үлгімен дайындалған.



1-сурет – Қатаң қ/к (жоғарғы қатар) және ұяң з/з дауыссыздарының артикуляциялық өзара салыстырма моделі

Ал қазақ тілінің дыбыстарының артикуляциялық моделін талдау амалы ретінде пайдаланып, оның зерттеу нәтижесін А.Жүнісбек [5] еңбектерінен көреміз.

Қазақ тіліндегі дыбыстардың артикуляциялық түрлері дәстүрлі фонетикада арнайы зерттеу нысаны болмағанымен, талданған сәттерін кездестіруге болады. Бірақ ол талдаулардың негізгі мақсаты үйлесім белгілердің құрамы мен жүйесін анықтау емес, сол үйлесім дыбыстар «фонема ма, фонема емес пе?» деген сұрақтың жауабын іздеу болып қалады. Мысалы, қ-к, з-з дауыссыз дыбыстарының сыңарларының фонологиялық мәртебесі «фонема деңгейінде ме», әлде, керісінше, «вариант деңгейінде ме» деген сұрақтың жауабында бір пікір жоқ. Бір топ ғалымдар [2; 73 б.]


артикуляциялық ерекшеліктерін ескеріп, фонема деп қарайды: «...қ, к, ғ, ғ дауыссыздарын әзірше қалыптасқан түсінік-түйсік тұрғысынан танып баяндау керек болады» [7], енді бір топ ғалымдар [8] тілдегі фонологиялық қызметін ескеріп, варианттар деп қарайды. Соңғы пікірге орыс және қырғыз фонетистері де қосылады [9; 10; 11].

Дыбыс артикуляциясының анықтамасы толық берілмейді, және артикуляциялық анықтама жіктелім кезінде емес, көбінесе «дыбыстардың түрлері» деген атпен соңында жарым-жартылай ескеріліп жатады. Артикуляциялық талдаудың ішінде перцепциялық (естілім), кейде акустикалық, атаулар үздіксіз қолданылады. Соның нәтижесінде дыбыстың артикуляциялық атаулары аталмай қалады.

Артикуляциялық (жасалым), акустикалық (айтылым) және перцепциялық (естілім) талданымның әрқайсысы өз орнымен жеке-жеке жүргізіліп, өз анықтамалары мен өз атаулары орнымен пайдаланылғаны жөн.

Соның нәтижесінде алдымен дыбыстың артикуляциялық, акустикалық және перцепциялық анықтамалары жеке-жеке беріліп алған соң, олардың нәтижелері қосылып дыбыстың кешенді сипатамасы шығады.

Қазақ тілі оқулықтары мен оқу-құралдары қазіргі қырық екі таңбаны қамтыған әліпби талданымын пайдаланады. Талданым негізінде акад. І.Кеңесбаевтың еңбектері жатыр.



2-сурет – Қазақ тілі дыбыстарының артикуляциялық жіктелімі (оқу құралы)



- 1 Оразбаева Ф., Сағидолда Г., Қасым Б., Исабекова Ұ. т.б. Қазіргі қазақ тілі. Оқу құралы//Алматы, 2005.
- 2 Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімінің мәселелері//Алматы, 2008.
- 3 Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі//Алматы, 1975.
- 4 Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы//Алматы, 2008.
- 5 Жүнісбек А. Қазақ тілі дыбыстарының артикуляциялық моделі//Алматы, 2005.
- 6 Джунисбеков А. Гласные казахского языка//Алма-Ата, 1972.
- 7 Мырзабеков С. Қазақ тілі фонетикасы//Алматы, 2004.
- 8 Рабинович А.И. К вопросу о фонологическом статусе казахских согласных (қ, к, г, з, х). //Советская тюркология. №3, 1972.
- 9 Реформатский А.А. Из истории отечественной фонологии//М.1970.
- 10 Батманов И.А. Фонетика киргизского языка//Фрунзе, 1946.
- 11 Баскаков Н.А. Введение. Языки народов СССР//М 1966.

### Түйін

Құрама әліпби талданым 42 әріп/дыбыстың жіктеліміне арналды. Сондықтан да қазақ тілінің төл дыбыстарының жіктелім белгілері мен кірме дыбыстардың жіктелім белгілері араласып жүрді. Дыбыс белгілерінің атауы орысша/қазақша болып қатар пайдаланылды: *эксплозив/тоғысыңқы, фрикатив/ызың, спирант/сүзілмелі, билабиал/еріндік* т.б. Дыбыс анықтамалары орыс тілінің ұқсас дыбыстарының анықтамаларын қайталап отырды. Мысалы, орыс тілінің тіл арты *к* дауыссызына қарап қазақ тілінің *к* дауыссызы да тіл арты болып саналды. Көп жағдайда зерттеушілер талданым желісінің артикуляциялық кезек реті сақталмай отырды. Жасалым және естілім атаулар аралас қолданылып келді.

### Резюме

**Каршигаева А.А.** – к.ф.н., старший преподаватель университет «Туран» [kar\\_ainur@mail.ru](mailto:kar_ainur@mail.ru)

В статье рассматривается образец артикуляционного разбора в учебниках казахского языка. Известно что учебники и учебные пособия современного казахского языка предназначенные для средних школ и для высших учебных заведений написаны основываясь на традиционные фонетические результаты. Таким образом нет различия общепринятого у них фонетического разбора друг от друга. В разделе фонетики «Современного казахского языка» самым передовым и специально предложенным Министерством образования, разработанный как учебное пособие коллективными авторами высоким теоретико-практическим опытом охвачены широко распространенные в настоящее время критерии классификации.

**Ключевые слова:** гортанный голос, губной согласный, среднеязычный согласный, язычный (увулярный) согласный, среднеязычный гласный, увулярная щелинность, глоточный резонатор.

### Summary

**Karshygaeva AA** – k.f.n, Senior Lecturer, University "Turan" [kar\\_ainur@mail.ru](mailto:kar_ainur@mail.ru)

The article examines a sample of articulation analysis in textbooks of the Kazakh language. It is known that textbooks and manuals of modern Kazakh language designed for secondary schools and higher education institutions are written based on the traditional phonetic results. In this way there is no difference in their conventional phonetic analysis from each other. In the phonetics "Modern Kazakh language" the most advanced and special offers by the Ministry of Education, designed as a textbook authors collective high theory and practical experience covers widespread at the present time, the classification criteria.

**Keywords:** guttural voice, labial consonant coronal consonant, lingual (velar) consonant, vowel velar, uvular Schelin, pharyngeal cavity.

ӘОЖ 419.992.71.

## ИЛЛЮСТРАТИВТІ ИШАРАТТАР

**С.Мағжан** – ф.ғ.к., Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доцент м.а.,  
magjan\_saule70@mail.ru

**П.Адиева** – ф.ғ.к., Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің  
аға оқытушысы, adipaki@mail.ru

Мақалада денелік таңба-белгілер болып есептелетін иллюстративті ишараттар қарастырылады. Иллюстративті ишараттардың вербалды контекстің білдіретін мағынасын анықтай түсу және сөйлеушінің айтайын деген ойының анығырақ әрі түсінікті болуына әсер ету мен ойдың тыңдаушыға қаз-қалпында тез жеткізілуін, жетуін қамтамасыз ету қызметі анықталады. Негізгі түрлері талданады, мысалдармен дәйектеледі, классификация жасалады.

Иллюстраттардың іштей екіге жіктелетіні қарастырылады: а) сөйленістің денотативті мазмұнын білдіретін және кейбір нысандарды, ұғымдарды, әрекеттерді бейнелейтін нақты иллюстраттар (бұлар: дейктикалық маркерлер, кеңістіктік маркерлер, уақыттық маркерлер, кинетонографтар, кинетографтар, идеографтар, идентификаторлар, экстерналайзерлер т.б.); ә) сөйленістің коммуникативті мазмұнына қарай бейімделген және ишарат пен ымды жасап тұрған адамның коммуникативті ұстанымын белгілейтін, көрсететін я болмаса айқындайтын, коммуникатордың жеткізбек болып тұрған апараты, оның адресат туралы, бөтен біреулер мен басқа бір нысандар жөніндегі бағалауын көрсетіп, бағасын білдіретін аккомпониаторлар аккомпониатор-ишараттар болып табылады. Бұлардың мәтіндік сюжеттің қалыбын (моделін) қалыптастыратындығы түсіндіріледі.

**Түйін сөздер:** кинема (ишарат), коммуникация, акт, тіл, сөйлеу, иллюстративті ишарат (иллюстратор), түр, ишараттық екпін, негізгі, қосалқы (қосымша), дейктикалық, кеңістіктік, уақыттың, идеографиялық, маркер, идеограф, кинетонограф, кинетограф, идентификатор, экстерналайзер.

**Иллюстративті ишараттар** немесе денелік таңба-белгілер ғалымдардың айтуынша, белгілі вербалды мәтін болмаса ешқандай мағынаны білдіре алмайды, олардың жеке-дара өмір сүруге қабілеті де жоқ, икемі де аз және вербалды контекстен тыс жұмсалмайды.

Иллюстраторлардың негізгі қызметі – вербалды контекстің білдіретін мағынасын анықтай түсу және сөйлеушінің айтайын деген ойының анығырақ әрі түсінікті болуына әсер ету мен ойдың тыңдаушыға қаз-қалпында тез жеткізілуін, жетуін қамтамасыз ету ғана. Көрініп тұрғанындай, жоғарыда сөз болған ым мен ишараттың регуляторлық және эмблематикалық түрлерінен иллюстраттар қызметі жағынан да, қолданыс аясы тұрғысынан да бөлекше болып келеді. Бұлардың қатарына, негізінен алғанда, ұлттық сипаттағы ым мен ишараттарды жатқызуға болатын секілді. Айталық, орыс тілінде кездесетін иллюстраттарының бірі ретінде орыс тіл білімін зерттеушілер мына бір иллюстратты атайды: “*Легкое опускание век при произнесении утвердительного предложения в конце его*”, “*чуть расширяющиеся глаза в конце обычного вопроса и раскрытая рука (или:руки) в направлении ладонями вверх и слегка наклоненная к адресату*”.

Қазақ тілінде дәл осыған ұқсас: әлдекімді ұнатпайтындығын білдіргенде *мойнын сәл бір жағына бұрыңқырай түсіп, қиыс қарай бере, көзін төмен төңкеруді* жатқызуға болады. Сонымен бірге: “Последняя мануальная форма показывает, что жестикулирующий намеревается сразу же вслед за исполнением данного жеста (или одновременно с ним) ввести в свою речь новую тему сообщения. В коммуникативном акте этот жест всегда выступает вместе со словами *А теперь...* и т.п., причем связь его с этими словами настолько обязательная, что наличие их в составе иллюкутивного независимого речевого акта в тематической позиции однозначно прогнозирует появление данного жеста в нормальном реальном общении” [1, с. 54]. Ал қазақ тілінде суреттелген ишараттан соң тағы да ишарат жасалуы мүмкін. Дәл бұл жерде *бас шайқау* немесе *күрсіну* жүзеге асуы мүмкін, сонан соң келесі әңгіме: *Сондықтан...* деп басталуы, я болмаса қалғанын ішіңіз білсін деген мағынаны білдіретін *иықты төмен түсіру, иығын қиқаңдату, алақандарын екі жаққа аша жайып, иығын қомдау, екі иығын жоғары көтере бере бір сәт осы қалыпта ұстап тұру* сияқты ишараттар жасалады.

Иллюстративті ым мен ишараттар туралы нақты бір нәрсе айту қиын. Өйткені, кейбір адамдардың өздері ұнатып жиі қолданатын бейвербалды иллюстраттары болуы әбден мүмкін, сондай-ақ бір ғана иллюстратты әр адам әртүрлі жылдамдықпен, әртүрлі қарқынмен орындауы мүмкін. Мысалы,

кейбіреулер **қолын жай ғана көтеріп, саусағының ұшымен біреуді нұсқаса**, екінші адам оны тезірек, тіпті өте жылдам орындауы мүмкін.

Кейбір адамдар орынды-орынсыз, келсін-келмесін, қисынды-қисынсыз кейбір ишараттарды сөйленіс кезінде өте жиі қолдана береді көбінесе бұл әдеттенуге байланысты болуы мүмкін. Мысалы, **қайта-қайта**, тіпті **бей-берекет қолын сілтей беру**, **басын қайта-қайта тырнау**, **қасын кере беру**, **орынды-орынсыз басын шайқаумен қатар қолын бей-берекетсіз сілтей беру**, **мойнын ішіне тартып, иегін кегжитіп тұрып алу**, т.б. Бірақ мұндай иллюстративті ым мен ишараттардың әртүрлі күйде кездесуі адамның мінезіне, темпераментіне, шашпаңдығына, мінез-құлқының ерекшелігіне, бойындағы күш-қайраты мен ерік-жігеріне де қатысты сияқты. Сондықтан да алдында айтып кеткеніміздей, ым мен ишараттарға таза лингвистикалық талдаулар (ішкі тілдік факторлардың есебінен) жасау мүмкін болмай қалатын кездер кездесіп жатады. Мұндайда сыртқы экстралингвистикалық факторларды ескеру аса маңызды болып табылады.

Қай кезде болмасын, адамның қандай топтың өкілі екендігі ымы мен ишараттарынан, манерасынан байқалып тұрады. Айталық, Қазан төңкерісі кезінде ақтардың арасына аристократ әйел бейнесінде еніп кеткен қызылдардың барлаушысы большевик қыз ақтардың қолына түсіп қалғанда, ақ армияның контрразведкасы оны әшкерелеу үшін мынадай тәсіл қолданады: Қай жағынан болмасын алдыра қоймаған әккі барлаушы қыздың алдына қант салынған тәрелке мен ыстық шай әкеледі. Қыз бір түйір қантты алып, тістеп шай іше бастағанда, оның қызылдардың барлаушысы екенін бірден бетіне басады. Сөйтсе, аристократтар қантты тек шайға салып, ерітіп ішеді екен, яғни олар қантты үнемдемейді, ал жай шаруалар мен жұмысшылар бір түйір қантты үнемдей отырып, бірнеше кесе шай ішеді екен. Сондықтан аристократтар жасайтын ишараттарды жай қарапайым адамның жасай қоюы екіталай деген қорытындыға барлаушылар бірден келген. Адамның манерасы, өзін-өзі ұстауы да бейвербалды амалдарынан анық байқалады дегенде осындай жағдайларды айтуға болады. Сондықтан әр әлеуметтік топтың өкілдері қолданатын параамалдарының өздеріне тән өзгешеліктері бар. Бұл бейвербалды амалдардың әлеуметтік сипатына жатады деп санаймыз. Өз алдына жеке мәселеге жатады.

Паралингвистикалық элементтердің әлеуметтілігі туралы ғалым С. Сатенованың қос тағанды фразеологизмдердің ішіндегі ең көп кездесетіндері адамның іс-әрекетін, қимылын бейнелейтін және ішкі жан-дүниесін, мінезін білдіретін түрлері екенін сипаттап айтатын мына бір пікірін келтіру қажет: “... адам баласы шыр етіп жерге түскеннен, мезгілі, ажалы жетіп о дүниеге аттанғанша, өзіне тән мінез-құлқы, психикалық ерекшеліктері қалыптасып, бірте-бірте уақыт озған сайын жетіле береді. Әрбір адамзат жайлы осыны айтуға болады, тірі жанның әрқайсысына да тән табиғи құбылыс. Жас ерекшелігіне қарай мінез-құлқы, жан-дүниесіне орай іс-әрекет, қимыл-қозғалысы қалыптасады. Мысалы, балғын жас пен ақыл тоқтатқан, кемеліне келген, өмір тәжірибесі мол кісінің жан дүниесі, сана-сезімі, мінез-құлқында едәуір өзгешелік бар, сол себепті қимыл-қозғалысы, іс-әрекеті көпшілік жағдайда жасына, психологиялық ерекшеліктеріне, туа бітті қасиетіне, болмысына сай болады” [41, б.37]. Бұл дәйексөздегі қимыл-қозғалыс, іс-әрекетті ым, ымдау ишараты деп түсінеміз. Шындығында, адам болмысы мен туа бітті қасиеттерінің параамалдарды орындауда сезіліп тұратыны сөзсіз. Ол түгіл қарапайым ғана мысал, бастық пен бағынышты адамның бейвербалды қимылдары арасында айрықша сипаттары болады.

Иллюстраттардың енді бір қатары *мен, сен, ол, біз, олар, сендер* сияқты жіктеу есімдіктері мен *анау, мынау, сонау* сияқты сілтеу есімдіктерінің орнына жұмсалады. Яғни бұл сөздерді айтпай-ақ, оларды қолданбастан, **қолын көтере түсіп, алақанын жая қозғау** арқылы, **сұқ саусағының ұшымен** ғана көрсету арқылы, **иегімен нұсқау** арқылы, **көзінің қиығымен қарау** барысында, осы сөз табының орнына жұмсауға болады. Дәл сол сияқты сөз таптарының ішінде есімдіктер сөйленіс барысында қолданысқа түсіп жатса, қолмен жасалатын ишараттардың олармен жарыса, қатарласа орындалатын кездері көп ұшырасады:

– Көрдің бе?

– Кімді?

**Иегімен алдыңғы жақты нұсқады.**

Екеуінің көздері ұшырасып қалды. Қыз **көзінің қиығымен қабырғадағы суретке қарай нұсқағандай** болды.

Нақты бір сөйленіс элементтерінің нақты бір ым мен ишараттардың көмегіне сүйенбей айтылмайтын кездері болады. Мысалы, *Кім сөйлейді?* – деген сауалдан соң **қол көтерген** адамға жиналысты жүргізуші:

– *Иә, сөйлеңіз!* – дегендей **иегін көтеріп, басын изейді**. Немесе:

Сонан соң оған менсінбей **иегін қағып**:

– Төрелігің құтты болсын, шырақ, атқа мініп, ел билігін қолыңа алыпсың, естіп жатырмыз (О. Бөкей).

– Заман сенікі болып тұр-ау, – деді Дархан **иегімен нұсқап** (О. Бөкей).

– Әкелші! – деді Мәмет, солқылдақты ұстап тұрған келініне емес, Бәтжанға **иек қағып**. – Таңсық нәрсе ғой жарықтық, дәмін татайын (Б. Нұржекеев).

Әсіресе, жас балалар: – *Жоқ!* – дегенде үнемі дерлік, **басын шайқайды**. Мұндай мысалдар тілімізде айта берсек, өте көп, олар жиі кездеседі.

Зерттеушілер иллюстраттарды іштей екіге жіктейді:

а) сөйленістің денотативті мазмұнын білдіретін және кейбір нысандарды, ұғымдарды, әрекеттерді бейнелейтін **нақты иллюстраттар** (бұлар: дейктикалық маркерлер, кеңістіктік маркерлер, уақыттық маркерлер, кинетонографтар, кинетографтар, идеографтар, идентификаторлар, экстерналайзерлер т.б.). Жеке-жеке тоқталып өтсек:

- **дейктикалық маркерлер** вербалды хабарлауға қосымша референт жоқ болған жағдайда да адамға, нысанға, мөлшерге, орынға бағыттайды ( *Мен қазір ғана сол жақтан келдім (басымен изеп немесе көзімен көрсетіп), Маған осынша ғана жақындаңызшы (қолымен нұсқап)*);

- **кеңістіктік маркерлер** – бұл әртүрлі кеңістіктік қатынасты суреттейтін кинемалар. Коммуникативтік акт кезіндегі бір нысан мен екінші нысанның немесе бір адам мен екінші адам арасындағы қашықтықты көрсетеді;

- уақыттық маркерлер референттік уақыттық қатынасты білдіреді. Мысалы, *Ол мұны өте баяу/тез орындады* дегенде қозғалып тұрған *қолымыздың амплитудасы* сәйкесінше өзгеріп кетеді;

- **кинетонографтар** адам денесінің қозғалысының сөйлеумен біріктірілуі. Мысалы, балалардың *паровоздың дыбысын салып тұрып, қолымен паровоз дөңгелегінің айналуын салуы; адамның тез жүріп келе жатқанын сұқ саусақ пен үлкен саусақты алма кезек қозғалту* арқылы білдіру жатады;

- **кинетографқа** Г.Крейдлин мынадай анықтама береді: «Кинетографы – это иллюстративные кинемы, изображающие произвольные действия, за исключением собственно движений, и имитирующие траекторию, силу и некоторые другие параметры действий, а также сопровождающие их звучание»[1, б.122]. Мысалы, *бір затты кесуді, майыстыруды* сипаттайтын кинемалар, т.б.;

- **идеографтарға** ойының барысын қимылмен сипаттап жеткізетін кинемаларды жатқызамыз. Мысалы, *сүйіспеншілікті еске алып отырғанда* адамдар кейде байқамай *кітапты сипалауы* немесе *креслоның қолын* немесе *басқа бір затты сипалауы* мүмкін, т.б.;

-**идентификаторлар** адам мінез-құлқының ерекше манерасы мен стиліне «жауапты» кинемалар. Идентификаторлар адамды нақты сипаттайды (оның жасын, жынысын, әлеуметтік немесе материалдық жағдайын, мәдениетін). Мысалы, *сақ, нағыз ерке, қатал адам, сүйкімсіз, кең пейілді, ақжарқын, мінезі жұмсақ* секілді адамның әртүрлі сапа, қасиеттерін жеткізуде идентификаторлар таптырмайтын құрал. Мысалы, *басын керіп ұстау, кеудесін керіп жүру*, т.б. кинемалар;

- **экстерналайзерлер** адамның коммуникацияға, оның мәнмәтініне, сөйлесушіге, шынайы өмірге деген ишарат-реакциясы, адамның шындыққа бейвербалды көзқарасы. Экстерналайзерлер тұлғасы жағынан *қолдың, аяқтың, көздің, дененің қозғалысы (денесімен бұрылу, шашын сипау, галстукті түзеу, «әдемілену»), киімін ретке келтіру, саусақтарды тысырлату*, т.б. қимыл-қозғалыстар);

ә) сөйленістің коммуникативті мазмұнына қарай бейімделген және ишарат пен ымды жасап тұрған адамның коммуникативті ұстанымын белгілейтін, көрсететін я болмаса айқындайтын, коммуникатордың жеткізбек болып тұрған ақпараты, оның адресат туралы, бөтен біреулер мен басқа бір нысандар жөніндегі бағалауын көрсетіп, бағасын білдіретін **аккомпониаторлар аккомпониатор-ишараттар** болып табылады. Бұлар мәтіндік сюжеттің қалыбын (моделін) қалыптастырады.

Аккомпониаторларға мысал келтірсек, үстелдің үстін **алақанның қырымен нық түрде қатты соғу** – *ешқандай да кібіртіктеудің болуы мүмкін еместігін, адамның қабылдаған шешімінің қайтадан өзгермейтіндігін* білдіреді. Мысалы:

Бөлімше бастығы *алақанымен столды салып қалып*:

Осы шығармасында ұлы Абай «Адам баласы жылап туады, кейіп өледі» деп бұл өмірдің болмысын бір ауыз сөзге сыйғызып берген. Расында адам күнделікті тірішілікте жаттанды әрекетпен, бірін-бірі жөнсіз мақтап, бірін-бірі сыртынан да кейде көзінше даттап «босқа жарамсыз қылықпен қор етіп» өмір сүреді. Ал дүниеден өтерде қапаланып опынады. Шығарма авторының «кейіп өледі» деген сөзінің төркіні сол. Мына туындысында Абай Құнанбайұлы жаратушыға, дінге сенуді, табынуды қолдайтынын аңғартады. Қысқасы, осы шығарманы автордың «Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратына сүйеніп, еңбегіңді сау» деген сөзімен және ой, ақыл, парасатты қатар ұстап өмір сүру керек деп түйіндеуге болады.

Осындайда еске түседі, кемеңгер Конфуцзының бір шумақ көлеміндегі шап-шағын ойтолғауы, шындығын айтқанда бір романға арқау болғандай, сол сияқты, ұлы Абайдың қара сөздері де сондай деңгейде деуге келеді. Ақынның осы туындысы Конфуцзының «Лунь юй» кітабының XVII тарауының сегізінші бабындағы:

Ақыл, парасатты мұрат ете тұра оқығысы келмесе,  
Бұл кінәрат кекірт топастыққа апарады;  
Шыншылдықты мұрат ете тұра оқығысы келмесе,  
Бұл кінәрат зарарға айналады,—

деген ойтолғауымен өзектес [5, 158-б.]. Сол сияқты көне түркілердің «Ырқ бітіг» атты өлеңдер жинағы да терең мағына сыйғызған шағын жыр шумақтарынан тұрады. Осы поэзиялық мұрада дана Абайдың «Төртінші сөз» туындысымен сарындас туындылар баршылық. Мәселен, «Ырқ бітіг» кітабындағы 69-реттегі шағын өлең:

Елік қайғырды:

Мен не ішіп, не жеймін –

деген жыр жолдарынан басталса (4, 142-б.), сол жинақтағы 4-ретпен орналасқан жырдың алғашқы жолы:

Биіктің әміршісімін зулап ұшуға жаратылған,  
Ондайда қауырсынымның қамын жеуді білмеймін,  
Жан бағуды, жалтақтауды сүймеймін, –

деп басталады [5, 135-б.]. Бұл туындылар да философиялық терең ойға құрылған шығарма. Кейде осы өмір сүрген ортаға қарап отырып, табиғат ғажайыптарына тандана көз салып, жаңаша ой түюге мәжбүр боласың. Меніңше, өзін қоршаған жаратылысты сырттай ғана аңдап, арғы құпиясына үңілмей-ақ оның пішін, құбылысына және өзгешелігіне түсініп, таныған адамды данышпан деуге болатын сияқты. Мысалға, кезінде суда тіршілік ететін китке қарап отырып, сүңгуір қайық жасалынды. Ал тікұшақ кәдімгі инеліктің түп-тура көшірмесі емес пе? Осылай талдау жасау арқылы Абай Құнанбайұлының дара ойшылдық келбетін айқындай түсуге болады. Ал оның философияға құрылған қара сөздерін оқығанда Абай Құнанбайұлының кемеңгерлік тұлғасы ұлғая, ерекшелене түседі.

1 Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар, қара сөздер. Алматы: Мектеп. 2003.

2 Сильченко М.С. Творческая биография Абая. Алматы: 1957.

3 Сыздық Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. Алматы: Арыс. 2004.

4 Еңсегенұлы Т. «Ырқ бітіг». Алматы: Тоғанай Т. 2012.

5 Конфуцзы. Кеңес пен талғам. Алматы: Қайнар. 2001.

### Резюме

Енсегенулы Т.

#### “Слова назидания” Абая сопоставимы с восточными трудами мудрости

В данной статье философские мышления Абая Кунанбаева «Слова назидания» исследуются в сравнительном аспекте с тюркским сборником стихов «Ырк бітіг» - «Книга гадания будущего»; с сакральным произведением «Авеста», который был создан «степным пророком» Зороатуштрой и был именован интеллектуальным наследием Востока; а также с трудом «Дао дэ Цзин» известного философа, создателя основ философии Дао китайского народа Лао-Цзы. Произведение «Слова назидания» великого казахского поэта Абая Кунанбаева, который был произведен в его преклонном возрасте на научном уровне сопоставляется в равной степени с вышеупомянутыми восточными философскими наследиями. Также были показаны специфика, вечность философских мышлений Абая.

**Ключевые слова:** мышления, казахский быт, разум, мудрость, тюркская традиция.

### Summary

Ensegenuly T.

#### “Words of edification” of Abay compared with East wise works

In this article the philosophical thinking of Abay Kunanbaev “Words of edification” are investigated in comparative aspect with the Turkic collections of verses “Yrk-bitig –Book of guessing of the future”, with the priest work “Avesta” which was created by steppe prophet Zaratushtra and was called East wise heritage, and also with “Dao de Jing”, work of famous philosopher Lao Zi which is the founder of fundamentals of Dao philosophy of Chinese people. “Words of edification”, the work of great Kazakh writer Abay Kunanbaeyev, which was made in his old age, is compared equally at the scientific level with above-mentioned East philosophical heritages. Also here are shown the specifics, eternity of philosophical thinking of Abay.

**Key words:** Thinking, Kazakh life, reason, wisdom, Turkic tradition.

УДК 821. 512. 122 (091)

### Е. РАУШАНОВТЫҢ ПОЭМАЛАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ ИДЕЯСЫ

**Жанаева А.** – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті - «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс магистранты, [asia\\_9191@bk.ru](mailto:asia_9191@bk.ru) Тел.: 87016735192

**Әбдіқалық К. С.** – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, қазақ әдебиеті кафедрасы, ф.ғ.к., профессор м.а.  
Тел.: 380-64-83, 8778 312 92 33

Бұл мақалада Е.Раушановтың «Сарыөзен», «Ғайша бибі» поэмаларының негізгі идеясы кеңінен сөз етіледі. Тарихи тақырыпқа жазылған «Сарыөзен» поэмасында өткен ғасырлардағы беймәлім дүниеден сыр шерткен ақынның толғанысы жан-жақты ашылады. XIX ғасырдағы қазақ өмірін Бабажановтың монологы арқылы да оқырманна түсінік қалыптастырған Е.Раушановтың тіл шеберлігі, өлең құрылысы мен ұйқастарындағы ерекшелігіне де назар аударылды. Мақалада түркілердің түп тарихынан бастау алған «Ғайша бибі» поэмасының өзіндік салмағы толығымен зерделенеді. Алдымен «Жыландар жыры» тарауында Талас жерін мекендеген ордалы жылан тағдырын адамдар әлемімен қатарластыра алған ақынның үлкен адамзаттық мәселені көтергені кеңінен сараланады. Ғайша қыздың Қағанмен айтысы, қағанның монологы, басты кейіпкердің тағдырын суреттеудегі ақынның қолданған тәсілдері де жіті ашып көрсетілген.

**Кілт сөздер:** диалог, стиль, характер, монолог, бақсы, оқиғаның шешімі, тотем, фольклорлық дәстүр, түркілер тарихы, поэтикалық тіркес.

Қазіргі қазақ поэзиясында өзіндік өрнегін қалыптастырып жүрген әрі алдыңғы аға буын ақындар сапынан табылатын дара шығармашылық иесінің бірі Есенғали Раушанов болатын. Ақын ең алғашқы жинағын 1980 жылы «Бастау» деген атпен шығарып, тырнақалды өлеңдерін көпшілікке танытты. Кейіннен 1984 жылы «Келінтөбе» деген атпен екінші жинағы өмірге келді. Бұл жинақтағы өлеңдерінен Е.Раушановтың сол уақытта-ақ өзіне тән дара ақындық қолтаңбасының қалыптастырып үлгергенін көреміз. Бұл жинақта өлеңдерімен қоса, «Біз Гагарин қаласынанбыз», «Бақдәулет пен жоламан» және «Сарыөзен» атты үш поэмасы жарық көрді.

Е.Раушановтың «Сарыөзен» поэмасына[1, 290 б] келсек, тарихи тақырыпта жазылған бұл туындының жазылу стилі де өзгеше. «Сарыөзен» атауының өзі бізге оқиға барысын аңғартып тұрғандай.

Поэмада тарих қойнауынан бізге белгілі Томирис дәуіріндегі сармат тайпасының көсемімен ларкион офицері Батразд арасындағы оқиға сөз болып, сонымен қатар XIX ғасырда Ш.Уәлихановтармен қатар өмір сүрген С.Бабажановтың өмір жолы да қатар алынып отырады. Ақынның Ш.Уәлихановты алып отырғанының да өзіндік мәнісі бар. Оның жас болса да орыс географиялық қоғамының мүшесі, қазақ халқы арасынан шыққан алғашқы ғалым екені белгілі. Ал Бабажановты бірі таныр, бірі танымас. Бабажанов та өрімдей жас шағынан ғалым атанып, орыс географиялық қоғамының мүшесі болған, қазақ халқы үшін жаппай сауаттандыру үрдісін, қазақ жерінде мектептер ашу жолын іске асыруға ат салысқан жанашыр тұлға еді. Осы екі дәуірдегі оқиғаларды бірдей поэма бойына сіңіріп қатар алу ұғымын қолдану арқылы ақын поэмадағы оқиғаның басталуын, шиеленісін, шарықтау шегі мен қарытындысын ұтымды байланыстыра білген. Сонымен қоса поэма бойынан біз қара сөзбен жазылған автордың өзіндік ойларын, «Махамбет пен Исатай» көтерілісінің маңызын, шамандық әрекеттерді, басты кейіпкер Салық пен қара оба мүсіннің арасында жүретін диалог әңгімелерін кездестіреміз. «Ақын жасаған характерлердің ар жағында көбіне мінез тану емес, адам тану ниеті жатады» [2,36 б]. Бұдан байқайтынымыз, поэманың жазылу стилі өзгеше.

Ең алғаш оқиға басы ақынның пролог ретінде келтірген қара сөзімен бастау алады. «Әлқисса, қара оба түс көріп жатыр. Түсінде...». Тарих қойнауындағы кезеңдерде қалған сармат ауылдарына Батразд салған қанды қырғыннан пайда болған қара оба, осы сұмдық пен шындықтың куәгері тас мүсін, шындықты білмей сарсаңға түскен кейінгі ұрпақтың түсінде көріп жатып оянып кетеді. Поэма басы осы оқиғамен беріліп келесі Бабажанов дәуіріндегі оқиғамен жалғасын табады.

«1862 жыл Орынбор Генерал-Губернаторы Крыжановскийдің қабылдауына» келген Бабажановты ақын былай сипаттайды:

Сәнді аула.  
Терезеден құйылып нұр,  
Күзетші босағада бұйығып тұр.  
Қарайды мандайшадан дала жаққа  
Суреті самұрықтың түйіліп бір.

Есіктен жас сотниктің басын көріп,  
Генерал тұрды орнынан қасын керіп.  
Желкеде самұрық тұр сіл қозғалсаң,  
Жарқ етіп түсетіндей жасын болып...

Әрі қарай орыс губернаторының Бабажанов туралы өз ішкі ойларымен жалғасын табады. Поэма басындағы Батразд пен сармат көсемі арасындағы диалог генерал-губернатор Крыжановский мен сотник Салықтың сұқпаты қайталанған ескі оқиғаларды еске түсіргендей.

Одан әрі орыс губернаторының қабылдауынан шыққан Бабажановтың монологы беріледі. Негізгі деталь ретінде фәзтон (арба) алынып, арбаның жүріс әрекеті мен Бабажановтың өз монологомен жақсы үйлесім табады. Мысалы:

Фәзтон жұмсақ тебеп, шайқалады,  
Сансыз ой...  
Қайтсе жаны жай табады.  
Күлімдеп көз алдында губернатор,  
Санада қайта бәрі жаңғырады...

Әділдік, айналайын бар екенсің,  
Сен енді нұрмен жуып дала төсін.  
Шынға алып шыныменен шығасың ба  
Қазақтың көп адасқан қара көшін... –

деген жолдармен беріледі. «Біздің дала ашылып келгенге – алақан, жұмылып келгенге – жұдырық... Арам ниеттілер менің жерімнен өтпейді» деген кешегі сармат көсемінің сөзі бүгінгі Салықтың да ой-түйінінде бар. Оқиғаның шиеленісуі барысында орынды әрі тың детальдар саналатын – бақсы ойыны мен тас мүсін хикаясына байланысты оқиғалар поэманы мазмұндық тұрғыдан байытып қана қоймайды, бас қаһарман бейнесін тұлғаландыра түсуге, кейіпкерлер мінез-құлқын жан-жақты ашуға көп септігін тигізеді.



Әр ақынның жазылу стилі өзгеше болатын сияқты Есенғали ақынның да өлеңге ұйқас беру әдісі өзгеше екен. Біз поэма бойынан төрт қатар шумақтың соңғы қатары мен келесі шумақтың бастапқы жолы бірдей қайталануын байқаймыз. Ақын бұлай беруінің себебі, біздің ойымызша, оқырманның қызығушылығын арттыру мақсатында келтірген сияқты. Мұндай қайталауларды поэмадағы Салық пен күйші Дәулеткерей екеуінің арасындағы диалог тартыстан көреміз:

Ашылып сықырлауық сол екпіннің  
Өрнегі ши есіктің дір-дір қақты,

Өрнегі ши есіктің дір-дір етті,  
Араннан боз арғымақ ырғып өтті.

Оқиғаның шарықтау шегінде Салық пен Сарыөзеннің ішкі толғаныстары мен қара оба бойында орналасқан Фатима тас мүсінінің Салыққа айта алмай тұрған шындығы беріледі. Салықтың Фатима тас мүсініне айтқан ішкі уәжі мына жолдардан аңғарылады:

Кімдер өлді, зорлық етті кім-кімге  
Тіл бітсе егер, кетер еді-ау сарнап бір,  
Томириске қашып өткен бір түнде  
Бәлкім, сатқын сарматтарды қарғап тұр...

Сармат тайпасының ашылмай қалған сырын тас мүсіннен іздеген Салық өз ойын осылай білдіреді. Оқиғаның шешімінде қара құрымдағы сармат ауылын қырып салып, қара қорымды – қара обаға айналдырған Батраздың қылмысы ашылмасына кепілдік болған салт дәстүрі – «сармат тайпасында да моланы ашпау дәстүрі болған» поэманың соңғы шешімінде де көрінеді. «Қазақтың тағы бір ұл, Қағынып туған екен жатырынан» деп тісін қайрап жүрген орынбор генерал-губернаторы поэма соңында Салыққа білдірмей у беріп өлтірген Крыжовскийдің адъютанты да: «Өлікті тексерту де, қайта ашу да. Бұл елдің салтында жоқ» деп миығынан күліп тұрған іс-әрекеті оқиғаның шешіміне айналғандай.

Сарыөзен арнасынан асып, буырқана тасығанда қара оба опырылып құлап, жалаңаштанған сармат сүйектері Батразд қырғынының тарихын, құпиясын ашса, Салық өлімінің құпиясын «Сарыөзен» поэмасында ашылғандай. Жалпы, осы поэмасы арқылы қазақ даласындағы тарихи тұлғалардың өміршеңдігін көркемдіктің түрлі тәсілдерімен жеткізе алған ақынның өзінің де азаматтық борышы аңғарылып жатқандай еді.

Ақынның «Бастау», «Келінтөбе» жыр жинақтарынан кейін «Ғайша-бибі» атты жыр жинағы оқырман назарына ұсынылды. Бұл жинаққа шағын лирикаларымен қоса Е.Раушановтың нағыз ақындық тұлғасын танытқан шығармасы «Ғайша-бибі» поэмасы енгізілді. Қазіргі қазақ поэмасының даму деңгейі төңірегінде ой өрбітсек те алдымен ойға оралатыны Е.Раушановтың «Ғайша бибі» поэмасы еді.

Поэманың мазмұндық-құрылымдық сипаты өте күрделі болғандықтан, таңдаулы жекеленген бөлімдерге ретпен жүргізгенді жөн көрдік. «Ділім – қанағат, дінім – табиғат» деген түркі мақалын эпиграф еткен поэманың «Тізгін қағарында» алда айтылар оқиғадан хабардар етіліп, түркілер тарихынан сыр шертіледі. Түркілер мен түркі еместердің тұрмысы мен салты, тілі, атағы мен даңқы қырланады. Түркілердің түп тарихын жыр тілімен өрнектей келіп, Көк Тәңіріне сыйынған сенімен, көшіп-қонып тірлік кешкенін тілге тиек етеді.

Ауыз әдебиетіндегі жыршылық мәнерді жазба әдебиетпен ұштастыра жырлаған ақынның «Тізгін қағарындағы» кіріспесінің өзі оқырманды бей-жай қалдырмайды.

Ғалайқум-ассалаума бас қонаққа,  
Сонан соң үлкен-кіші жас талапқа,  
Ниетімді жырға бұрдым, жүзімді – елге,  
Хиссасын Ғайша бибі бастамаққа.

Фольклорлық үлгілерде көбіне тыңдарманға әсер ету басты назарға алынатынын ескерсек, ақынның бұлайша сөз бастауының өзі шығарма мазмұнына оқырманын назар аударту еді. Оқиға желісіне өзек болған халық жадындағы аңыз ақын қолданысында мүлде жаңа қырымен танылған.

Бұл өзі жаңам емес, ескім еді,  
Алыстан жаңғырығым естіледі.  
Мақал бар:  
«Түлігім – жылқы, түбім – түркі»,  
Ал, тарттық сол түркіден көштен бері...

Түркілердің түп тарихын қаза отырып, Көк Тәңіріне сыйынған сенімен, көшіп-қонып тірлік кешкенін тілге тиек еткісі келеді:

Бір елдің өткенін хақ көшіп-танып,  
Көк селдір, көркем дала бесік болып.  
Әлі ешкім алдымызға жайған емес  
Сол көштің бума-теңін шешіп беріп,—

дей келе сол көне тарихтың ашылмай жатқан сырлары барын ескертіп өтеді. Ақынның поэмаға арқау етіп отырғаны да сол айтылмай келген түркі тарихының бір қыры еді.

Түркілердің төрт тарапқа кеткен даңқы:  
Бас ұрып түргеш-басмыл бұл табынды,  
Саудаға Самарқаннан жұрт ағылды.  
Ыңыранып, керуен тартып Ұрым, Тибет,  
Елпілдеп елші салды Тұрпан, Үнді.

Түркілер тарихынан шерте отырып, Таластың арғы бетін мекен еткен «кіл батырға билік берген» елді ақын шартты түрде «түрткі еместер» деп алады. Бірақ бұл ел де осал емес көрінеді:

Ері көп, көп майталман алғыры да,  
Аз емес арғымағы, заңды бұ да.  
Көк тіреп сол қағанат тұрса керек,  
Ортақ боп талай жұрттың тағдырына.

Ақынның негізгі ұстанымы да, яғни, адамдар арасындағы татулық пен адал ниет, ізгілік мәселесі екені осы тарауда айқын аңғартылған.

«Жыландар жыры» тарауында Талас жерін мекендеген ордалы жылан тағдыры сөз болады. Адамдардың қара ниетінен отқа өртенген жыландар мен адамдар әлемі қатарластыра алынып, үлкен адамзаттық мәселе философиялық тұрғыдан көркем туындыға сай зерделенеді. «Жыландар жыры» – адамдардың табиғатқа, сол арқылы өздеріне әкелген зауалын жыланның монолог-зары арқылы жеткізе айтып берген көркемдік тәсіл. Фольклорлық дәстүрдегі жыр үлгісін, сондай-ақ соңғы қайталау (эпифора) тәсілін пайдалана отырып, ақын жыланның зары арқылы күллі жаратылыстағы қайшылық пен қиянатты баяндайды. Ел жадындағы аңызда Айша қызды жылан шағып өлтіреді. Поэмада осы оқиға болғанымен, мұндағы сюжет мүлде басқа арнада өрбіген. «Жыландар өмірімен адамдар тағдырын қатар берудің өзінде көне танымды нысанға алудың айқын көрінісі жатыр» деп жазды мифтанушы С.Қондыбай.

Әруақты қастерлейтін халықтың ұғымында сол әруақтардың жылан кейпінде келеді деген сенім бар. «Ғайша бибі» поэмасына да жыландар әлемін енгізудің белгілі бір себептері бар. Зерттеу еңбектерге, мифтанушы ғалымдардың пікірлеріне сүйенсек, дербес өмір сүретін рух жылан кейпіне ие болады, яғни адам дүниеден өткенде оның жаны жылан кейпіне ауып сонда болады. Сондай-ақ, өзіміздің қазақы түсінікте жер астына мекендеген ордалы жыланды қағанат халқы «жылан бауырына алтын басып ұйықтайды» деп, ордаларын қозғап, орданың күл талқанын шығарады. Тотемдік ұстанымда киеге қарсы шыққан адамды қарғыс ұрып бір жамандық болады делінеді. Бұл сенім тарихта, танымды қастерлеу мақсатында да өзіндік кейіпкер дәрежесінде көрінген ана жыланның ішкі монологы – адамзаттың, адамшылықтан алыстап, табиғаттан алшақтауының түбі үлкен қасірет боларын аңғартқандай. Адамдардың табиғатқа әкелген зобалаңын зармен жылаған ана тасаға лақтырады. Жыландар қасіретін толғаған ақын оқиғаны ширықтыру арқылы, келесі орында «қағанатта жылан даусын еститін жалғыз адам» Ғайшаны таныстырады. Бұл тұстағы халықтық дастан, жырларда өлеңмен қара сөзді қиыстыра толғайтын тәсілді қолдана отырып, ақын Ғайша қыздың қандай жан екенін баяндайды.

Ғайша бұрынғы қазақ поэмаларында кездеспеген тың бейне еді. Өйткені оның танымы, ойы мүлде басқа. Ешқандай дінді мойындамаса да, ол Құдайды мойындайтын. Поэмада оқиғаны баяндап беруші ретінде көрінетін автор ыңғайлы тұста негізгі кейіпкер Ғайша туралы түсініктер беріп өтеді. «Ғайша кім?» деген сұрауға автордың хабарлаулары толық жауап береді де, ақын осы тұстан қайтадан ана жыланның зарынан үзілген оқиғаға тыңдарман назарын аударады. Ана жыланның зарын жүрегімен естіген Ғайша қыздың толғанысы терең мәнді көркемдік сипаттарымен айқын көрінеді:

Қайда бастап барады қабарған күн,  
Кімді сөгіп, енді жамандармын.  
Түмен жылан өлген жоқ, өртенген жоқ,  
Түсіп кетті ішіне адамдардың...

Болмады ғой болмаспен белдескеннің,  
Жылан көшті жұртынан сен көшпедің.  
Сыртың – адам болғанда, ішің – жылан,  
Не болды ертеңің жерлестерім?

Қауымдастарының жан түршігерлік пиғылы мен қылығына қарап Ғайша «бұл да адамның өзін Құдай деп есептемегендігінен туындап отырған жай» деп ойлайды. Сол уақытта қаған айтыс өткізген сәтте Ғайша бар ойын осы кезде айтуды ойлайды. Саудагер кейпінде қаған сол айтысқа шығады. Қыз бен жігіт болып сөз қағыстырған қаған мен Ғайшаның сөз саптаулары ерекше ұлттық поэтикалық тіркестердің зор көркемдік үлгілерін таныта алды. Ақын айтысқа тән толық стильді сақтай отырып, екі айтысушының тіліне қоғам, өмір жайлы ең негізгі мәселелерді салады. Ақын қолданысындағы қызмет ауыстырулар сол замандағы халықтың ұғымына жақын, айтылар ойдың мәнін, астарын ұқтырарлықтай бейнелеулер болып келеді. Жалпы Ғайша өзі өмір сүріп отырған қоғамға көңілі толмайды. О. Бөкеев шығармашылығын зерттеушілердің бірі С. Асылбекұлы өз мақаласында «... әдебиетке тән бір ерекшелік – ондағы басты кейіпкерлердің өзі өмір сүріп отырған қоғамға көңілі толмайтындығы, сондықтан да олар бұл әлеуметтік ортаны жатсынып, оған іштей қарсы болады...» [3, 69 б]. Яғни ақын Ғайшаның мінезін осылай көрсетуін әдебиетке тән құбылыс екенін байқаймыз.

Поэмада Ғайшаны өз заманының өресі биік ақыны, өзгеше ақылға ие жан ретінде көрсете. Ақын Ғайшаның әрбір сөзі мінез-қимылынан өзгеше талант пен болмысты таныған қағанның ішкі халі де шынайы сипатталады.

Бір гәпті қырағы қыз аңдап қалды,  
Сол гәпте зіл батпандай салмақ барды.  
Тоқын жұрт сазан қызды алып кетті,  
Қаба алмай әттең деп қармақ қалды.

Осы шумақта біраз жайтты байқатқан ақын Қаған сезімін аңғартатын «Қаба алмай «қап, әттең» деп қармақ қалды» деген жолды еспе қайталау түрінде қолданады. Қағанның ойын білдіретін ішкі монологқа құрылған шумақтар арқылы де ақын кейіпкердің жан дүниесіндегі қайшылықтар мен толқуларды бейнелеген. Ақын психологиялық мезеттермен кейіпкерлерінің бейнесін таныта түседі.

Түйіп айтқанда, поэманың философиялық мәні терең мифтік сарында жазылған деп айта аламыз. Жырдың қара сөзбен аралас келуі, автордың жыршы міндетін атқарып отырғандай көрінуі, қосымша беріліп отыратын түсініктемелер, бір-біріне мән үстеп, мағына қосып отыратын өлең жолдары поэманың маңыздылығын арттыра түседі. Ақын поэмаларының мәнін танытатын адам мен табиғат тағдырының өзгеше қырларымен суреттеген бұл туындылар қазіргі ұлттық поэзиямыздағы нағыз мифологиялық сарында жырланған шоқтығы биік шығармалар дегіміз келеді.

1 Раушанов Е. *Бозаңға біткен боз жусан: өлеңдер мен поэмалар.* – Алматы: Ратирет, 2006. – 384 б.

2 Медетбеков Т. *Алар асуы алда//Комуникативті жол.* – 1985. – 25 июль.

3 Асылбекұлы С. О. *Бөкеев іңгімелерінің поэтикасы. Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Филология» ғылымдары, №4(46), 2013г.*

#### Резюме

**Жанаева А.** – Магистрант по специальности «Казахский язык и литература». *Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы.*

**Научный руководитель: Абдикалик К. С.** – к.ф.н., и.о. профессора, кафедра казахской литературы, *Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы*

#### Основные идеи стихов Е. Раушанова

В этой статье обсуждено основные идеи стихов Е. Раушанова «Сарыозен», «Гайша биби». Поэма «Сарыозен» который написан на историческую тему рассказывает о неизвестной миру мировоззрение поэта. В этой поэме, ситуаций которые развиваются XIX веке через монолог Бабажанова передается жизнь народа. Раушанов передает свои мысли с мастерством, языковыми навыками и рифмами произведения. Поэма «Гайша биби» берет начало от истории тюрков и всестороннее развивает быт народа имеет свой вес. В начале поэмы «Песнь змея» поэт рассказывает о жизни семейство змей, который существовали местности Талас, сапоставляя жизнью людей ... , этим он показывает монолог девушки Гайша с ханом, монолог хана раскрывает и оценивает судьбу человека того времени и умело всесторонно раскрывает судьбу главного героя.

**Ключевые слова:** диалог, стиль, монолог, характер, магия, развязка, тотем, традиционный фольклор, история тюрков и поэтический фразеологизм.

**Summary**

*Zhanaeva A. – Undergraduate specialty «Kazakh language and literature I». Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty city.*

*Abdikalyk K.S. – Professor of Philology. Chair of Kazakh Literature. Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty city.*

**The main idea of E. Raushan's poem**

This article condemned by the main ideas of verses E. Raushanova "Saryozen", "Gaisha bibi." The poem "Saryozen" which is written on a historical theme and shows the unknown world of the poet. In this poem, the situations that develop the nineteenth century through the monologue Babazhanova transferred to people's lives. The poem "Gaisha bibi" originates from the history of the Turks and comprehensive her life of the people has its own weight. At the beginning of the poem "The Song of the serpent," the poet blogged about life family of snakes that exist Talas area's life ... with that he raises and monologue Gaisha girl with Khan, Khan disclose the monologue and open up the destiny of the person.

**Keywords:** dialogue, character, monologue, the ending, of the story, the history, of flics, folklore custom.

**ӘОЖ: 821.512.122.32.09**

**ДУЛАТ ИСАБЕКОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ**

**Ибраева А.Д.** – филология ғылымдарының кандидаты,

*Абай атындағы ҚазҰПУ-дың қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы*

**Қадыров Ж.Т.** – филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.,

*М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті [zhkadyrov\\_777@mail.ru](mailto:zhkadyrov_777@mail.ru)*

**Смағұлова Н.Қ.** – филология ғылымдарының кандидаты, доцент,

*Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті*

Бұл мақалада Дулат Исабеков шығармаларындағы ұлттық таным мәселесі қарастырылады.

Дулат Исабеков әңгімелері мен повестеріндегі ұлттық таным мәселесіне қатысты ұлттық мінез, ұлттық менталитет, ұлттық психология, ұлттық сезім, ұлттық сана, ұлттық тіл қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері арқылы танылып айқындалады. Сондай-ақ, ұлттық ерекшеліктердің белгісі ретінде көрінетін образдардың өзіндік сипаты қарастырылған.

Жазушы әңгімелеріндегі өзгеріске ұшыраған ұлттық болмыстың көрінісін, рухани дағдарысқа ұшыраған қазақы ортаның, ұлттық танымның бүлінуін қоғамның кемшілігі, қасіреті етіп көрсетіледі.

Автордың ішкі психологиялық сезімді, кейіпкер тұлғасын танытуда күлкі, жылау тәсілдерінің шебер қолданысы айқындалады.

Д.Исабеков шығармаларына тән трагедиялық оқиғалардың орын алуы – адамдар арасындағы тасбауырлық, қызғаншақтық, қаталдылық көріністерді беруде оқырманға ой салу арқылы оң шешімін табудағы ізденісін байқатады.

**Түйін сөздер:** әңгіме, повест, ұлттық мінез, ұлттық менталитет, ұлттық психология, ұлттық сезім, ұлттық сана, ұлттық мүдде, ұлттық тіл, психологиялық диалог, психологиялық пейзаж, психологиялық параллелизм, психологиялық сезім, психологиялық тәсіл, қайта оралу, күлкі, жылау, трагедия.

Д.Исабековтің шығармалары – өмірдің өзінен алынып, айналадағы күнде көріп жүрген құбылыстар өзіндік құнарлы да қарапайым тілімен әлеуметтік деңгейге дейін көтерілген шыншыл туындылар. Суреткердің арнасынан асқақтамай, қысқа да жинақы жазылған әңгіме, повестерінде адам өмірі, табиғи тазалық, адамгершілік, қазақы мінез, қоғамдық өзгерістер шынайы суреттелген.

Жазушы шығармаларында («Ескерткіш», «Бонапарттың үйленуі», «Талахан-186», «Қара шаңырақ», «Кемпірлер», «Ай-Петри ақиқаты», «Шойынқұлақ» және т.б.) көбіне қоғамды тікелей әлеуметтік айыптау, сынау-мінеу жоқ, жазушы, керісінше, салқын қанды әңгімеші ретінде көрініп, кейіпкерлерін әлеуметтік - психологиялық типтер деңгейіне көтере, сюжеттерді күлкілі ситуация төңірегінде өрбіте отырып, үлкен философиялық жинақтауға қол жеткізеді.

Дулат Исабековтің «Талахан-186» әңгімесі туралы біршама тұжырымдар, пікірлер айтылды. Бір оқып шыққан адамға еріншек қазақтардың болар-болмасты сөз қылған пайдасыз тірлігінен хабар берер әңгіме сияқты көрінгенімен, зер салған оқырман Кеңес үкіметі тұсындағы әлеуметтік қоғамдық тоқыраудың адам психологиясына, ұлттық менталитетке еткен әсерін, яғни, рухани тозған кейіпкерлер іс-әрекетінің бағамдары сөзсіз. Автор бұл әңгімесінде бүгінгі күн, өмір шындығынан ауытқымайды. Осы туындыдан біздің қоғамның барлық кемшілігі, қасіреті айқын көрінеді. Қаламгер

шығармасында «мына әдеттен без, мынаны үйрен» дейтін жалаң дидактика жоқ, тіпті ешқандай тұжырым да айтылмайды. Өйткені айтарлықтай оқиға да жоқтың қасы, әңгімеде тек шындық, өзгеріске ұшыраған ұлттық болмыс көрінеді. Жалпы жазушы өзінің уытты тілі арқылы аңқау да бейғам қазақ ауылын суреттегені анық болғанымен, оның әңгімесінің негізгі арқауы – сол замандағы рухани дағдарысқа ұшыраған қазақы орта, ұлттық танымның бүлінуі.

Жазушының «Қара шаңырақ» әңгімесі – ұлттық мінездің негізі ауылмен байланысты екенін тағы бір аңғартатын туынды. Жаппай қалаға көшу, ауылда қалған ата-баба қонысы, үлкен үй саналатын қара шаңырақты күзетіп шал мен кемпірдің қалуы қазақ даласына енген рухани және материалдық өзгерістердің ұлттық менталитетке тиген әсерін айқындай түскендей. Қазақы қара шаңырақтың қасиетті белгісі – бесіктің жастар қолданысынан шығып бара жатқанына деген қынжылысты сезінесіз. Немесе ұлттық мінездің заман өзгеруімен түрленгенін Есіркептің әкесіне: «Көке, сіз демала беріңіз, біз тамақ даярлап жіберейік», – деуінен тағы бір аңғаруға болады. Қазақ халқында қашан да ер-азамат қазан-аяққа араласпаған, бұл отбасы анасының еншісіндегі дүние екені ықылым заманнан белгілі. Міне, қаламгер осындай кішкентай эпизодтарды шым-шымдап әңгімеге енгізу арқылы қазақы ұлттық мінездің өзгерісін көз алдыңызға әкеледі. Қазір біздің қоғамда үйреншікті болып кеткен әрбір іс-әрекеттің тарихи салт, әдет-ғұрып емес, кейіннен таңылған құбылыс екенін үнемі есіңізге салады. Атақонысқа ие болу, қасиетті қара шаңырақтың отын өшірмеу ер-азаматтың міндеті емес пе еді? Әңгіменің «Қара шаңырақ» аталуы да тегін емес. Қара шаңырақтың иесі саналатын үйдің кенжесі Есіркептің: «Кішкентайды бала бақшаға орналастырамыз», – дегені Шөмішбай қарттың үмітін үзіп, жігерін құм қылды. Бұның өзі – қазақ ұлтындағы ұрпақ тәрбиелеп, өсіруде ата – әже орнының жоғалып бара жатқанының көрінісі. Жастайынан әже әлдиін, ата ертегісін, ұлағатты сөзін тыңдамай өскен ұрпақтың бойында ұлттық менталитеттің, қазақша айтқанда, ділдің берік болуы – екіталай нәрсе. Бұл да – «балаларын өскенше, немерелерін өлгенше бағатын» қазақтың ата-әжелерінің бейнесін толықтыра түсетін әңгіме» [1,243].

Ұлттық психология төрт белгіге: ұлттық мінездің негізгі нысандарына, ұлттық сезімге, ұлттық санаға және ұлттық мүддеге қатысты. Ұлттық мінездің нағыз көрінісі – қонақжайлық жеке дара қасиет емес, қазақ халқының ұлттық ерекшелігін танытатын қасиет. Қонақжай қазақы мінезге ұлттық тағамды тұтыну, сол арқылы өзара сыйласудың әдеті мен әдебі аясында баға беруді Д.Исабеков қағыс қалдырмаған. «Ақырамаштан наурызға дейін» әңгімесіндегі алғашқы жолдар бала күннен бәрімізге тән ауылдың қонақжайлығы айналасында өрбиді. Бірінсіз-бірі піскен асты алдарына алмайтын тату-тәтті көршілер арасының, құдайы қонақ келсе, қазан асуға жүгіретін қазақы салт іргесінің, ауылдағы қарым-қатынастың кеңестік идеология әсерінен бұзылуы, яғни, «арғы ата-бабама, әкеме тіл тигізді» деп пошташы Отардың падашы Кемпірбайдың үстінен акт жазып, оған куә адамдарға қол қойдыртып, оның аяғы жолдастық сотқа апаруы – ауылда бұрын-соңды болмаған дау шешудің тосын жолы. Қазақтың сөзге тоқтаған тамаша қасиетінің, үлкенді сыйлау, алдынан кесе өтпейтін жақсы салтының жоғалуы ауыл шалдары арасындағы сыйластықтың кеміп бара жатқанын көрсетеді. Ұрпақтың ұлттық мінезді, ана тілді жоғалту мәселесі ақын-жазушыларымыздың өзекті тақырыптарының бірі болып табылады. «Ұлт», «ана тілі», «ұлтжандылық» деген ұлы мәселелерді қоғамға жар салып айтпақ түгілі, ол туралы ойлаудың өзі қылмыс болған кеңестік саясат кезінде-ақ Д.Исабеков – өз шығармалары арқылы қазақ тілінің бейшара кейпін, тілдің жұтанданып, әлеуметтік, қоғамдық-саяси ортада қолдану аясының тарылып бара жатқанын шынайы көрсете алған батыл жазушы.

Тіл – ұлттың жаны. М.Жұмабаевтың: «Тілсіз ұлт тілінен айырылған ұлт болып жасай алмақ емес, ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарты – тілі болуы. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарих - тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады» [2,28], – дегенін еске алсақ, ұлттың өмірі, ұлт мінезінің сақталуы бірден-бір ұлтқа қатысты екенін көреміз.

Қаламгердің шығармаларында социалистік идеологияның басты міндеттерінің бірі – орыстану, қазақша ойлаудан, сөйлеуден бас тартқызу екенін әшкерлейтін эпизодтар байқалып қалады. Әңгімелері нақ кеңестік заман тұсында өмірге келгенімен, парасатты жазушы тілден айырылған ұлттың бірте-бірте өзіндік ұлтқа тән мінез-құлықты жоғалтатынын ерте сезініп, астарлы юмор арқылы осы мәселені көтере білді.

«Дулаттың «Қара шаңырақ», «Шалдар», «Кемпірлер» деген үш новелласы оның қаламына тән бір қасиетті, яғни, бүгінгі ауылдың этнографиялық хал-ахуалын жетік білетінін және оны реалистік бояумен тартымды етіп бере алатын мүмкіндігін көрсетеді» [3,242].

«Талахан-186» әңгімесіндегі: «Шын аты Бектұр, бірақ ол мектепке барған жылы осы аудандағы қазақтар арасында орысша аталу мода болды да, ол атын Виктор деп өзгерткен болатын», – деген жолдар да қазақы ауылдағы саясат өзгерісін жіті бақылағандай. Жазушы осы тұста қазақ халқының бойындағы еліктегіштік қасиетті де қалыс қалдырмаған. Қанша жерден қатал саясат болса да, ешкімнің азан шақырып қойған атын зорлықпен өзгерте алмайды емес пе? Тілдің қолдану аясы тарылып, барлық іс орыс тілінде жүргізілгендіктен, қазақша адам есімінің қадірсіз болғанын қаламгер бір ауыз сөзбен аңдатады.

Бұл – нағыз қазақы ұлттық мінездің саясат салдарынан өзгеріске ұшырауын дәлелдейтін жолдар. Әйтпесе, ықылым заманнан бері баласына ат қою дәстүріне сонша мән беріп, оны ел ішіндегі беделді адамдардан қалап алып, ырымға балап, молданың азан шақыруымен жария ететін тамаша дәстүр оралмасқа кетті. Сөйтіп, «саяси оқиғалардың тірі көрсеткішіндей Октябрь, Социал, Аврора, Потемкин, Рева, Люция, Коммуна, Стахан, Чапай, Щорс, Роман, Роллан, Максим, Маркс, Энгельс есімді балалар көше-көшелерде құлындай шауып жүрді» [4,477].

«Социализм зәулімі» әңгімесіндегі мына жолдарға назар аударайық: «Жиналыста отырған жиырма бір адамның бәрі қазақ, қазақ болғанда да көпшілігі орысша білмейтін, білсе де, суды «уада» дейтін қазақтар еді ғой, оған қарамастан, Оспан өз ойын түп-түгел орысша айтып шықты. Сөз орысша айтылған соң жұрттың бәрі ұйып тыңдады». Міне, «шаш ал» десе, бас алатын» қазақтың мінезі, бұл жерде жазушы қазақтың еліктеп асыра сілтейтін жаман қасиетін, тобыр санасын сынға алып отыр. Күлкіден гөрі жылағыңыз келеді. Жиналыста отырған қазаққа «орысша сөйле» деген ешкім жоқ. Солай бола тұрса да, саясаттың салқынымен бір-бірімен ана тілінде сөйлесуді ұятқа санаған мәңгірт сананың нәтижесі – бұл.

Д.Исабеков – шығармаларында өз халқының кемшілігін көріп, аяусыз сынап алған батыл жазушы. Ұлттық характерді ашу дегеніміз – сол ұлттың қасіретін, қарекет, тіршілігін, тағдырын бүркелемей сыртқа шығару. Автор осынау аса қиын, аса маңызды күрделі мәселеге өзінің көркем туындылары арқылы жауап іздеуді мұрат тұтқан.

Зерттеу нысанына алынып отырған суреткердің адамгершілік-парасаттылық сияқты мәселелерді көтерген шығармаларынан байқалатын басты ерекшелік – адамның ішкі әлемін, рухани сырын айқын аңарту. Осыдан бастау алып, жалғасын тауып жататын жаңалықтың бірі – жазушы қаламынан туған көптеген шығармаларға тән тамаша нәзіктік, сазды сыршылдық, әдемі әуездік. Жазушы шығармашылығындағы кейіпкер психологиясының ашылуы олардың сөйлеген сөздері арқылы, іс-әрекеттері, ішкі монолог, психологиялық диалогтар, ым-ишарат, жест, бет құбылысы, дене қозғалысы, психологиялық пейзаж, параллелизм, деталь, портрет, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі талдау, өзіндік таным, түс көру, сандырақтау, күлкі, жылау, сыр ашу және т.б. арқылы жүзеге асып жатады.

Қ.Ергөбек: «Дулат Исабеков – мейлі өткен күн тағылымын айтсын, мейлі бүгінгі күн шындығын жазсын, қайда да, қашан да – шынайы суреткер. Айтарын характер арқылы бейнелей айтады, жазарын көркем детальдарды ойната құбылтып ашады, шығарманың көркемдік формасы жұтынып, композициясы дөңгеленіп шып-шымыр шығады» - деп, қаламгер туындыларына тамаша баға берді [5,123]. «Пері мен періште» повесіндегі Құлахмет ағайдың Сафураға алған біз өкше туфлиі, Нәзікетке арнаған қызыл лентасы мен жинаған ірі-ірі қып-қызыл алмалары да деталь қызметін атқарады. Қызыл лента Нәзікеттің бұрымына арналған. Қазақ отбасындағы бұрымды кішкентай қыздың қызыл алмадай өсіп келе жатқандығының белгісі. Қызыл түс – әдеміліктің, қызғалдақтай балғындықтың символы. Жазушы Құлахметтің көңіліне қуаныш орнатқан кішкентай ғана ботақанын өз отбасында, әке-шешесі қасында, қызғалдақтай өсіп келе жатқан періште көңілді Нәзікетті біз өкшелі Сафурадай шешесінің жұлып алып кетуін деталь дәлдігімен бере білген. Авторлық таным тұрғысынан біз өкшелі туфлидің өзін деталь ретінде алып, оны біздіген Сафура характерімен психологиялық параллелизмде суреттейді.

Д.Исабековтің «Мазасыз күндер» повесіндегі: «Әйел кеткен соң есімде елес болып қалған нәрсе оның оттай жанған шырайлы жүзі мен жалт еткен жанары ғана болды. «Ол жанар – аптабы қайтпаған өмірді жырлап тұрды. Ол жанар қазаны төңкеріліп, қасығы сынған ішкі бір дүниенің шама-шарқын баян етіп тұрды» [4,50], – деген жолдар кейіпкердің бір қарағанына осынша терең мәнді сыйдыра білген қаламгердің әйел психологиясының білгірі екенін тағы бір аңғартса керек.

Көз жанарының түрлі сипаты арқылы адамның ішкі дүниесінде болып жатқан түрліше психологиялық хал-күйді таныту арқылы жазушы кейіпкерлерінің образдарын тереңдете ашып көрсетеді. Ал, «Сүйекші» повесінде жазушы сүйекшінің барлық ауыр тұрмысын бір сәттік көзқарасы арқылы аңғарта білген. Адам мен қарым-қатынас, әңгімелесу үстінде өзгенің бет-әлпетінен тек сол

сәттегі эмоциялық сезімді, көңіл-күйді ғана емес, оның бүкіл ғұмырынан сыр шертер нәзік нюанстарды аңғара алатынын сезімталдықпен паш ете білген.

Д.Исабековтің «Гауһар тас» повесіндегі Салтанаттың бойындағы керемет назды да биязды қылығын хас жазушыға тән шеберлікпен бере біледі. Бұл тұрғыда кейіпкердің болмысын ішкі-сыртқы бірлікте суреттей отырып, аса дарынды суреткер екендігін танытады. Жаңа келін болып түскен Салтанаттың ерекше жаратылысын, нәзік табиғатын, ұлттық психологияға тән портретін мінездеуде ашық сипатталады. Ұлттық психологиялық портретті Салтанаттың ұлттық жақсы қасиеттерді бойына мол жинақтаған жан иесі екенін жан-жағына қараған ибалы көз жанарын суреттеу арқылы ұқтырады.

Д.Исабеков шығармаларында кең қолданылған адамның ішкі иірімдерінен хабар беретін тәсілдердің бірі – күлкі. Күлкінің әдебиет пен өнердегі орны ерекше. Ол адам санасы мен мінез-құлқындағы қуанышты, өмірлік қуат пен күшті бейнелей отырып, адамдар арасындағы әр түрлі қарым-қатынасқа негіз болады. Екінші жағынан, күлкі қоршаған ортадағы қарама-қайшылықтарды сынап-мінеу үшін, одан адамның эмоциялық жерінуін аңғарту үшін де қолданылады. Күлкінің мәні турасында Аристотель, Кант, Чернышевский т.б. өз тұжырымдарын айтқан болатын. Күлкі – сонымен бірге ішкі психологиялық сезімді беруде де таптырмайтын құрал.

Д.Исабековтің «Гауһар тасындағы» ерлі-зайыпты Ыбыш пен Салтанаттың екі түрлі болмысы да осы күлкіге байланысты ашылады. Бақытты күлкі ойнаған әсем еріндерінің ар жағынан көрінген аппақ әсем тістері төгіле кететін ақ маржан секілді тізіле қалған. «Сөз соңын оның сыңғырлаған күлкісі көміп кетті. Әдемі күлкі, ерке күлкі». Оның бұл сөзі мен күлкісінде еріне деген жарасымды әжуа, жеңіл ғана байқалмас наз жатыр еді. Салтанатта реніш те, зіл де жоқ, керісінше, нәзік әйелдің катал еріне деген таңырқауы, сонымен бірге нәзік құрмет пен нәзік сезім жатыр. Адамның адамгершілік қасиетін анықтауда, оның рухани байлығын биік азаматтық тұрғыда түсіндіруде махаббат тақырыбының ерекше маңызы бар. Адамның ескірмейтін, тозбайтын осы бір мөлдір сезімін жазушы жете зерттей отырып, жас келіншектің нәзік жүрегінің лүпілін оқырманға сездірту арқылы өмірге құлшындыратын өршіл сезім күйін тап басады. Күйеуінің тоң мойын тұйық мінезін Салтанат тек күлкіге айналдырып, әзілге жеңдіріп жүреді. Өзінің еркін де ерке жаратылысына сай «барлығы да жақсылыққа қарай өзгереді» деп сенеді. Жалпы Д.Исабеков шығармаларында күлкінің кейіпкер психологиясын ашудағы орны ерекше екенін атап айтқан жөн.

«Дулат Исабековтің «Талахан-186», «Ескерткіш», «Бонапарттың үйленуі» атты әңгімелеріндегі күлкі де – осындай арлы, ақиқатшыл күлкі. Күлкі шақыратын әрбір емеуріннен, әрбір детальдан автордың уайымы мен күйзелісі «мен мұндалап» тұрады. Бұл қасиетті тек жазушының шеберлігіне жатқыза салу аздық етеді, мұндай қасиет яки арлы күлкіні ояту және оны оқырманның жүрегіне жеткізе білу – сирек дарынның қолынан ғана келетін сирек қасиет. Ілуде бір кездесетін қасиет», – деп [6,13] айқындап берді Әмірхан Мендеке жазушының шығармалар жинағына жазған алғы сөзінде. Шынында да қаламгердің шығармаларында кездесетін езу тартқызар оқиғалар арзан күлкіге емес, осы айтылған ақиқатшыл күлкіге негізделгені зер салып аңдағанға айғақ нәрсе.

Адам баласындағы күлкіге қарама қарсы эмоциялық күй – жылау. Жазушы өз туындыларында осы процестің түрлі сипаты арқылы да кейіпкерінің жан түкпіріндегі елеулі жайттарды жарыққа шығара біледі. Сондай-ақ «Тіршілік» повесіндегі жылаудың түрліше сипатын (еңіреп жылау, зарлап жылау, дауыстап жылау) саралай жіктеуі арқылы оқиғаның бояуын қалыңдатып, жалпы жұртшылықтың ішкі күйін танытады. Үнсіз жылаудың өзін жеке мен көптің басынан өткеру арқылы шебер пайдаланады. Жапан далада жалғыздықпен бетпе-бет қалған Қыжымкүлдің хал-күйі оқырман аяушылығын тудырады.

Адам басына түскен ауыр қасіреттің салмағын шегіне жеткізе суреттейтін тұста да жылауға тән түрлі эмоциялық сәт көрсетілген (жалғыз өзі жылау, айғайлап дауыстап жылау немесе үздіксіз, оқтын-оқтын жылау).

«Алдымен үнсіз жылайды, сәлден соң қан тамырларынан қан емес, кермек, жылымшы су жүгіріп жатқандай шым-шым жас төмен құйылады кеп, сонан соң кеудесінде өксік қайнап, ішке сыймай лық етіп алқымға тіреледі. Қыз өзін-өзі ұстауға мұршасы жетпей, дауыстап жылап жіберді» [4,128].

Д.Исабеков шығармаларына тән тағы бір өзгешелік – қарапайымдылықпен, күлкімен, ұятты тілмен қатар трагедиялық оқиғалардың орын алуы.

Жазушы шығармашылығында трагедия белгілі бір дәрежеде кездесіп отырады. Жоғарыда айтып өткен «Гауһар тас» повесіндегі қазақ қызына тән барлық асыл қасиеттерді бойына жинақтай білген Салтанаттың қаза табуы оқырман жүрегін жаралайтыны сөзсіз. Салтанат өлімі «қолда барда



алтынның қадірі жоқ» деген халқымыздың қасиетті қағидасын еске салады. Өмір бар да, күнделікті қым-қуыт тіршілік бар да адамдардың бір-бірінің бағасына жетпейтіні – мынау қысқа ғұмырдың ащы шындығы. Бір ерекшелігі: Дулат Исабеков шығармаларының дені трагедиямен аяқталады. Өлім, өмірмен қоштасып бақилық болу, арманына жете алмай, жан тәсілім ету, қыршынынан қиылу неге жиі кездеседі? Оқырманды осы сауал мазалары хақ. Бұл – кейіпкерлердің басындағы қасірет қана емес, тұрлауы жоқ алдамшы өмірдің жалғандығын сезініп үлгермеген, сондықтан да қамшының сабындай қысқа өмірде бір-бірінің бағасына жете алмаған тірі жүрген барша жандардың да қасіреті. Салтанаттан бастап, ақыр аяғы «Қабылан» әңгімесіндегі иттің өлімі де – адамдар арасындағы тас бауырлық, қызғаншақтық, каталдықтың нәтижесі. Міне, жазушы философиясының құдіреттілігі де осында. Жалпы Д.Исабеков шығармаларының ерекшелігі сонда: оны бір жақты қабылдау – қиынның қиыны.

Жазушының «Сүйекші» повесі де аянышты. Тоғыз жасында әкесі қолынан жетектеп әкеп, бір байдың үйіне аманатқа тастап кеткен Тұңғыштың өмірі қайғы-қасіретке толы. Сүйекшінің өлімі ың-шыңсыз өмірден кетуімен емес, оны осындай жағдайға душар еткен жандардың өз істері үшін ар жазасына ұшырауымен анықталады. Бұл қайғының бәріне кім кінәлі? Әрине, адам бойындағы қызғаншақтық, зұлымдық, мейірімсіздік кінәлі. Неге адамдар бір-біріне сонша мейірімсіз, сонша қатыгез? Бұл сауал тек «Сүйекшіде» ғана емес, Дулат Исабеков шығармаларының барлығында дерлік ұдайы қойылып отырады. «Гауһар тастағы» Ыбыштың өз жары – Салтанатқа деген жібімес каталдығы, «Тіршіліктегі» туған перзенті Қыжымкүлді тағдыр тәлкегіне ұшырағаны аз болғандай өз қолынан қаңғыртып жіберген әке қатыгездігінің тамыры қайда жатыр? Оның нәтижесі бейкүнә Салтанаттың мезгілсіз қазасы, Тұңғыштың аянышты өлімі, Жәдігердің апаты, Қыжымкүлдің сұрқай тіршілігі, оның іштен шыққан перзентінен қалған ұрпақты бір көре алмай, көз жұмуымен аяқталады. Салтанаттың қыршынынан үзілуі Қайрекеннің өз-өзін, қоршаған ортаны түсінуге, адамдар арасындағы қиын да шешілмес жұмбағы мол қарым-қатынасты пайымдауға деген алғашқы қадамына негіз болғаны анық.

Дулат Исабеков қаламына тән тағы бір психологиялық тәсіл – қайта оралу сарыны. Оның мәні – кейіпкердің өзі туып өскен ортамен, туған жермен, ата-баба қонысымен, отбасымен қайта қауышуы. Қайта оралу уақыттың қайта оралмас қозғалысын сезіну үшін де, қолда барды бағалай білу үшін де, ақырында өзінді-өзін түсіну үшін де қажет.

Адамның адамгершілігі, қайырымдылығы осындай қысылтаяң кездерде сыналатыны белгілі. Бір сәттік іс-әрекет үстінде Хасеннің бар болмысы, арамдығы тайға таңба басқандай анық білінді. Әңгімені оқи отырып, Мақсұттың далада қалғанына емес, керісінше осындай аяушылығы жоқ, арам жігітті болашақ жары ретінде таңдаған Дүрияға ренжіген сәтте сұлу қыздың қайта оралғанына қуанбаған оқырман кемде-кем шығар. Қайта оралу арқылы арамдықтан қашқан, адалдыққа жол тартқан Дүрияның келешегін көз алдыңызға елестетесіз. Жол үстіндегі осы бір қысқа сәт әрбір кейіпкердің адамгершілік тұлғасын сараптап берді. Жазушы шеберлігі де осында, ол ешқашан өз оқырманын тізеге салып оқытудан аулақ. Шығарманы оқи отырып, кімнің кім екенін бажайлауды оқырман еншісіне қалдырады. Немесе Алданыштың («Шойынқұлақ» әңгімесіндегі) сүйгені Нәзираға ренжіп, орақ басынан кетсе де, туған жерге, тыңға қайта оралуы көңілге қуаныш ұялатады.

«Қара шаңырақтағы» Есіркептің әке-шеше шаңырағына түнделетіп жетуі де – осы қайта оралу сарынының көрінісі. Ата-ананың қара шаңырағына келіп, бауырларын сүйіп, мауқын басқан ол бала-шағасымен келуге уәде береді. Немесе «Пері мен періште» повесіндегі Сафураның сегіз ай сергелденнен соң Құлахметке қайта оралуы ше? Оны құлай сүйген Құлахметтің кешіруі әбден мүмкін, ал, қалың оқырман бұған қалай қарайды? Сафураны түсіну үшін ең әуелі Құлахметтің жанын түсінген жөн болар. Десек те, өз бақытын іздеп сандалған Сафураның ақыры соңында отбасына қайтуы – жазушының ерекшелігін танытатын көркемдік тәсіл.

Д.Исабеков кейіпкерлерінің характері мен тағдырын тек таза тұрмыстық көзқараспен бағамдау мүмкін емес. Оның қай кейіпкерін болсын, бір жақты түсіндіру қиынға соғады, өйткені оның қазақы, аңқау да аңғал кейіпкерлерінің бойынан кәдімгі адамға тән барлық жақсылық-жаманды қасиеттерді табуға болады. Жазушы қаламының ерекшелігі де осында: ол өз шығармаларында жалаң дидактика ұсынбайды немесе кейіпкер іс-әрекетін талдамайды, бұның бәрін оқырман талқысына салады. Оның кейіпкерлері бастан кешіретін іс-әрекет, оқиғалардың сан түрлілігі, ешкімге ұқсамайтындығы (ескерткіш орнына адамды уақытша тұрғызу идеясы, Есіркептің басындағы қызықты оқиға, посылкадан басталған дау, Бонапарттың сүндетке отырғызылуы, помидор өскен апан басындағы жанжал дейсіз бе, әйтеуір толып жатқан ерекше жағдайлар мен оқиғалар) кеңестік дәуір кезіндегі

қалыптасқан сюжеттерден көш ілгері болғанын мойындауымыз керек. Оның шығармаларына негіз болатын өзек – адам өмірі, өлім, махаббат, қуаныш пен қайғы, жақсылық пен жамандық. Бір оқығанда, ауыл адамдарының қалжыңына құрылған оқиғалар сияқты болғанымен, әрбір шығармадағы оқиға сыртында адам тағдыры, адамның рухани өмірдегі алшақтықтан шаршауы, қоршаған ортаны түсінбестіктен туған дағдарыс басты орын алады.

Қаламгердің туындыларында хаттың көркемдік мәнде жұмсалуды арқылы кейіпкердің даралық сипаттары, мінез иірімдері кеңінен ашылады. Көркем прозадағы хаттың мәнінің фольклорлық шығармалардан бастау алатын көркемдік қызметін талдай отырып, Г.Пірәлиева былайша ой тұжырымдайды. «Хат-хабар беру қызметімен қоса жеке адамның ішкі ойына ерік берер, құпия интимдік сезімдерді де сыртқа шығарар көркемдік тәсілдердің бірі әрі психологиялық талдаудың бір түрі» [7,167]. «Пері мен Періште» әңгімесіндегі туысына ағынан жарылған хаттағы ойлар арқылы кейіпкер жан дүниесін мазалаған жайттардың сыры ашылады. Құлахметтің іштей дағдарысқа түсуі, жалғызсырауы, өзінің ішкі дүниесін ақтаруға адам іздесуі арқылы адам психологиясында өтіп жатқан процестерді жайып салады.

Ал, «Тіршілік» повесінде шебер суреткер хатты жақсылықтың, қуаныштың жаршысы ретінде пайдалана отырып кейіпкерлер өмірінің мәнін-мазмұнын айқындайды. Өмір түйтіклерінде теперішті көп көрген екі қарттың көз қуанышы – немересінің ата-әкеге деген мейірімі арқылы ұрпақ жалғастығын паш етеді. Адамдар қарым-қатынасындағы хаттың рөлі арқылы кейіпкерлерінің жан әлемін жарқырата ашу осы шығармадан анық көрінеді. Томаға – тұйық, шағын ауылдың адамдарының арасындағы кикілжің себепкері де осы хат арқылы өрбиді.

Жалпы жазушы шығармаларының қай-қайсысында көңілі тоқ, өз өміріне риза кейіпкер жоқтың қасы. Оның «Сүйекші», «Тіршілік», «Дермене» повестерінде өмірлері қара күшке, әлеуметтік жағдайға тәуелдікпен өткен адамдардың күресі суреттеледі. Адамдар тағдырындағы трагизм – «кішкентай адам» өміріндегі арман – мұрат пен кешкен ғұмыр арасындағы сәйкессіздік, адам билігінен шығып кететін түрлі оқиғалар, адам баласының «жатыр түнек пен көр түнек» арасында шырқырап жүріп бастан өткеретін азабы – әдебиеттің негізгі сюжеті болса, бұл сюжетті өз шығармашылығының өзегіне айналдыру – жазушының қолынан келер шаруа. Кемел жазушы туындыларында оқиғалардың өзі типтік емес жағдайлардан туындайды, яғни, кездейсоқ ситуациялардан өрбиді. Алайда трагизмге апаратын жол тек бұл емес қой. Жалпы жазушы трагизмінің негізі неде? Оның кейіпкерлерінің көбі азап шегіп жүреді, жеңіліс тауып, қайғы құшып жатады. Бірақ зерделей келсек, шығармаларында жақсылық, ізгілік атаулы көбіне бойкүйездік, зорлық-зомбылықтан жеңіліс тауып жатса да, жазушы үшін табан астында болған жекпе-жектегі жеңістен гөрі адам баласының рухани ішкі жеңісі қымбат. Бұл тұрғыдан алғанда оның кейіпкерлері өздерінің рух мықтылығымен ерекшеленеді. «Дерменедегі» Омаш, «Тіршіліктегі» Дәулетбай, «Сүйекшідегі» Үкітайдың ақыр соңында жеңіліс тауып жататыны кездейсоқ емес. Осы ретте Д.Исабеков шығармаларын оқи отырып, өмірдің басты мәні тіршілікті барынша мағыналы өткізу екенін аңғарасыз. Жинақтай келгенде айтарымыз: әдебиеттің негізгі объектісі – адам болмысының сан қырлы құпиясын ашуда қарымды қаламгер психологизм үрдісінің өзіне тән айшықтарын қалыптастырған. Шығармашылық жолы көркем өнерге қатаң талаптар қойылған тұста дамып, өркендегенмен, өз заманынан оқ бойы озық тұрудың әдісін тапқан суреткер кейіпкер жан дүниесіне үнілуде жалпы адамзаттың өркениет қалыптастырған ізгі дәстүрлерін ұстанған. Әрі оны өзіндік өрнегімен байытқан, жоғарыда талдап көрсеткеніміздей, адам жаратылысындағы ішкі-сыртқы қасиеттердің көркемдік мәнін түрлендіре, құбылта көрсету жолымен өз кейіпкерлерінің жан әлемін жарқырата көрсетіп, оқырман жүрегіне бойлай білген. Бет-пішін, көздің жан-дүние сырын танытудағы түрліше ролі әр шығармасында әр қилы мән иеленген. Ал, түс көру сарынының көркемдік қызметі Д.Исабеков прозасында бұрынғыдан байып, адамның жан қалтарысының тереңіне бойлау құралы ретінде көрініс тапқан. Екі ұдай сезім сипаты: жылау мен күлудің кейіпкер тұлғасын танытудағы мәнері де өзгеше. Жағымды, жағымсыз эмоциялық хал-күйлердің алуан түрлі сипатына үнілу арқылы суреткер кейіпкер тұлғасын сомдаудың өзгеше өрнегін жасаған.

1 Орда Г. Әңгіме. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: 2005.–Т.9. – 242 б.

2 Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Білім, 1996. Т.3. – 289 б.

3 Қаратаев М. Дәстүр және жаңашылдық. – Алматы: 1980. – 158 б.

4 Исабеков Д. 2-томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1993.– 497 б.

5 Ергөбек Қ. Ұлтын сүйген жүрек үні. //Қазақ әдебиеті:1992, №10. – 9 б.

6 Әмірхан М. Мәңгілікпен межелеу. // Егемен Қазақстан: 1992, №7. – 4 б.

7 Пірәліева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. Алматы: Алаш, 2003. – 328 б.

#### Резюме

**Ибраева А.Д.** – канд. филол.наук старший преподаватель КазНПУ имени Абая

**Кадыров Ж. Т.**, к.ф.н., доцент, зав. кафедрой «Казахская филология» Северо-Казахстанского государственного университета им. М.Козыбаева, [zhkadyrov\\_777@mail.ru](mailto:zhkadyrov_777@mail.ru)

дей келіп, ақын халық басына осындай қаралы күн туған шақта ел қамын жеп, оның жаны мен арына, малы мен басына қорған боларлық елдің арқа сүйер батыр ұлы – Сұраншыға ойысады. Ел адамдары жаудан құтылудың жалғыз үміті Сұраншы батырда екеніне тоқтасып, батырға хабар беруге қос атты хабаршы жібереді. Бұл көрініс шығармада едәуір орын алады. Хабаршылардың Сұраншыға келіп жеткен жері дастанда былай жырланады:

Сұраншыға жетті де,  
Жығылды қарттар атынан.  
Сорғалап аққан жасынан.  
Арыстан мүше жас батыр

Сүйеді келіп басынан...

Қарттардың осы әңгімесінен кейін жырдағы Сұраншы батыр тұлғасы бұрынғыдан да даралана түседі:

Дауыл соққан теңіздей,  
Күш көбігін сапырды.  
Алатауды қозғалта,  
Қырға шығып ақырды.  
Буырқанды, бұрсанды,  
Ақтұяққа ер салды...

Сұраншы бейнесі мен оның батырлық тұлғасын даралау үшін ақын дастанда халықтың батыр мен батырлық туралы дәстүрлі ұғым-түсініктеріне мейлінше жақын келеді. Батырлар жырларындағы ерлерге тән кейбір ерекше белгі-қасиеттерді Сұраншыға тели суреттеп, оның өзінің болмыс бітіміндегі айрықша қасиеттерге халық ұғымындағыдай дәстүрлі сипат береді. Соның нәтижесінде, Сұраншы образын жасаудағы Жамбылдың ақындық ерекшелігін ұстаз осы жайттар арқылы байқатады.

Дастанда Сұраншы батырдың Қоқан шапқыншыларына қарсы соғысы үлкен ақындық шабытпен шынайы суреттеледі. Соғыс қимылдары бейнелеген көріністердегі Сұраншы орасан зор күш иесі, үлкен батыр ғана емес, соғыс айласы мен тәсілдеріне жетік, озық ойлы, кемеңгер қолбасшы ретінде де оқушыға жақсы әсер қалдырады. Ел намысын қорғаған ақтық айқаста азулы жауды жеңу үшін қуатты күш-қайратпен қоса айла да қажет екендігін өсиет еткен Қарасай батырдың кескілескен ұрыстағы амал-тәсілдерін ой елегінен өткізе келіп, Сұраншы да үлкен әскери айла жасайды. Соның нәтижесінде Сұраншы жеңіске жетеді. Қаннен-қаперсіз жатқан жаудың алдыңғы шебінің ордасы ойран болып, елге зорлық көрсеткен Қоқан бектері Сұраншы батыр сарбаздарының ойсырата соққан соққысының астында қалады.

Дастан жас жеткіншектерді елін сүйуге, оны көздің қарашығындай қорғап-сақтауға тәрбиелейтін құндылығымен қымбат. Өйткені, Сұраншы батыр секілді әділдік үшін, халқының еркіндігі мен бас бостандығы, тәуелсіздігі үшін жанын берген, қасық қаны қалғанша күрескен есіл ерлер есімі мәңгі естен шықпайтыны анық.

1 Жабаяев Ж. Толық шығармалар жинағы: 4 томдық. – Алматы, 2014 ж.

2 Жыр алыбы // Жамбыл жайлы естеліктер. – Алматы, 1971 ж.

3 Тәжібаев Ә. Жылдар, ойлар. – Алматы: «Жазушы», 1976 ж.

4 Сманов Б. Қазақ әдебиеті. Оқу-әдістемелік құрал. XI-сынып (Қоғамдық-гуманитарлық бағыт). – Алматы: «Мектеп», 2015.– 256 б.

#### Резюме

**Б. Сманов** доктор педагогических наук, профессор КазНПУ имени Абая

#### Обучение творчество Ж.Жабаяева

В данной статье рассматриваются проблемы изучения жизни и творчества Жамбыла Жабаяева. Рекомендуются система уроков анализа произведений великого акына – импровизатора в старших классах казахской средней школы.

#### Summary

**B. Smanov** doctor of pedagogical sciences, professor Abai Kazakh National Pedagogical University

#### Education the creativity of Zh. Zhabayev

In this article the problems of studying the life and creativity of Zhambyl Zhabayev are considered. We recommend the system of analyze lessons of great poet-improviser in the senior classes of secondary school.

ӘОЖ 821.512.122-1

## СӘЙФ САРАЙИДІҢ «ГҮЛСТАН БИ-Т-ТҮРКИ» ДАСТАНЫНДАҒЫ МЕТАФОРЛАР

Сүлеймен Д. – Абай атындағы ҚазҰПУ 6М011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2 курс магистранты, [dana-dina@mail.ru](mailto:dana-dina@mail.ru)

Ғылыми жетекшісі: Есіркепова Г.Е. – ф.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, [gulmira\\_esirkepova@mail.ru](mailto:gulmira_esirkepova@mail.ru)

Бұл мақалада Сәйф Сарайидің «Гүлстан би-т-түрки» дастанындағы метафора тәсілінің қолданылуы мен оның сөз мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейтудегі рөлі айтылады. Дастандағы метафоралық қолданыстардың ерекшеліктері сараланады. Әсіресе, көркемдік, мазмұндық тұрғыдан метафора тәсілін пайдаланғандағы ақын шеберлігі талқыланады. Мақалада Ахмет Байтұрсынұлының метафораға берген анықтамасы талданылады. Сонымен қатар Қажым Жұмалиев пен Зейнолла Қабдолов сынды әдебиетші-ғалымдардың метафораға қатысты тұжырымдарына дастаннан мысалдар келтіріледі. Сәйф Сарайи дастанында кездесетін метафоралардың берілу тәсілі де қарастырылады. Дастандағы адам бойындағы жақсы және жаман қасиеттер туралы ой оралымдарының Абай шығармашылығында да ұшырасуы сөз етіледі. Әр түрлі тақырыптар қамтылған «Гүлстан би-т-түрки» дастанында кездесетін метафоралардың кейіпкердің ішкі жан дүниесін, мінезін және өзгелермен қарым-қатынасын ашу мақсатында қолданылғаны мысалдармен көрсетіліп, талданылады.

**Түйін сөздер:** Сәйф Сарайи, «Гүлстан би-т-түрки» дастаны, метафора

Алтын Орда әдебиетінің көрнекті өкілі, парсы ақыны Сағди Ширазидің «Гүлстан» дастанын аударып, «Гүлстан би-т-түрки» деп жазып шыққан ақын – Сәйф Сарайи. Ақынның өмірі туралы толық мәліметке қанық бола алмасақта, оның атақты дастаны арқылы шайыр өмір сүрген қоғам жағдайын, әдеби-мәдени дәуірден хабардар бола аламыз. «Шығыс халықтары сөз өнерінде назира дәстүрінің рөлі ерекше. Ортағасырлық шығыс классиктері бұл дәстүрді тек назира (жауап) түрінде ғана емес, сонымен бірге: тарик (мәнерінде) тарз (рухында), ранг (үлгісінде), тавр (стилінде), т.б. түрінде хамсағазал, рубаи жанрларында да дамытты.» [1, 120 б.]. Дастанды аударып, оны өз халқының ұғымына бейімдеп жырлай білу шеберлігін байқай аламыз. Дастандағы суреттеу шеберлігіне тәнті боласыз. Оның бір дәлелі – дастандағы метафоралар.

«Бір нәрсенің, көбінесе адамның мінезін, құлқын, ғамалын екінші нәрсенің мысалында көрсетіп айту – бернелеу болады. Қазақтың бернемен сөйлеп отыр дегені – осы бернелеу. Бейнелеу бернелеумен екі арасы жақын. Бейнелеу де, бернелеу де екі ұқсас нәрсенің бірін бірінің орнына айтудан шығады. Бейнелеу ұлғайғанда бернелеуге айналып кетеді» [2, 31 б.]. Ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлы айтпақшы, Сәйф Сарайи да ойын оқырманына әсерлі жеткізуі үшін қарапайым бейнелеуі ұлғайып бернелеуге(метафораға) айналып кетіп, былай қолданады:

«Ей, баһадүрлер,білiндер, келдiм бүгiн майданға мен,

Басымды берiп, ерлерше жанымды тәрк етуге тәуекел еттiм мен

Ат үстiнде сүңгiсiн ойнатып, неше түрлi ерлiк көрсетiп,

Айтты: «Шынжырын үзген салт атты сұрапыл жауынгермiн» [3, 14 б.].

Өлеңдегі «Шынжырын үзген салт атты сұрапыл жауынгермін» деген жолында ақын күрделі метафоралық тіркес қолданған. «Жауынгер» деген сөз арқылы өзінің күштілігін, ел алдында қызмет атқырып жүрген азамат екенін, алдындағы анықтауыш суреттеу сөздер арқылы айбынды, мықты жауынгер екенін айтып тұр. Бұл жолдарды оқып отырып, Махамбеттің жалынды тіркестері еріксіз оралады. Қарсы жаққа өз күшін көрсету мақсатындағы «мен – құстан туған қалықпан» сынды тіркестердегідей Сәйф қолданған тіркестерде де дұшпанына бағытталған сөз екпіні байқалады.

Қ.Жұмалиев метафораны «сыртқы не ішкі бір ұқсастығына қарап, бір нәрсені екінші нәрсеге балау, екі нәрсенің арасына тепе-теңдік белгісін қою» деп анықтаса [4,117 б.], З.Қабдолов «метафора сөз мәнін түрлендіре өзгертіп айту, суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай түсу үшін, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау, сөйтіп, зерттеліп отырған заттың не құбылыстың мағынасын үстеу, мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейту» деп тұжырымдайды [5, 219 б.]. «Айбынды ерлердің өліп, олардың орнын дарынсыздар алуы – әділетсіздік» [3,10 б.]. – деп, келетін «Патшалар туралы» деп аталатын дастанның бірінші бабында патшаның балаларын арасындағы күндестік туралы баяндай отырып, патшаның жауынгер ұлының әкесінің орнына дарынсыз адамның келуін әділетсіздікке балайды. Бұл ғалым Қ.Жұмалиев айтқандай,сыртқы не ішкі ұқсастығына қарап балауға жатады.Білімсіз адамның іс-әрекетін жоғамдап,

оның ел басқаруы қоғамға зиян болғандығы үшін әділетсіздік деп тұжырымдайды. Келесі мысалдарға зер салайық:

«Бөрінің баласы болар ақыр аяғында,  
Әкесі сияқты ол қарақшы – бөрі» [3,16 б.].  
«Ол бойы сұңғақ, жамалы толған ай,  
Ғылым мен білімде кемел, көрікке бай  
*Қастары арбаушы, көзі бәле*  
Кімде-кім жүзін көрсе, қалар азапта» [3,17 б.].  
«Мүбәрәк қызметінде құтты райым,  
Рұқсат етіңіз, құлдар сапында отырайын  
«Аллаһ, Аллаһ, бұл не сөз», - деді  
Ей, *ақылы теңіз, сөзі гауһар,*  
Отырсаң, көзім үстінде жерің бар» [3,26-27 б.б.].

Жоғарыдағы мысалдардан суреттеулерден керемет образ елестейді. «Қастары арбаушы, көз бәле», «ақылы теңіз, сөзі гауһар» деген метафоралық қолданыстардан қас, көз, ақыл мен сөздің сипатын, әдемілігін бірден аңғарамыз. Ақылдың теңіздей тереңдігін, алып жатқан ауқымын байқасақ, сөзінің асылдығын, салмақтылығын, құндылығын аңғара аламыз. Шығыс ақындарында жиі кездеседі осындай метафоралық қолданыстар кейінгі Абай ақынның өлеңдерінде жиі ұшырасады (мысалы, «жүрек - теңіз»). Ал төмендегі мысалдарда адамның жақсы қасиеттері мен жаман қасиеттерін сөз тіркестері арқылы әдемі жеткізген. Абайда да осындай ой оралымдары кездеседі. Мүмкін, Сәйфтан бізге жеткен Сағди шығармаларына 13 жасында қанық болған Абай ақын жақынырақ танысқандықтан, өз өлеңдерінде екшеп қолданған болар. Қазақ мақал-мәтелдерінде де жиі ұшырасады:

*«Жомарттық – әлемде мүбәрәк өнер,  
Сараң – түк шықпайтын бос адам  
Ұлылық тілесен, мырза бол, мырза,  
Жомартты сүйер Алла Тағала»* [3,27 б.].  
«Өлтірер болса мені бұл азапта ол әзіз дос,  
Сен ойлама, жегеймін қайғы ол кезде жан үшін.  
*Жан аманнатдұр*, оны беру керек, бірақ менің  
*Қайғым сол – уақытында орындамаған пәрмен үшін»* [3,44 б.].

Екінші бап «Дәруіштердің әдет-ғұрпы туралы» деп келеді. Дін жолындағы адамдардың кескін-келбетін, іс-әрекетін және кейбір жақсы-жаман қасиеттерін әр түрлі сюжеттік желіге құрылған хикаяттары арқылы баяндайды. Бұл баптың 30-ыншы хикаятында әйел адам туралы былай дейді:

«Жақсы ер ейдәші (әйелі) жаман болса,  
Жәбір ішінде ерін үнемі қинар.  
Өйткені оның *сөзі жаһаннамдұр*,  
Раббым, бізді азап отынан құтқар» [3,53 б.].

Жоғарыдағы өлең жолынан жаман әйел бейнесін көре алсақ, әдемі қыз туралы былай дейді:

«Сондай сұлу еді ол *жүзі ай*,  
Көрер болса періште жолдан азғай.  
*Сөзі шекер, өзі еліктіргіш және аяр*,

Қылымси қарағанда өзі сопыларды алдар» [3,49 б.]. Ақын қыздың жүзін айға, сөзін шекерге, өзін еліктіргіш аярға теңейді. Дәруіштердің нәпсіге берілмеу керектігін, елге үлгі бола білу қажеттігін айтады. Бір сөз арқылы метафоралық қолданыс жасап, ойын көркем тілмен жеткізеді.

«Адамгершілік пен қанағат туралы» үшінші бапта адам бойындағы жақсы қасиеттерді әртүрлі кейіпкерлер арқылы суреттеген. Әсіресе, пайғамбарлар өмірінен мысал келтіріп, олардың сөзімен ойын тұжырымдап отырады. Мысалы, 2-інші хикаятта ғылым маңыздылығы, оқыған жанның өзгеден артықшылығы туралы баяндайды. Ақын ғылымды «екі жаһан көркі» дейді. Екі дүниеде де пайдасының мол екендігін, өмір сүру шамшырағы екенін суреттейді: «Ей, туысқан, мен Аллаға шүкіршілік етемін. Өйткені, пайғамбарлардың мұрасына ие болдым. Яғни, *ғылым – екі жаһан көркі*. Ал саған Перғауын мен Хаман жері, яғни Мысыр патшалығы мұраға қалды» [3,58 б.].

«Метафора ұғымға атау ғана бермейді, сол ұғымды анықтап табуға көмектеседі. Бұл бір жағынан жаңа ұғымды түсініп, тез қабылдау үшін болса, екіншіден - тілдік үнемділіктің нәтижесі» [6, 17 б.]. Бірнеше сөзбен немесе сөйлемдермен суреттейтін ойдың қалыбын бұзбай, бейнелілігі мен әсерлілігі

сақталына отырып, жеткізуге көмекші тәсіл – метафора. Әрі оқыған адамды жалықтырмайды. Қиял жүйріктігімен оқырман тез қабылдайды.

*«Ағаш көркі – жеміс, адам көркі – жомарттық*

Сараң ер тәні бос – адамдур.

*Мырза адам – дәйім мейірбан,*

Мырзалық болар, бар болса дүниеде ізгі адам. [3,67 б.]. Жиырма бірінші хикаятта ақын сараң саудагердің өмірін баяндай отырып, мырза деген атқа байлығы бар адам емес, жомарт, елге үнемі қол ұшын созатын жанды мысалға келтіреді.

Әрине, ақын дастанында өзге шайырлардағыдай, Сағди Ширазидағыдай махаббатқа қатысты тұшымды ойлары баршылық. Мысалы, «Сүйіспеншілік және жастық шақ туралы» бесінші бапта 20 хикаят жиырма түрлі сюжеттік желіге құрылған. Сүйікті жан келбетін былай жеткізеді:

«Шам қажет емес, күн туса (шықса),

Сұлуымның бұрымы тұн, жүзі күндур.

Болса жаныңда бір даңқты дос,

Жеңінен тұт та, шамды сөндірі. [3,87 б.].

«Көңілді қолдан алып, салды аяққа,

Сол, бойы – қарағай, тәні – ақжұпар

Берер ол сүйкімді елге көңілін,

Егер көңілді ешкімге бергің келмесе, көзіңді жұмғайсың» [3,95 б.]. Бұл тұста ақынның метафоралық қолданысындағы ой ұтымдылығына мән берейік. Хикаяттарда мазмұнға мән беріп, сөзді ықшамдап образдарды осылай суреттеп жеткізеді.

Акамедик З.Ахметов метафораның екі нәрсені, құбылысты салыстыру және жанастырып жақындату арқылы астарлы тың мағына беретін бейнелі сөз немесе сөз тіркесі екенін айтқан. Бірақ жоғарыдағы дастаннан алынған мысалдар арқылы күрделі сөз тіркестерінің жай сөзге қарағандағы әсерін, қуатын сезіне аламыз. Ғалым З.Ахметов айтқандай, сөз тіркестері арқылы,оның ішінде күрделі сөз тіркестері жасалынған. Қорыта келгенде, ақын метафораларды қолдану арқылы сөздің оқырманға әсеріне, образды көркемдігіне мән берген әрі сол қолданыстарды мақсатты түрде пайдаланған. Дастанда метафоралар ой салмақтылығын әсемдей түскен. Болашақта тек метафоралар арқылы ғана емес, өзге де көркемдегіш тәсілдердің ақын сөзін шұрайлы, әсем болуына үлесін зерделеу қажеттілігі туындап тұр. Бір ақын тіліндегі бейнелі сөз қолданыстары арқылы сол дәуірдің құнды, бағалы ұғымын айқындауға болады. Өзге зерттеу еңбектерге пайдасы тиер деген үміттеміз.

1 Сатемирова Д.А. Қазақ әдебиетіндегі назира дәстүрінің көрінісі. –Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Филология» сериясы. -№1(47).- 2014. – 119-123 бб

2 Байтұрсынов А.Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. Алматы: Атамұра,2003. – 280 б.

3 Әдеби жәдігерлер [Text] : 20 томдық. - Алматы : Таймас, 2010 - .Т.9 : Сәйф Сарайи.Гүлстан би-т-турки / құраст. Ә. Керімұлы. - 480 б.

4 Жұмағалиев Қ. Әдебиет теориясы. Алматы, 1969, 243 б.

5 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Санат», 2007. – 360 б.

6 Сыбанбаева А. Метафораның тілдік болмысы және концептуалды метафоралар. - Алматы, 2002. - 154 б.

#### Резюме

Сулеймен Д. – магистрантка 2 курса по специальности 6М011700 Казахский язык и литература, КазНПУ имени Абая, [dana-dina@mail.ru](mailto:dana-dina@mail.ru)

Научный руководитель: **Есиркепова Г.Е.** – к.ф.н., старший преподаватель кафедры Казахского языка и литературы КазНПУ им. Абая, [gulmira\\_esirkepova@mail.ru](mailto:gulmira_esirkepova@mail.ru)

#### Метафоры в поэме Сайфа Сарайи «Гулистан би-т-турки»

В этой статье рассматривается употребление метафоры в поэме Сайфа Сарайи «Гулистан би-т-турки» и его роль в усилении значимости текста. А так же анализируются особенности использования метафор в поэме «Гулистан би-т-турки». В статье рассматривается умение поэта использовать метафоры с художественной точки зрения. Определение к метафоре проанализировано Ахметом Байтұрсынулы. В статье по метафоре приведены примеры по выводам писателей-ученых Кажыма Жумалиева и Зейноллы Кабдолова. А так же рассказывается о хороших и плохих человеческих качествах, которые описаны в произведениях Абая. Были проанализированы некоторые особенности перевода поэмы. Особенно рассматривается художественные особенности навыков перевода. Анализируются метафоры в целях раскрытия внутреннего мира, характера и отношения героя с окружающими на конкретных примерах.

**Ключевые слова:** Сайф Сарайи, поэма «Гулистан би-т-турки», метафора



### Summary

**Suleymen D.** – 2<sup>nd</sup> course student of master degree, Kazakh language and literature speciality of KazNPU named after Abai, [dana-dina@mail.ru](mailto:dana-dina@mail.ru)

*Scientific supervisor:* **Esirkepova G.E.** – candidate of philological science, Senior Lecturer of chair Kazakh language and literature in KazNPU named after Abai, [gulmira\\_esirkepova@mail.ru](mailto:gulmira_esirkepova@mail.ru)

#### **Metaphors in Seyf-I Sarayi's poem "Gulistan bi-t-turki"**

In this article considered using method of metaphor, which gives strength to content of poem «Gulistan bi-t-turki». Some features of translation are analyzed. Especially, art features of translation are given by new materials. The artistic point of view, the content of the metaphor to discuss the use of the method of the poet's skill. A reference to the article Ahmed Baitursynov's view to metaphor is analyzed. At the same time, in literary examples to metaphors taken by thoughts of scientists such as by Kazhym Zhumaliev and Zeinolla Kabdollov, the conclusions of the scientists also analyzed. In Seyf-i Sarayi's poem the way of metaphor and issue of it will be considered. Also given some examples about the good and bad qualities which is looks like in Abay's work. A variety of topics covered by the "Gulistan bi-t-turki". The epic of the soul of the common metaphor of the hero's character and shows examples of use in order to open relations with others, will be analyzed.

**Keywords:** Sayf-i Sarayi, poem «Gulistan bi-t-turki», metaphor

УДК 821.512.122 – 1.0

### ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ МЕТАФОРЛАРДЫҢ КОНЦЕПТУАЛДАНАУЫ

**Сұлтанова Б. М.**- Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, ф.ғ.к.,  
қауымдастырылған профессор м.а.

**Зарқымова Ф. М.**- ҚазМҚПУ, 2 курс магистранты

Мақалада әдеби шығармаларды прагматикалық және лингвопоэтикалық тұрғыдан қарастырудың кейбір мәселелері жайында айтылады.

Коммуникативті-прагматикалық контексте вербальдылық нақтылы жүзеге асатын, метафоралық троптары бар көркем мәтін аталған зерттеу мақалада негізгі зерттеу бірлігі ретінде алынды. Троптардың прагматикалық қызметі лингвистикалық аспектіде ғана емес, коммуникативті-прагматикалық, когнитивтік және лингвомәдени сипаттары концептуальды негізде қарастырылады. Мақалада Ф.Оңғарсынованың таңдаулы өлеңдері негізінде әдеби тіл талдауға алынды. Көркем шығарманың жаны сөз дейміз. Сөзді құбылту, жандандыру оқырманға ықпалын күшейту үшін ақын жазушыларымыз түрлі көркемдік тәсілдерге барады.

Мақала стилистика, прагмастилистикамен айналысатын ғалымдар мен ізденушілерге, магистранттар мен студенттерге арналған.

**Түйін сөздер:** лингвопоэтика, лингвистикалық аспекті, метафоралық пласт, троптар, лингвотаным, концептуалды, когнитивті лингвистика, ауыспалы мағына.

Қазақ тілі көріктеу құралдарына өте бай. Көріктеу құралдарының ішінде әсіресе метафораларды ақын, жазушылар мейлінше көп қолданады. Метафоралар шығармаға ажар, оқырманның ой мен сезіміне орасан зор әсер етеді. Көркем шығармада айтылмақ ойдың тенеу, эпитет, метафора, синекдоха т.б. көріктеу құралдар мен амалдар арқылы көрінуін ғалымдар пәтикалық бейне деп атайды. Поэтикалық образ жасауда жазушы мен ақынның негізгі құрылыс материалы сөз екенін ғалымдарымыздың бәрі де айтады.

Ақын, жазушыларымыздың шығармаларындағы көріктеу тәсілдерінің қызметін айқындау, шығарма ажарын ашатын сөздердің түр-түсін ажыратып олардың экспрессивтік-эмоционалдық бояуын көрсете отырып қана шығарманың негізгі идеясын анықтайтын боламыз. Шығарманың көркемдік-стилистикалық қызметін саралау, сол арқылы суреткердің көркем шығармаларының басқа суреткерлерден ерекшеленетін стильдік қолтаңбасын анықтау үшін ақындарымыздың шығармаларын замандас ақындарымен салыстыра талдағанымызда көркем шығармадағы тілдік бірліктерді айқындап, олардағы ұлттық сипаттың көріну дәрежесі, метафораның фразеологиялық тіркестермен арақатынасы, фразеологияның бейнелігін тудырудағы метафораның орны және оның жазушы тіліндегі қолданыс ерекшеліктерін айтуға болады.

Метафора құбылысының құпиясы ерте заманнан-ақ көптеген ірі ойшыл-ғалымдардың назарын өзіне аударып келеді. Әлемдік тілдерде, орыс тіл білімінде метафораның теориясын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлініп, оның болмысы, мән-маңызы жан-жақты зерттелуде. Қазақ тіл білімінде де метафора көптеген ғалымдарымыздың зерттеу нысанына айналды.

Орыс тіліндегі метафоралардың концептуалдық қызметін арнайы зерттеген ғалым - Е.О.Опарина.Зерттеуші еңбегінде концептуалдық метафораның жасалуына, танымдық қырларына, оның мағыналық ерекшеліктері, түрлері мен тілдегі қызметтеріне, ғылым тіліндегі концептуалдық қызметіне тоқталады. Концептуалдық метафора заттық дүниені белгілеу құралы ғана емес, ол сонымен қатар абстрактілі болмыстарды табу, оларға сай келетін немесе тілдік ұғымдарды қалыптастыру болып табылады.Концептуалдық метафора алыс-жақын шетелдік зерттеулерде өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап зерттеу нысанына айналғандығын лингвистикалық еңбектерден көруге болады.

Концептуалдық метафора терминін шетел ғалымдары еңбектерінде, орыс тіл білімі ғылымының көрнекті өкілдері Е.О.Опарина, В.Н.Телия, Н.А.Арутюнова зерттеулерінен кездестіреміз. Бұл ғалымдар концептуалдық метафораны танымдық, жаңа ұғым жасау мағыналарында қолданады. Олардың тұжырымынша концептуалдық метафора жаңа ұғым (концепт) жасауды мақсат ететін метафоралық процестің нәтижесінен туындайды.

Қазақ тіл білімінде де концептуалдық метафора зерттеушілер тарапынан қызығушылық танытып, қарастырып жүрген мәселесі. Бұл тілдік мәселе соңғы уақытта Өмірбекова Ж.Қ., Ермекова Ж. Б. [1]т.б. зерттеушілер еңбектерінде белгілі бір дәрежеде сөз болуда.

Қазіргі уақытта тіл арқылы ұлтты тануға бағытталған ғылыми зерттеулер тілдік деректерді кешенді сипатта талдауға қадам жасап отыр. Ғалымдар тілдік деректерді тілтанымдық тұрғыдан ғана жүргізілген зерттеулерге ғана сүйенбей, сонымен бірге зерттеу барысында тарихи, философиялық, психологиялық, әлеуметтік, қисындық (логикалық), педагогикалық т.б. зерттеулерді қамтуды уақыт талап етіп отыр. Атап айтқанда, қазақ тілінің танымдық сипаты туралы зерттеу жүргізгенде басқа да ғылым салаларының зерттеу нәтижелері мен мәліметтеріне назар аудару – тиімді әдіс болып отыр.

Қазақ тіл білімінде танымдық деңгейде кең қолданыс тапқан ұғымдар қатарында метафораларды атаған орынды. Ұқсату мен балауға, адамның өмірден көрген-білгенін, түйгенін таразылауға мүмкіндік беретін бұл тілдік құбылыс лингвистикалық талдаулардың маңызды бөлігін құрайды. Бір затты екінші бір затпен салыстыру, салыстыра ұқсату, сөйтіп бұрыннан таныс сөз мағынасына жаңа семантикалық мағына үстеу негізінде дүниеге келетін бұл ұғымдар, бір жағынан, когнитивті лингвистиканың танымдық нысанын құраса, екінші жағынан, лексикология мен семасиологияның бірлігі ретінде айқындалады, себебі А. Байтұрсынұлы атап көрсеткендей, метафораларды жасауға қатысатын мағыналық бірліктер «Адамға дерексіз заттан гөрі деректі зат түсініктірек, жансыз заттың күйінен жанды заттың күйі танысырақ» [2, 154-б. ] екені айқын.

«Метафоралар поэзия тіліне тән поэтикалық элемент болса, концептуалды ғылымда белгілі бір ұғымға атау беруге қатысатын номинативтік категория болып табылады. Метафоралардың бұл қасиеттері олардың күрделі тілдік құбылыс, логикалық бірлік, когнитивтік категория, лингвофилософиялық элемент екендігін көрсетеді» дейді метафоралар табиғаты туралы мақаласында [Мазобаева Ж.О.](#)[3]

Тілдегі метафоралардың концептуалдық өзегінен, кез келген тілдік қолданыстағы метафоралар когнитивтік қызмет атқаратындығын байқауға болады. Мәселен, метафора табиғатына тән бейнелілік, көркемдік, бағалағыштық, образдылық қасиеттерінің тілдегі орын алуына адам ойы мен танымдық тетіктерінің қатысатындығын, метафоралардың прагматикалық сипатынан көрінеді.

Метафоралардың туындауына адам ойындағы өзара салыстырулар мен ұқсатулар, санадағы суреттеулер негіз болады. Осы жағынан келгенде метафора ғылыми ойдың (концептуалды) формасы болап келеді. Метафораның концептуалдық болмысына ұлттық дүниетаным тұрғысынан келу арқылы, метафора тудырудағы әр ұлттың ойлау дәрежесі мен ұлттық сана сезімі мен дүниені қабылдаудағы ұлттық ерекшеліктері сол ұлт тіліндегі метафораның өзіндік болмысы мен тілдік сипатын көрсетеді.

Жазушы, ақындар шығармаларының тілдік ерекшелігі, кейіпкер тілінің берілу жолдары, тілдік құралдардың қолданыс мақсаты, троп түрлерінің стильдік қызметтері, жазушы шығармаларындағы кірме сөздердегі өзгерістер суреткердің дүниетанымын, дүниеге көзқарасын, әр құбылысқа беретін бағасын танытады. Бұлар өз кезегінде шығарма идеясына қызмет етеді. Белгілі ғалым, академик Р.Сыздықтың айтуынша «Суреткерлер дайын штамптарға, жауыр болған көріктеу элементтеріне көп жүгінбейді. Жаңаша құруды көздейді, ізденеді»[4,164-б.].

Қазақ ақындары шығармаларындағы көркемдегіш амалдардың қолданылуы әрқилы. «Метафора тек ауыспалы мағына емес, ол өзі бойыа көптеген қасиеттер мен қызметтерді сыйғыза білген күрделі

процесс. Метафораның табиғи болмысы бір уақытта екі мағынаны бір сөзде қатар өмір сүруіне икемделген» [3], -деп көрсетеді Мазихаева Ж.О.

Мысалы:

Мен даланың қызы едім,  
Жазығында жатпайтын **көз ілер қара.**  
Жазира менің жанымның өзі де дара.  
Асқаркөрмеген мен шіркін **биік дегенді.**  
**Өлшеуші ем сонау аспанның өзімен ғана,**  
(«Мен даланыңқызыедім», 233-б.). Немесе,  
**Астарсыз сөз – жайдақ су,**  
жайдақ суды құмжұтар.  
Жайдақсөзді сын жұтар.  
**Ақылды адам – асыл дән,**  
Қай тереңде жатса да,  
**тамыр салар тасқа да.**  
Асыл сөзге құлақ сал,  
**Тасқындардан құтқарар**  
**Тылсымдарға кілт табар.**  
Ақылдыға құлақ сал –  
Сөзін сөйле түңіл ме,  
Серік болар сенімді,  
Сақтап қалар түбінде  
**сеңнен-селден жеріңді,**  
**сергелдеңнен еліңді.**  
(«Астар сызсөз – жайдақ су», 35-б.)

Ақынның ең басты қасиетті парызы туған халқының ұлылығын жырлау, ұлық мінезді көрсету. Мұндайда ақынға биік мәдениет, терең білім, білік керек. Ф.Оңғарсынова күнделікті күйкі тіршілік төңірегінде, от басы, ошақ қасы ұсақ-түйек төңірегінде қалып қоймай өнердің кең өрісіне шыға білген. Ақын осы биік мұратты көркем тілмен оқырманға жеткізеді. Ақын қазақ тілінің сөз мұрасын сарқа пайдаланады.

Бұл мысалдардан жоғарыда атап өткеніміздей метафора табиғатына тән бейнелілік, көркемдік, бағалағыштық, образдылық қасиеттердің бәрі жарқырай көрініп тұр. Сондай ақ эмоционалды-экспрессивті мәні жағынан аса әсерлі шыққан. Ойды жеткізу үшін оқырманға көбінесе табиғаттың керемет қырларынан немесе белгілі бір затқа балау арқылы бейнелілік тудырған. Ақылдының сөзін тыңдасаң барлық бәледен амансың, елің бүтін, жұртың тыныш деген терең ой бар.

**Бала өсірсен, өміріңнің сол тірегі,**  
Байқалмайды балаңның олқы жері.  
**Жақсы бала жоқтатпай жоқтығыңды,**  
**Жаман бала тірідей өлтіреді.**

**Баласызда Күн нұрсыз, жылдар мұнар,**  
**өзге мұраң – тайғанақ, шыннан құлар.**  
**Жаман бала төбеңнен жай түсіріп,**  
**Жақсы бала жасартып нұрландырар.**

Сол сияқты ақын шығармаларындағы өмір концептісіне келетін болсақ, төмендегідей метафоралардың қатысуымен ойын бейнелі, көркем дәйектегені көрініп тұр. Ақын өлеңдерінде поэтикалық тіл кестесі айқын. Троптардың бір түрі метафоралар көзге бірден түседі. Олар авторлық болып келеді:

**Өмір – жаға. Өлім – су тұнық, терең.**  
Қос нүктенің арасы. Жүріп келем.  
**Үміт – айдын жырақта. Күдік – кемем.**  
Ажалбарынбілемін. Бірақкөзді  
**Жасылжаға – өміргетігіпкелем!...** («Өмір – өлім, жаз бен қыс, көктемеңіз...», [7],)

Бұлардың барлығы образды қолданыстар. Ой мен сөздің үйлесімін тапқан, қас шебер қолданар қолданыстар. Айтпақ ойды әсерлі, бейнелі етіп білдіру үшін шешендік керек, шешен болу керек.

Шешен болу үшін әсерлілік, образдылық, бейнелілік керек. Ақын Ф.Оңғарсыновада осының екеуі де бар. Оған жоғарыдағы өлең дәлел.

Қазіргі уақытта «ұлт топырағында тамырланып, нәр алған халық тіліндегі сөздер мен фразеологизмдер ғана ұлт ерекшелігін, менталитетін айқындап бере алады. Тіл – халықтың дүние танымының, әдет-ғұрып пен салт-дәстүрінің айнасы екені ақиқат» деген зерттеуші Б.Н. Ағабекова пікірі метафраларға да байланысты [4, 3-б.].

Дәл осындай көркем қолданыстар ХХ ғасырдың дәлдік ақыны І.Жансүгіровте де жиі кездеседі. Мысалы ақынның «Дала» поэмасында:

«Бүгін, бүгін, бүгін дала!

Мұндай ма еді бұрын дала?

Көктен күні сәуле шашып,

Көкке шарпып нұрын дала.

Өлкем өсіп, ел кенелді,

Көгім жайнап, жер гүлденді.

Тауым ашып қазынасын,

Жомарт жерім шашты кенді.

Елім жаңа жұртқа қонды,

Жұрт жұмысқа қойды қолды.

Білім бұлақ сусын болды,

Елдің өмірі жырдай болып.

Сұмның күні қуғын болды...» -

- деп қорытады. «Бұл Ілияс Жансүгіров поэзиясының дәстүрлі әдісі. Ілияс Жансүгіровтің дала тақырыбына арналған өлеңдерінде өзіндік үн бар, дауысы бөлек, жырлау формасы да ерекше. Мұнда басқа ақындардан айырмашылығы – тақырыпты игеруде ұлттық образдарды, фольклорлық үлгілерді, бейнелеу мен көріктеуді қазақ ұғымына сай жаза білу, шебер ұйқастырып, ұтымды пайдалана алу» - дейді зерттеуші Б.Сұлтанова» [5, 164-б.].

Сонымен қатар *Өмір – жаға. Өлім – су тұнық, терең, Үміт – айдын, Күдік – кемем, көзді жасыл жаға – өмірге тігіп келемсияқты* қолданыстардың ұсынылуы ақын тілінің ерекшелігін танытпайды, өйткені бұл тәсілді басқа ақындар да қолданады, бірақ суреткердің шеберлігін көрсетеді. Шеберлік – көркем шығармадағы мазмұн мен түрдің, яғни идея мен оның тілдегі көрінісінің үйлесімі.

«Әдебиет тілдің, ойдың жемісі. Олақ тіл көркем ойдың көркін бұзады. Алғыр тіл күн шалмағанды шалады, қараңғы көңілге сәуле бере алады, суық көңілді жылыта алады» дейді Ғ.Мұстафин.

Тіл өзін қажетіне жаратушы халықтың менталитетімен тікелей байланысты. Сол себептен де тіл тек ақыл-ойды жарыққа шығарушы оны таратушы қызметін ғана атқармайды, ол тарихи, танымдық, мәдени өркениеттік құндылықтарды хабарлаушы. Өте күрделі абстрактілі ұғымдарды адам баласы қабылдау барысында оларды тіл арқылы жарыққа шығаруда тілдік құралдарды пайдаланады. Танымдық әрекет үстінде адам алдымен физикалық тұрғыда көруге, сезінуге, естуге, сөйлесуге т.б болатын көпшілікке мәлім дүниедегі заттар мен құбылыстарға нақты реалилердің санадағы прототиптік «сурет», «схема», «фрейм», «сценарий», «символ» түріндегі құрылымына сүйенетіндігін концептілік талдау барысынан көруге болады.

Шығармадағы метафоралар жазушының дүниеге деген көзқарасын когнитивті танымын, рухани дүниесі мен мәдениетінен хабар бере отырып, әлем, дүние туралы түсініктерінің ескі элементтерін жаңғыртуға жәрдемдеседі, ғаламның біртұтас тілдік келбетін жасауға қатысады.

Метафралардың концептуалдануы жайында зерттеуші Калкабаева Д.Б. былай дейді: «Вместе с тем на сегодняшний день существует множество терминов для обозначения метафорических моделей, которые образно представляют ту или иную понятийную сферу. Для обозначения метафорического моделирования языковеды используют дефиниции «архетип» или «метафорический архетип» (Ю.Смирнов), «концептуальная метафора», «базисная метафора» (Дж.Лакофф, М.Джонсон), «метафорическая модель» (А.Н.Баранов, Ю.Н.Караулов), «модель регулярной многозначности» (Д.Шмелев, Ю.Д.Апресян, А.П.Чудинов), «метафорическое поле» (Г.Н.Склярская). Неоднозначность в определении метафорической модели обусловлена многоаспектностью внутренней формы метафоры, которая рассматривается в науке с лингвистического, общепсихологического, психологического или когнитивного аспекта, а также отражает традиции различных научных школ и направлений. Как отмечает А.П.Чудинов, «едва ли не каждое новое

направление в лингвистике предлагает свое понимание сущности и свои представления о функциях метафоры, свои методики изучения отдельных метафор, типов метафор и метафорических моделей.

Наибольшую популярность в последнее время получила теория концептуальной метафоры, возникшая в США как направление когнитивной лингвистики (Дж. Лакофф, М.Джонсон и другие) и успешно развиваемая в России и Казахстане. В основе теории концептуальной метафоры лежит представление о метафоре как особом способе отражения и фиксации содержательной информации, полученной в ходе предметно-познавательной деятельности людей. В соответствии с рассматриваемой теорией метафорические модели заложены в понятийной системе человеческого разума. Это своего рода схемы, по которым человек думает и действует. Соответственно наблюдения за функционированием метафор признаются важным источником данных о функционировании человеческого разума» [6, 37-б.].

Зерттеушілер метафораладың концептуалдануы үдерісі публицистикалық стильде өте белсенді қолданатынын айтады. Шындығында метафоралардың концептуалдануы немесе моделдену үрдісінің поэзияда да белсенділігі төмендемейді.

Санада заттың көп-түрлі бейнелері қалыптасады, ойдың табиғаты тілмен байланысты болып, оны әр-түрлі түсінуге әкелді: жалпы психологиялық тұрыдан алғанда ойлау - есте бар образдардың қарапайым үйлесімділігіне әкеледі, ұқсастық, жақындастық, айырмашылық; - ойлау жалпы бейне түрінде болмайды, өйткені сезімдікке қатысы жоқ, ойлау дегеніміз сананың тұйықты құрылымдарында ойдың қозғалысы, сондықтан да бейне мен ой пара-пар.

Жалпы, ойлауды - сезімдік және ұғымдық бейнелер арқылы интеллектуалды операциялар жүргізу қабілеті ретінде түсінуге болады. Ойлау бұл адам миының табиғи функциясы. Ол қатан тұрғыдан индивидуалды. Бір адамның ойлауы басқа адамның ойынаң мүлдем басқаша, бөлек болып келеді. Бірақ адамдар бір-бірін түсіне алады. Ойлау процесінің нәтижесі идеалдықтан материалдыққа өтуінде. Адамның ойлары мәдениет жемісінде объективтендіріледі. Ойдың генезисі- ойдың сөзге немесе затқа, сөздің заттық ойға өтуі. Осындай психологиялық, философиялық тұрғыдан алып қарағанда Фариза Оңғарсынова өлеңдеріндегі ой, таным нәтижесінде құбылып, шығармашылық үрдістен өткен метафоралар қайралған, піскен, жетілген. Үлкен дайындық мектебінен, өткен.

Қынаптан суырылған қылыштай жалт-жұлт еткен немесе жебедей шымыр да ұшқыр сөздерді қиядан тауып қолданады. Соның нәтижесінде тосын метафоралар мен метонимия, астарлы аллегориялар мен асқақ гиперболалар, өзгеше образдар мен теңеулер дүниеге келді. Ең алдымен ақын өзінің туған жерінің, туған даласының мерейін көтеріп, мәртебесін биіктетті. Мысалы,

Болма, болма – қуат жи, шіркін жүрек,  
Жайрат анау өзімшіл құлқыңды іреп!  
Сол індеттен сал тартып сарғайып тұр,  
**қылаң көңіл көз жасын іркіп, жүдеп.**

Өзімшілік дертінің уы қандай -  
Ақылды да шыжғырып қуырадай,  
**Сана – батыр қапыда кеткелі тұр,**  
**Қынабынан қылышын суыра алмай.**

Тарылғандай жердегі жердегі, жылу, жарық,  
Жасылмас дерт жабысса, ғұмыр – ғаріп.  
Тұман қайғы, тұл сезім, дертті көңіл  
Өзімшілдік дертімен тұр уланып. -  
(«Жүректі қайрау», 209 – бет) немесе,  
Біздің мынау даланы – ай!  
Өзен, өріс, жағалай,  
Талдары да – қарағай;  
Бала біткен ақылды  
Көпті көрген ағадай,  
**Қыздарының жамалы – Ай,**  
**Ақындарының бәрі – Абай**  
(«Біздің мынау даланы – ай!», 348 – бет) немесе,

**Іс түгіл, жаман ойды арқалаған  
Жазасын түбінде бір тартады адам.**

Баяғы мөлдірлігін көктен іздеп,  
Билікөл жатыр үнсіз шалқалаған  
(«Билікөл», 347 – бет) немесе,  
Ұмыт қалып **сезімнің сағым таңы,**  
(Адамзаттың кешірген сан ұрпағы)...  
Басқаға өзі биязы, сүйгенінің  
**Жанын осып, жүрегін ауыртады.**

Ақиқатқа күн тумас айла қалмай,  
Өмірің де қайнаған тай қазандай.  
**Көк темір де құрышқа айналмайды,  
От-жалынға өртеніп қайнап алмай.**  
(«Қасиет көп адамда табынардай», 346 – бет)

Жаңа сөз, жаңа сурет дегеніңіз осы ғой. Ал жаңа сөз, жаңа сурет ешуақытта көнермейді. Құлазып жатқан, меңіреу мылқау далаға бірер жолмен-ақ жан кіргізіп жіберген. Мұндай сөз-суретті тек дала стихиясын бар болмыс-бітімімен, бүкіл табиғатымен барынша терең сезіне білген адам ғана сала алса керек. Бұл жерде айта кетер бір нәрсе, егер ақынның сөзбен салған суреті шикі, бояуы әлсіз болса оқырман санасында қалмайды.

Тілдің табиғатын, оның ішкі мүмкіндіктерін, толыққанды тану үшін сол тілді жасайтын автормен бірлікте, бөліп жармай қарастыруымыз қажет. Қазіргі уақытта «ұлт топырағында тамырланып, нәр алған халық тіліндегі сөздер мен фразеологизмдер ғана ұлт ерекшелігін, менталитетін айқындап бере алады. Тіл – халықтың дүние танымының, әдет-ғұрып пен салт-дәстүрінің айнасы екені ақиқат» деген зерттеуші Б.Н. Ағабекова пікірі метафраларға да байланысты дұрыс айтылған [7, 3-б.].

Атадан балаға мұра ретінде сабақтаса беріліп отыратын қоғамдық, табиғи құбылыстарды, өзгерістерді әр ұрпақ өз керегінше бағалап, сұрыптап, кейбір өгерістер жасап келесі ұрпаққа қалдырады. Мұндай болмаған жағдайда, онда адамзат тарихында даму болмаған болар еді. Қазақ әдебиетінде сөздерді түрліше құбылту арқылы қазақ көркем сөзін биікке көтерген ақындарымыздың бірі Фариза Оңғарсынова екендігін жоғарыдағы мысалдардан байқаймыз.

1 *Өмірбекова Ж.Қ. Дүние концептісінің танымдық сипаты (Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романы негізінде)*

2 *Байтұрсынов А. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: «Жазушы», 1989. – 320 б.*

3 *Мазыбаева Ж.О. Метафоралардың лингвотанымдық сипаты (Т. Ахметжан шығармалары негізінде) Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы филология ғылымдары, №2 - 2014*

4 *Сыздықова Р. «Сөз құдіреті» Алматы, 1997 ж. 224 бет.*

5 *Сұлтанова Б.М., Ильяс Жансүгіров лирикаларындағы алашшылдық идея, Абай ат. ҚазҰПУ Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы, №2, 2015 ж.*

6 *Калкабекова Д.Б. Метафорическое моделирование как способ репрезентации казахстанской действительности, Е.Бөкетов ат. Қарағанда мемлекеттік университеті, «Филология» сериясы, №3, 2009 ж*

7 *Ағабекова Б.Н., Жауынишева Ж.Б. Этнолингвистиканың жаңа бағыттарын зерттеу, Абай ат. ҚазҰПУ Хабаршысы, ««Филология ғылымдары» сериясы», №4, 2014 ж.*

8 *Сыбанбаева А. «Метафораның тілдік болмысы және концептуалды метафоралар» Алматы 2002 ж. 165 бет*

9 *Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. – Алматы: «Ан Арыс», 2006. – 312 б.*

10 *Оңғарсынова Ф. Екі томдық таңдамалылар, Алматы, Жазушы 1987 ж.*

**Резюме**

**Концептуализация метафор в казахском языке**

**Б.М.Султанова** – Казахский государственный женский педагогический университет, к.ф.н., и.о. ассоц. проф., bibigul-sultanova@mail.ru

**Ф.М. Заркымова** - Казахский государственный женский педагогический университет, магистрант 2-ого курса

В статье говорится о некоторых проблемах рассмотрения литературных произведений с точки зрения прагматики и лингвопоэтики. За единицу анализа в нашем исследовании принимается художественный текст, в составе которого функционирует метафорический троп, и который получает свое вербальное воплощение в

коммуникативно-прагматическом и концептуальном контексте. Анализируется литературный язык в произведениях Ф.Онгарсынова.

Текст художественного произведения представляет собой совершенно особый материал. Как подчеркивается многими учеными, естественный язык является лишь строительным материалом для художественного текста. Очень большую роль в восприятии художественного текста играют фоновые знания читателя. Художественное произведение порождает в сознании читающего различные ассоциации, которые задаются как самим текстом, так и опытом читающего.

Данная статья посвящена ученым по стилистике и прагматистике и преподавателям, студентам и магистрантам.

**Ключевые слова:** лингвопоэтика, лингвистические аспекты, метафорический пласт, лингвоцентрическая концепция, тропы, лингвопознание, концептуальный, когнитивная лингвистика, переносное значение

### Summary

Sultanova B.M. – Kazakh State Women's Pedagogical University, Candidate of Philological sciences, associative professor, [bibigul-sultanova@mail.ru](mailto:bibigul-sultanova@mail.ru)

Zarkymova F.M. - Kazakh State Women's Pedagogical University, undergraduate of 2<sup>nd</sup> year

### Conceptualization of metaphors in the Kazakh language

This article describes some of the problems the consideration of literary works from the perspective of pragmatics and lingo-poetics. The unit of analysis in this study is taken literary text, which included works metaphorical paths, and which receives its verbal expression in communicative-pragmatic and conceptual context. Analyzed literary language in the works of F.Ongarsynova.

The text of a work of art is a very special material. As outlined by many scientists, natural language is the only building material for a literary text. A very important role in the perception of a literary text plays background knowledge of the reader. The art work creates in the mind of the reader various associations, which are defined as the text itself and the experience of reading.

This article is dedicated to scientists in style, pragmatics, teachers, students and undergraduates.

**Key words:** lingo-poets, linguistic aspects, metaphorical formation linguistic centric concept, trails, linguistic knowledge, conceptual, cognitive linguistics, figurative meaning.

УДК 372.8:811.512.122

## ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ ТАРИХЫНДА ТҰЛҒАНЫҢ ӘДІСКЕРЛІК ӘЛЕУЕТІ

Жұмақаева Б.Д. – *Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің профессор м.а.*  
*п.ғ.к.*

Кеңесова Б.О. - *БМ011700-қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 1 курс магистранты*

Мақалада, әдіскер-ғалым Ә.Қоңыратбаевтың ғылыми-әдістемелік еңбектері сараланып, пәндік бағдарламалар жасаудағы ізденістері қарастырылады. Сонымен қатар, әдіскер-ғалымның ұсынған орта буын сыныптарда поэзиялық шығармаларды оқыту ұстанымдары, мектеп бағдарламасына оқу материалын сұрыптауда басшылыққа алған негізгі қағидаттары зерделенеді. Автор өз еңбегінде лирикалық шығарманы оқытудың жүйесі мен әдістемелік жолын айқындап бере білген. Автордың әдістемелік жүйесі әдебиетті оқытудың бірден бір тиімді амал-тәсілі ретінде танылып, тұрақтанған. Осылайша әдебиетті оқыту әдістемесінің дәстүрлі жүйесін құруға негіз болғанын атап айту орынды.

Мақалада Ә.Қоңыратбаевтың орта буын сыныптарға арналған әдістемелік оқулықтары сарапталып, әдебиеттік оқу сыныптары оқулықтарына жазылған әдістемелік нұсқаулары, әдеби білімді жүйелеу талаптары айқындалады. Әдебиеттің қысқаша тарихын оқитын жоғары сыныптар үшін әдіскер ұсынған лекция түрлері мен оны жүргізу әдістемесінің қазақ әдебиетін оқытудағы мән- маңызы сөз болады.

**Тірек сөздер:** әдіс, әлеует, әдебиет теориясы, әдіс-тәсілдер, әдебиет тарихы, бағдарлама, мектеп, Ә.Қоңыратбаев.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі тарихында өзінің өлшеусіз еңбегімен көзге түсетін ірі тұлға – Ә.Қоңыратбаев. Ғалымның түркітану, эпостану, қазақ әдебиетінің тарихы, әдебиет теориясы, көркем мәтін поэтикасы, аударматану саласындағы зерттеулері әдебиеттану ғылымына қосқан сүбелі еңбек болып танылады. Әдебиеттану ғылымының әр саласы бойынша іргелі ізденістермен шұғылданған ғалым қазақ әдебиетін дамытудың жарқын жолы әдебиетті тиімді оқыту екендігін парасат пайымымен болжаған. Сондықтан да қазақ мектептерінің алғашқы оқулықтарын жазудан бастап қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің қалыптасу тарихында үздіксіз еңбек еткен.



Әуелбек Қоңыратбаевтың шығармашылық жолы мен әдебиеттану ғылымындағы табыстарын бірнеше кезеңге бөлуге болады: алғашқы кезең 1920-1935 жылдар аралығын қамтиды. Екінші кезең – 1935-1955 жылдар. Бұл жиырма жылдық мерзімде Ә.Қоңыратбаев 100-ге тарта үлкенді-кішілі еңбектер жариялап, ғылым кандидаты деген атаққа ие болады. Әсіресе, оның Ғылым академиясының тіл-әдебиет институты бастырған «Абай шығармаларының басылымына түсініктемелерін», М.Әуезовпен бірігіп жазған «Қазақ әдебиетінің тарихы» кітабының фольклор бөлімін, «Қазақ совет әдебиетінің библиографиясын», сол сияқты «Орта Азияның ұлы ақындары» деген мақалаларын атап өтуге де болар еді. Ғалым шығармашылығының үшінші кезеңін 1955-1965 жылдар арасында жазып, жариялаған еңбектері құрайды. Бұл он жылдық кезең Ә.Қоңыратбаев үшін аса жемісті болған. Осы кезеңде «Шолпанның ақындығы», [1] «Қазақтың Қозы Көрпеш жыры туралы» [2] монографияларын, «Әдебиетті оқыту методикасын», «Әдебиетті оқыту методикасының очерктерін» [3] жариялайды. «Қозы Көрпеш жыры туралы» монографиясы ғалымдар тарапынан жақсы баға алған болатын. Автордың әдістемелік еңбектері күні бүгінге дейін өздерінің ғылыми-тәжірибелік мәнін жойған жоқ. Тіпті әлі күнге мектеп практикасында Ә.Қоңыратбаев ұсынған әдістемелік жүйе қолданылып келеді. Ғалымның ең жемісті еңбектерінің бірі де осы әдістеме бағытында жазғандары.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі кенже дамып келе жатқан ғылым саласы екендігі белгілі. Әдеби таным, әдеби талғам, әдеби білім тарихы ертеректен бастау алғанымен, әдебиетті оқыту әдістемесі ғылымының қалыптасу тарихы әдебиетті пән ретінде арнаулы мектептерде оқытудан басталады. Алғаш қоғамдық пәндердің құрамында оқытылып келген қазақ әдебиеті өзін пән ретінде 1932 жылдан ғана бастаған еді. Алғашқы мектепке арналған оқулықтар Қазақ әдебиетінің алғашқы оқу құралдары әрі оқулық, әрі әдеби, ғылыми, зерттеу еңбегінің нәтижесі болып табылды. Алғашқы оқу құралдары жазылған тұста әдебиеттің тарихи курсы толық анықталмаған кез болатын. Оның үстіне әдебиеттің теориясы қалыптаспаған, сыны жоққа тән еді. Аумалы-төкпелі кезеңде әдеби мұраға деген көзқарастың да тұрақтамаған тұсы болатын. Қазақ әдебиетінің алғашқы сынында сыңаржақтылық басым еді. Әдебиет пәнінің ғылыми негіздерін анықтау да күрделі үдерісті бастан кешіргені мәлім. Сондықтан осы кезеңде жазылған әдебиет майданы мәселелері алғашқы оқу құралдарына енгізіле берді. Сол оқу құралдары өз кезегінде орталау оқу орындарына да қызмет етті. Сондықтан бұл еңбектердің оқулыққа қарағанда хрестоматиялық сипаты басым болды. Қазақ әдебиеті оқулықтарының алғашқы қарлығаштары қатарында М.Жолдыбайұлы, Ә.Қоңыратбайұлы, М.Қаратайұлының төрт жылдық мектепке арналған «Әдебиет хрестоматиясы» оқулығы бар еді [4]. Бұл хрестоматияның оқушы-шәкірттердің білімін толықтыруға, әдеби эстетикалық танымын қалыптастыруға елеулі ықпалы болды.

Қырқыншы жылдарға дейін қазақ әдебиетінің әдістемесінің қалыптасу кезеңі болды деуге болады. Бұл қалыптасу бірнеше бағыттағы үдерістен көрінеді: осы кезеңде мектептің сабақ жүйесі қалыптасты, яғни жалпыға бірдей орталау және орта білім беру жүйесі құрылды; әдебиет оқулықтарының ғылыми-әдістемелік, материалдық базасы қалыптасу үстінде болды; оқу бағдарламалары мен оқулықтарының әдістемелік құрал ретіндегі рөлі күшейе түсті. Әдебиет оқулықтарының оқушы мен мұғалімнің сүйенетін негізгі құрал ретіндегі рөлінің күшейуі ендігі жерде әдістемелік жүйесін де нығайту талабын туғызды. Ендігі жерде мектеп оқулықтарына әдістемелік нұсқаулардың жазылу қажеттігін туындатты. Сол тұстағы идеологияның әсерінен мектепте оқылатын ақын-жазушыларды іріктеу үлкен жауапкершілікпен жүзеге асырылу себепті, ендігі жерде жеке ақын-жазушылар өмірі мен шығармашылығын мұғалімдерге түсіндіруге арналған танымдық мазмұндағы мақалалар жарияланып, бірлі-жарым әдістемелік кітапшалар пайда болды.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің осы кезеңдегі өзекті мәселесін көтерген алғашқы мақалалардың авторларының бірі де Ә.Қоңыратбаев еді. 1946 жылы «Халық мұғалімі» журналында жарияланған Ә.Қоңыратбаевтың «Мектепте Абайдың мысал өлеңдерін оқыту туралы» деген мақаласы осы тұста жазылған белгілі бір шығарманы жанрлық ерекшелігіне қарай оқыту жолдарын ұсынған алғашқы мақала болатын [5]. Шағын сюжеттік желіге құрылған мысал өлеңдер табиғаты өзінің көлемі жағынан да ғибраттық мазмұнымен де оқушы түсінігіне жеңіл, қызғылықты шығармалар қатарында бағдарламаға енгізілген болатын. Ал, мысал өлеңдерінің композициялық құрылымында эпикалық текке тән сюжеттік желінің болатыны, ғибартнамалық түйінінің әр түрлі көркемдік тәсілдермен берілу жолы

Әдіскер-ғалымның 1959 жылы «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналында жарияланған «ҮІ класта лирикалық өлеңдерді оқыту» атты мақаласы лирикалық шығармалардың табиғатын танытып, оны оқытудың әдістемелік жолдарын жүйелеген еңбек болып танылады [6]. Мақалада автор орта буын

сыныптарда поэзиялық шығармаларды оқытудың ұстанымдарын айқындап, мектеп бағдарламасында оқу материалын сұрыптаудың негізгі қағидаттарын көрсетеді. Мәселен, «ҮІ-класта Абайдың «Жазғытұры» деген пейзаждық өлеңінен оның абстрактілі түйіндеуге, ішкі сезім толқынына, сол сезім арқылы терең этикалық ғибратқа құрылған «Әсемпаз болма әрнеге» деген лирикасының бұрын берілуі орынсыз. Дәл осындай жай Ы.Алтынсарин өлеңдерінің орналасуынан да ұшырасады» - дей келіп, өлеңді мектеп бағдарламасы мен оқулықта берудің рет, тәртібінде әдістемелік жүйе болу керектігін, шығарманың жанрлық ерекшелігіне қарай ұсыну керектігін орынды ескертеді. Автордың пікірінше өлеңнің жанрын таныту үшін әуелі пейзаждық, портреттік, суреттемелік үлгілерін таныстырып, содан соң күрделі әлеуметтік мәселелерді қозғаған тақырыптық өлеңдерді ұсыну керектігін айтады. Осылайша оқыту үдерісін оңайдан күрделіге қарай негіздей құру ұстанымдарын танытады.

- редакциялау;
- редакциялық ұжым;
- газет нөмірінің құрылымы;
- газеттің безендірілуі;
- газетті беттеу және макет жасау.

**Пәннің білігі мен дағдысы.** Журналистік зерттеу дағдысы журналистік қызметтің соңғы нәтижесі болып табылғанымен, әр түрлі жанрдағы мәтін түзу, түрлі дереккөздерден ақпарат алу ізденісі, газет макетін жасаудың алғашқы дағдылары мен газет нөмірін беттеу, анықтамалық әдебиеттер мен ғылыми жұмыс істеу дағдысы – пәннің іскерлігі мен дағдысын құрайды.

**Зерделік білік пен дағды.** Бұл өз ойын тұжырымдап айту, зерделік мәселелер мен тапсырмаларды шешу және оны мәселе етіп қоя білу дағдысы.

**Ой түйюшілік дағды.** Оқушы журналистика туралы негізгі ұғымдарды, оның даму кезеңдерін, редакцияны ұйымдастыру жұмыстарының принциптерін, тіл мәдениетін білумен қатар, алған білімі мен біліктілігін, тәжірибелік қызметін қолдана білу дағдысы.

**Нәтижеге жетудің басты белгілерін** үйренудің барлық кезеңдерінде материалды газетте басуға даярлық негізгі дағды болып табылады. Бірақ барлық оқушылардың бағдарлама материалдарын біркелкі дәрежеде меңгере бермейтіні белгілі, сондықтан бағдарлама материалдарын тәжірибе жүзінде үйретудің жеке дара тәсілін де қолданған абзал (яғни оқушылардың қызығушылығы мен қабілеті ескерілуі тиіс).

**Меңгеру деңгейі бойынша** аталған бағдарлама кәсіби-бағдарлық болып табылады.

Оқушылардың білімін бағалау мен оқыту – шығармашылық жұмыс үлгісінде, барлық тақырыптар бойынша эвристикалық әңгімелесу, реферат жазу түрінде өткізіледі. Сондай-ақ, сабақта шығармашылық тапсырмаларды орындау, тәжірибе жүргізу, өздігінше бақылау жасайтын экскурсиялық дәрістер қолданылады. Теориялық материалдармен жұмыс істеу барысында эвристикалық әңгімелесуге басымдылық беріледі. Себебі бұл тәсіл ауызша материалды баяндауда маңызды рөл атқарады. Оқушылар жаңа ұғымдарды өздігінше логикалық ойлау жолымен меңгереді. Сол себепті де дүниетанымның эвристикалық әдісі белсенді қолданылады. Оқушылардың сабақ барысында сауал қоя білу техникасы да маңызды рөл атқарады. Бұл журналистік қызметте нәтижеге жетудің ең маңызды жолы. Аталған әдіс қайталауға, алған білімді пысықтауға және бекітуге мүмкіндік береді.

Кәсіби дайындықтың сапасы оқушылардың оқу үдерісі кезінде алған тәжірибесіне байланысты болады. Тәжірибе жұмысы және авторлық мақала даярлау – кәсіпті берік меңгеруді қамтамасыз етеді және кәсіптік білімді бекітіп, білік мен дағдыны қалыптастырады. Сабақ барысында балалар әртүрлі газет жанрларында материалдар жазады, өз бетінше газет нөмірлерін беттейді, авторлық мәтіндерді түзетеді, конкурстарға, студиялық сабақтарға, әдеби-іскерлік ойындарға, семинарларға (дөңгелек үстелдерге), семинар-пікірсайыстарға, топтық жобаларға, шебер-сыныптарға қатысады. Өздері қызығатын тақырыптарда пікір алысып, мамандармен әңгімелеседі, алған білімдерін тәжірибе жүзінде қолданып көреді.

Бағдарлама кез-келген мектепте, лицейде, гимназияда қолдануға лайықты, сондықтан оны мерзімді басылым шығаруға талпынушылар да, тұрақты мерзімді қабырға газеті бар білім мекемелері де қолдана алады.

Тиісті мемлекеттік білім беру стандарты болмаған жағдайда журналистиканың негіздерін мектепте үйрету үшін Т.Амандосовтың (Совет журналистикасының теориясы мен практикасы. – Алматы, 1978), Т.Қожақеевтің (Жас тілшілер серігі. – Алматы, 1991; Сатира негіздері. – Алматы, 1996), Б.Сердәлінің (Қазіргі газет жанрлары. – Алматы, 2011; Мерзімді баспасөз дизайны. – Астана, 2015), Д.Рэндаллдың (Универсальный журналист. – Алматы, 1996) оқу құралдарын пайдалануға, әдістемелік құрал ретінде басшылыққа алға болады.

Біз ұсынып отырған «Мектептегі журналистика» қосымша білім беру бағдарламасының жалпы көлемі 136 сағатқа есептеліп, 2 оқу жылына лайықталған. Оқу сабақтан тыс уақытта аптасына 1 рет 2 сағаттан өткізіледі.

Бағдарламаның сағатқа мөлшерлеп қана бөлінуі шеберліктің алғашқы дағдысын беріп, таныстыру үшін ғана қажет. Схемасы шартты, себебі ол жыл сайын нақты топтардың оқуына арналып түзетіліп отырылуы мүмкін.

Аталған пән факультативті курстың бағдарламасы негізінде 8-11 сыныптарға журналистика негізінен сабақ беретін мұғалімдерге арналған, сондықтан ол, мамандығына қарамастан, кез-келген шығармашылықпен айналысатын педагогқа қолжетімді болып табылады.

Бағдарламаны іске асыру қорытындысы 1-ші оқу жылының соңында оқушылардың журналистік кәсіп туралы толық мағлұмат алып шығуына, журналистік кәсіп мәдениетінің негізін меңгеруіне, жанрлар бойынша журналистік мәтіндерді түзе білуіне негізделген. Оқу жылын аяқтау сәтінде оқушылар әртүрлі дереккөздерден ақпараттар іздестіру дағдысын меңгеріп, әдеби редактор қызметін меңгеруі қажет.

Оқудың 2-ші жылының соңында оқушылар журналистік шеберлік дағдыларын айтарлықтай толық меңгеруі қажет: материал жинауды үйреніп қана қоймай, оны жүйелей білуіге, беттей білуіге, макеттей білуге және мектеп басылымын (газет, журнал, альманах т.б.) өз бетінше шығаруға дағдылануы тиіс.

Біліктілікті, білім мен дағдыны тұрақты түрде жетілдіре беру үшін жазғы каникул кезінде де тәжірибені іс-жүзінде қолдана білу қарастырылған. Оқушыларға жергілікті редакцияларда болып, туған өлкенің тарихы мен ескерткіштеріне саяхат жасау, экологиялық аймақтарға журналистік

жолсапарға шығу, ұлттық мерекелерге қатысу, әлеуметтік маңызы бар іс-шаралардың куәсі болу, осы оқиғалардың нәтижесін өз мерзімді басылымында жазу тәжірибесі үйретіледі.

Жоба

**«Мектептегі журналистика» бағдарламасының  
тақырыптық жоспары  
(136 сағат)**

р/с №	Бөлім атауы	Барлық сағат	Лекциялық сағат	Практикалық сағат	Бақылау формасы
I	Қазіргі газет жанрларының сипаты	5	4	1	Эвристикалық әңгімелесу, реферат, шығармашылық жұмыс
II	Журналистиканың ақпараттық хабарлама жанрлары	21	9	12	Эвристикалық әңгімелесу, реферат, шығармашылық жұмыс
III	Журналистиканың оқиғалы-талдамалы жанрлары	52	24	28	Эвристикалық әңгімелесу, шығармашылық жұмыс, жоба
IV	Журналистиканың көркем-публицистикалық және сатиралық жанрлары	24	12	12	Эвристикалық әңгімелесу, шығармашылық жұмыс, жоба
V	Журналистиканың иллюстрациялық жанрлары	4	2	2	Эвристикалық әңгімелесу, шығармашылық жұмыс, жоба
VI	Мерзімді баспасөз дизайны	30	15	15	Эвристикалық әңгімелесу, шығармашылық жұмыс, жоба

**«Мектептегі журналистика» бағдарламасының  
кеңейтілген тақырыптық жоспары  
(136 сағат)**

р/с №	Бөлім атауы	Барлық сағат	Лекциялық сағат	Практикалық сағат	Бақылау формасы
<b>Оқудың 1-ші жылы</b>					
<b>I Қазіргі газет жанрларының сипаты</b>					
1.1	Газет жанрларын тудырушы факторлар	1	1		Реферат, эвристикалық әңгімелесу, шығармашылық жұмыс, тест
1.2	Газет жанрлары туралы түсінік	1	1		Эвристикалық әңгімелесу, шығармашылық жұмыс
1.3	Газет жанрларының өзге жанрлармен сабақтастығы	1	1		Эвристикалық әңгімелесу, шығармашылық жұмыс, практика
1.4	Газет жанрларының типтері, түрлері	2	1	1	Шығармашылық жұмыс, тест
<b>II Журналистиканың ақпараттық хабарлама жанрлары</b>					
2.1	Газеттегі ақпарат.	3	1	2	Эвристикалық лекция, шығармашылық

					жұмыс, «дөңгелек үстел»
2.2	Хабарлы корреспонденция	2	1	1	Эвристикалық әңгімелесу
2.3	Хабарлы есеп	2	1	1	Эвристикалық әңгімелесу, баспасөзбен жұмыс
2.4	Хабарлы сұхбат	3	1	2	Эвристикалық әңгімелесу, баспасөзбен жұмыс, «дөңгелек үстел»
2.5	Блиц-сауалнама	2	1	1	Эвристикалық әңгімелесу, баспасөзбен жұмыс, саяхат
2.6	Сұрақ-жауап	2	1	1	Эвристикалық әңгімелесу, баспасөзбен жұмыс
2.7	Репортаж	3	1	2	Эвристикалық әңгімелесу, баспасөзбен жұмыс, практика
2.8	Азанама	2	1	1	Эвристикалық әңгімелесу, баспасөзбен жұмыс
2.9	Ақпараттық кескін	2	1	1	Эвристикалық әңгімелесу, баспасөзбен жұмыс
<b>III Журналистиканың оқиғалы-талдамалы жанрлары</b>					
3.1	Талдамалы есеп	3	1	2	Шығармашылық жұмыс
3.2	Талдамалы корреспонденция	3	1	2	Реферат, эвристикалық әңгімелесу, шығармашылық жұмыс
3.3	Талдамалы сұхбат	3	1	2	Мәгінмен жұмыс
3.4	Талдамалы сауалнама	3	1	2	Реферат, эвристикалық әңгімелесу, шығармашылық жұмыс
3.5	Әңгімелесу	2	1	1	Эвристикалық әңгімелесу, шығармашылық жұмыс
3.6	Түсіндірме	2	1	1	Реферат, эвристикалық әңгімелесу, шығармашылық жұмыс
3.7	Социологиялық резюме	2	1	1	Реферат, эвристикалық әңгімелесу
3.8	Анкета	2	1	1	Эвристикалық әңгімелесу
3.9	Мониторинг	2	1	1	Реферат, эвристикалық әңгімелесу, шығармашылық

					жұмыс
3.10	Рейтинг	2	1	1	Эвристикалық әңгімелесу
3.11	Рецензия	2	1	1	Реферат, эвристикалық әңгімелесу, шығармашылық жұмыс
3.12	Мақала	2	1	1	Өзіндік жұмыс
3.13	Публицистік қайымдасу (полемика)	2	1	1	Реферат, эвристикалық әңгімелесу, шығармашылық жұмыс
3.14	Журналистік зерттеу	2	1	1	Өзіндік жұмыс, баспасөзбен жұмыс
3.15	Шолу	2	1	1	Реферат, эвристикалық әңгімелесу, шығармашылық жұмыс
3.16	БАҚ-қа шолу	2	1	1	Реферат, эвристикалық әңгімелесу, шығармашылық жұмыс
3.17	Болжам	2	1	1	Өзіндік жұмыс, баспасөзбен жұмыс
3.18	Түйткіл (версия)	2	1	1	Өзіндік жұмыс, баспасөзбен жұмыс
3.19	Эксперимент	2	1	1	Өзіндік жұмыс, баспасөзбен жұмыс
3.20	Эссе	2	1	1	Өзіндік жұмыс, баспасөзбен жұмыс
3.21	Хат	2	1	1	Реферат, эвристикалық әңгімелесу, шығармашылық жұмыс
3.22	Мөлтек сыр	2	1	1	Реферат, эвристикалық әңгімелесу, шығармашылық жұмыс
3.23	Кеңес	2	1	1	Өзіндік жұмыс, баспасөзбен жұмыс
3.24	Талдамалы пресс-релиз	2	1	1	Өзіндік жұмыс, баспасөзбен жұмыс
<b>IV Журналистиканың көркем-публицистикалық және сатиралық жанрлары</b>					
4.1	Очерк	2	1	1	Баспасөзбен жұмыс, эвристикалық әңгіме
4.2	Тұрмыстық хикаялар	2	1	1	Баспасөзбен жұмыс, эвристикалық әңгіме
4.3	Аңыз	2	1	1	Баспасөзбен жұмыс, эвристикалық әңгіме
4.4	Эпиграф	2	1	1	Баспасөзбен жұмыс, эвристикалық әңгіме
4.5	Эпиграфия	2	1	1	Баспасөзбен жұмыс, эвристикалық әңгіме



4.6	Фельетон	2	1	1	Баспасөзбен жұмыс, эвиристикалық әңгіме
4.7	Памфлет	2	1	1	Баспасөзбен жұмыс, эвиристикалық әңгіме
4.8	Пародия	2	1	1	Баспасөзбен жұмыс, эвиристикалық әңгіме
4.9	Сатиралық түсіндірме	2	1	1	Баспасөзбен жұмыс, эвиристикалық әңгіме
4.10	Анекдот	2	1	1	Баспасөзбен жұмыс, эвиристикалық әңгіме
4.11	Қалжың	2	1	1	Баспасөзбен жұмыс, эвиристикалық әңгіме
4.12	Ойын	2	1	1	Баспасөзбен жұмыс, эвиристикалық әңгіме
<b>V Журналистиканың иллюстрациялық жанрлары</b>					
5.1	Фотоиллюстрациялар	2	1	1	Баспасөзбен жұмыс, тәжірибе
5.2	Суретгі иллюстрациялар	2	1	1	Баспасөзбен жұмыс, тәжірибе
<b>Оқудың 2-ші жылы</b>					
<b>VI Мерзімді баспасөз дизайны</b>					
6.1	Кіріспе. Газеттегі цифрлық технология және дизайн	2	1	1	Шебер-сынып, интерактивті тақтамен жұмыс
6.2	Беттеуші-дизайнер және басылым сапасы	2	1	1	Шебер-сынып, интерактивті тақтамен жұмыс
6.3	Басылымның тұрақты элементтерін безендіру	2	1	1	Шебер-сынып, интерактивті тақтамен жұмыс
6.4	Жарияланымдарды беттеу жолдары мен басылымды шығару	2	1	1	Шебер-сынып, интерактивті тақтамен жұмыс
6.5	Дизайншы құралы және газет мәтінінің графикасы	2	1	1	Шебер-сынып, интерактивті тақтамен жұмыс
6.6	Дизайн фотоиллюстрациясы	2	1	1	Шебер-сынып, интерактивті тақтамен жұмыс
6.7	Беттегі мәтіндерді орналастыру	2	1	1	Шебер-сынып, интерактивті тақтамен жұмыс
6.8	Газет және журнал дизайны: өзара айырмашылығы	2	1	1	Шебер-сынып, интерактивті тақтамен жұмыс
6.9	Беттеу дизайны	2	1	1	Шебер-сынып, интерактивті тақтамен жұмыс
6.10	Журнал мұқабасы мен газеттің ашпа бетінің дизайны	2	1	1	Шебер-сынып, интерактивті тақтамен жұмыс
6.11	Беттеушіге қажетті дизайн бағдарламалары	2	1	1	Шебер-сынып, интерактивті тақтамен жұмыс
6.12	CorelDRAW графикалық дизайн бағдарламасы	2	1	1	Шебер-сынып, интерактивті тақтамен жұмыс
6.13	Adobe inDesign газет	2	1	1	Шебер-сынып,

	беттеу дизайн бағдарламасы				интерактивті тақтамен жұмыс
6.14	Adobe Photoshop сурет өңдеу дизайн бағдарламасы	2	1	1	Шебер-сынып, интерактивті тақтамен жұмыс
6.15	web-дизайн	2	1	1	Шебер-сынып, интерактивті тақтамен жұмыс

1 Якушина Е. В. Интернет для школьников и начинающих пользователей / под ред. А. А. Журина. – М., 1997. – 220 с.

2 Гоне Ж. Школьные и лицейские газеты / Ж. Гоне; общ. ред. и выступ. ст. А. В. Шарикова. – М.: ЮНПРЕСС, 2000. – 200 с.

#### Резюме

Сердали Б.К. - к.ф.н., доцент МКТУ им. Ходжа Ахмеда Ясави

#### Медиаобразование в школе

Статья рассматривает о дополнительном образовании в общеобразовательном учреждении «Журналистика в школе» и материалы к ней (рекомендации, планирование, содержание, материалы к занятиям и др.), о том, как осуществление этой программы поможет создать условия для оптимальной социальной и творческой реализации обучающихся и стимулировать их активность в поисках профессии. Наметившийся в последние годы перекокс к творчеству учеников привел к тому, что стенному газету в школе, например, в целом уделяется меньше внимания, чем надо. Так что активное внедрение медиаобразовательных технологий, и прежде всего журналистики, позволяет отчасти восполнить этот пробел. Общество, в котором мы живем, стремительно превращается в общество, где господствуют информационные технологии, где умение грамотно использовать возможности масс-медиа становится важнейшим условием для достижения успехов в жизни и карьерного роста. А коли так, современная школа просто обязана отвечать на вызовы времени и учитывать реалии сегодняшнего дня. На практике это означает не только активное привлечение в образовательный процесс безграничных возможностей интернета, но и создание в школе кружков журналистики, выпуск собственных периодических изданий, внедрение предметов по журналистики.

**Ключевые слова.** журналистика, пресса в школе, журналистское мастерство, журналистское творчество, информация.

#### Summary

Serdaly B.K. - The international Kazakh-Turkish university of a name H. A. Yasau

The candidate of philological sciences, senior lecturer

#### Media education at school

The article deals with a further education in educational institution "Journalism in the School" and materials to it (recommendation, planning, content, materials for classes, etc.), On how this program will help to create the conditions for an optimal social and creative realization of students and stimulate their activity in search of profession. Loomed in the recent years, skewed to the creativity of the students led to the fact that the wall paper in the school, for example, generally receive less attention than they should. So, the active introduction of media education technologies, and above all journalism, allowing in part to fill this gap. A society in which we live is rapidly turning into a society dominated by information technology, where the ability to competently use the possibilities of the media becomes essential to achieve success in life and career. And if so, modern school is simply obliged to meet the challenges of the time and take into account the realities of today. In practice, this means not only involvement in the educational process of endless possibilities of the Internet, but also the establishment of the school of journalism circles, issue their own periodicals, introduction of subjects in journalism.

**Key words.** Journalism, press at school, journalistic skill, journalistic creativity, information.

ӘОЖ : 378.016: 81

## ШЕТЕЛ ТІЛІ САБАҒЫНДА СТУДЕНТТЕРДІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОЙЛАУҒА ЫНТАЛАНДЫРУ

**Токсанбаева С.А** – Абай атындағы ҚазҰПУ 6М011900 – Екі шет тілі мамандығының 2 курс магистранты, [salta-20.09@mail.ru](mailto:salta-20.09@mail.ru),

Ғылыми жетекші: **Убниязова Ш.А** – Абай атындағы ҚазҰПУ кәсіби бағыттағы тілдер кафедрасының PhD, аға оқытушысы, [ubniyazova@bk.ru](mailto:ubniyazova@bk.ru)

Қазіргі таңда оқу орындары қағида тұрғысынан студенттердің шығармашылық белсенділік танытуда жүйелі ойлау мен дербес жұмыс істей алуы дамыту мен қалыптастыруға жаңа міндеттер қоюда. Кәсіби білім беру мекемелерінде маман әзірлеуде негізгі мақсат болып білімді толық меңгеру ғана емес, онымен қоса студенттердің өздері білім жинап, танып білуге, танымал немесе құрастырылған іс-әрекет негізінде оларды шығармашылық тұрғыда қолдануға арналған қабілеттіліктерді дамытуды көздейді. Шетел тілін ЖОО-да оқыту студенттің тек гуманитарлық бағыттағы дайындық дәрежесін көтеріп қана қоймай, сонымен қатар олардың шығармашылық ойлау қабілеттерін қалыптастырып, дамытуын қамтамасыз етеді. Өзінің болашақ кәсіби ісі барысында студенттер стандартты емес амалдарды талап ететін, шешуге мәжбүр проблематикалық жағдайлармен «қақтығысады». Ондай мәселелердің нәтижелі шешілуі маманның белгілі бір шығармашылық тәжірибесіз мүмкін емес. Ал шетел тілі сабағында студенттің шығармашылық ойлау қабілетін оған ғылым негіздерін толыққанды ұғынып, меңгергеннен соң зерттеліп отырған материалды жан жақты ойластыруға бар күшін салғанда ғана қалыптастыра алады. Сондықтан да берілген мақаламызда студенттердің шығармашылық ойлау қабілетін жоба технологиясы мен өзіндік жұмыс арқылы ынталандыру қарастырылған.

**Түйін сөздер:** шетел тілі пәні, шығармашылық ойлау, білікті маман, өзіндік жұмыс, жоба, өзін-өзі бағалау.

Президентіміз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауындағы білім беру жүйесінде үш тілдің - мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін, ұлтаралық қатынас тілі ретінде орыс тілін және әлемдік экономикаға үйлесімді кірігу тілі ретінде ағылшын тілін меңгерген, бәсекеге қабілетті маман даярлау міндетін атап көрсеткенін білеміз. Бұл дегеніміз оқу орындарына жаңа міндеттер, жаңа талап, жаңа мақсаттар қойып отыр дегенді түсіндіреді [1].

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының жаңа кезеңге өту жағдайында кәсіптік білікті болашақ маман даярлауда, олардың жоғары білім сапасының деңгейін қамтамасыз ету ЖОО-нда негізгі мәселелерінің бірі болып табылады. Болашақ маман үшін маңызды арнайы қабілеттерді дамыту ағылшын тілін оқыту үдерісінде кешенді жүзеге асырылады. Ағылшын тілін оқытуда студенттердің кәсіптік даярлығын тиімді қалыптастырудағы міндеттердің бірі олардың сыни, шығармашылық тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыру болып табылады. «Қазақстан Республикасында жоғары білімді дамыту стратегиясында» «Қазақстанда жоғары білімнің міндеттері» бөлімінде: « - сынай ойлау мен шығармашылық – жоғары білімге инновациялық тұрғыдан қараудың мәні» деп көрсетілген. Студенттің өзін-өзі бағалай алуы, тәуелсіз пікір бере білуі оның білімінің сапасын ғана емес, жеке тұлға ретінде қабілеті мен білгірлігін, қоршаған ортаға икемділігін айғақтайды [2]. Е.С. Полат «постиндустриалды қоғам студенті «өздігінен сыни ойлай алатын, қиындықты жеңе алатын, өздігінен шешім қабылдайтын» тұлға болуы керек дейді [3]. Студенттің шетел тілі арқылы айналаны тану, өзіне қажеттіні таңдай алу, өз бетінше іздену, кәсіптік деңгейін арттыра білу шеберліктерін дамытуда шығармашылық ойлау шеберліктерін қалыптастырудың маңызы үлкен.

ЖОО студенттерінің шығармашылық ойлау қабілетретінқалыптастырудың бірден бір ұтымды жолы – білім беру үрдісінде олардың өзіндік жұмыстарын жоба технологиясын қолдану арқылы күшейту. Сол себептен де шығармашылық қабілетті дамытуда өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруды негізгі мәселелерінің бірі ретінде қарауға тура келді. Жобаны ұйымдастыру арқылы олардың дербес жұмыс істеу дағдыларын арттыруға, оның нәтижесінде өз ой-пікірін құрастырып, әр іске шығармашылықпен қарауға жағдай туады.

Өзіндік жұмыста жоба әзірлеу үнемі оқытушының жол сілтеуімен, басшылық жасауымен ғана орындалып қана қоймай, соңғы кездегі тиімді жаңа технологиялар тұрғысынан алғанда бүгінгі студенттің, ертеңгі маманның жеке тұлғалық және шығармашылық қабілетін қалыптастыратындай деңгейге көтерілуі оның түрлерін, ұйымдастырылу жолдарын, қолданылатын әдістерді, олардың беретін нәтижесін педагогикалық тұрғыда теориялық және практикалық тұстарын жан-жақты зерттеуді және зерттеу нәтижелерін тәжірибеде қолдануды керек етеді. Қазіргі таңда жоғары оқу

орындарында білім берудің кредиттік жүйеге көшуімен байланысты студенттердің шығармашылық әрекетін, білімді өздігінен ізденіс арқылы табудың жолын, жалпы педагогикалық принциптерді басшылыққа алу біліктіліктерін көтеру мәселесі қойылып отырғандықтан, білім беруді ұйымдастырушы-оқытушы мен білім алушы-студенттер арасындағы қарым-қатынас дәрежесі мүлдем басқаша жаңа деңгейге көтерілді. Осының негізінде оқыту әдістері мен оқу әрекеттері түрленіп, өзіндік жұмыстың құрылымы да, мазмұны да, оны ұйымдастырудың педагогикалық-психологиялық мақсаты да кешенді түрде өзгеріске ұшырады.

«Шығармашылық» ұғымының мазмұны «шығару», «іздену», «жаңаны ойлап табу» деген мағынаны білдіреді. Ол, жаңалық ашатын адамның әрекетінен, адамның мақсатқа бағытталған қызметіндегі ізденімпаздығы мен белсенділігінен, табандылығы мен жігерінен құралып, ақыл-ойы мен сезімінің, креативтілігінің бірегейлігінен туындайды.

«Шығармашыл ойлау» жаңа идеяларды туындатуға бағытталады, оның нәтижесінде қандай да мәселе, проблеманың соны, қайталанбас шешімі табылып, не бұрыннан бар шешімнің жетілген әдісі жүзеге келеді. Шығармашыл ойлау барысында танымдық іс әрекеттің төркін, мән мағынасына, құнына, мақсатына сай жаңа ой пікір құрылымдары пайда болады. Бұл арада іске асатын жаңалықтың екі түрін айыра білу қажет:

- 1) Жалпы болмыс заңдылықтарына бейімделген, ғылымда бұрын болмаған объективті жаңалық;
- 2) Нақты тұлға ой өрісінен бастау алған субъективті жаңалық: Шығармашыл ойдың дамуына көптеген факторлар кедергі келтіреді. Олар:

- 1) Шектен тыс сыншылдық
- 2) Шешім іздеудегі асығыстық
- 3) Ішкі шек қоюшылық
- 4) Регидшілік ескі білімдерді қолдануға әуесқойшылық

5) Конформизм сырт көзге мазақ болу қаупінен туған тартыншақтық Шығармашылық іс-әрекет шығармашылық ортада орындалады және оның орындалу нәтижелілігін шығармашылық қабілеттер анықтайды, шығармашылық ортада тұлғаның шығармашылық қызығушылығы, белсенділігі, танымдық ізденімпаздығы артып, шығармашылық қабілеті дамиды.

Жоғары оқу орындарында студенттерді шығармашылыққа баулуда олардың бойында болашақ маманның шығармашылық қасиеттерінің болуына көп көңіл бөлеміз. Шығармашылық - бұл адамның өмір шындығына өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйін, өздігінен саналы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу оның рухани күшін нығайтып, өмірде өз орнын табуға көмектеседі. Шығармашылық - бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі [4]. Шығармашылық - төмендегідей ерекшеліктермен сипатталатын адам әрекеті: - шығармашылықтағы қарама-қайшылықтардың болуы; - әлеуметтік немесе жеке адамға деген мәнінің болуы; - шығармашылыққа арналған шарттардың, жағдайдың болуы; - шығармашыл тұлғаның жекелік қасиеттерінің болуы; - нәтиженің жаңалығы, соңылығы. Қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жеке тұлғаның қалыптасып, дамуы үшін жаңа талаптарды қажет етеді. Уақыт табандылығының қажеттілігі, адамзаттың шығармашылық қабілеттерінің дамуында, кез келген қызмет саласындағы мақсаттардың дәстүрден тыс жолдарын іздеу, қоғамның әрбір мүшесінің зиялылық мүмкіндігін арттырумен қатар, барынша шығармашылық белсенділігін оятып, оның дамуына алып келеді.

Жоғары оқу орындарында студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың негізгі факторы болып олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге, оларға кәсіптік білім беруде болашақ мамандықтарына байланысты қабілеттерін де дамыту аса маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Шығармашылық қызығушылықты қалыптастырудың қазіргі тұжырымдамасы жаңа парадигмаға сүйенеді, ол әр жеке тұлғаның ынтасы; әр жеке тұлғаның даму мүмкіндіктерінің, оның ішінде оның шығармашылық өзін-өзі дамытуды қажетсінуінен; ішкі еркіндігінің басылымдылығы – сыртқы шығармашылық өзін-өзі дамытудың табиғатын танымдық қызығушылықтың ықпалдастырылған сипаттамасы ретінде түсінуден тұрады. Жеке тұлғаның шығармашылық қызығушылығы – бұл ішкі процесс, адамның орта әсеріне белгілі бір жауап беру тәсілі, өзіндік қарама-қайшылықтар әсерінен және қоршаған ортаға, әлеуметтік қатынастардың субъектісі ретінде өзінің субъективті қарым-қатынастарын есепке алу негізінде өзін саналы түрде жетілдіруге ұмтылысы. Шығармашылық қызығушылықтың жетекші функцияларына талаптанушылық, танымдық, реттеушілік, рефлексиялық, белсенді өзара қарым-қатынас т.б. жатқызылады. Олар өзін-өзі

дамытудың бағыттылығы мен артуын, тұлғалық компоненттердің деңгейін және олардың сабақтастығын айқындайды, адамға өзін жетілдіруге орай дербес әрекетін ұйымдастыруға мүмкіндік туғызады. Шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру - субъект-субъектілік бағдардың шығармашылық әрекетінің ерекше түрі, ол бір жағынан “өзіндік” процестердің “өзін-өзі тану, өзін-өзі айқындау, өзін-өзі басқару, өзін-өзі таныту” қарқынын күшейту мен тиімділігін арттыруға, екінші жағынан, педагог олардың шешімін табу барысында субъектілік бағыт ұстанатындай, тұрақты түрде күрделеніп отыратын проблемалық шығармашылық міндеттердегі қарама-қайшылықтарды шешуге бағытталады. Шығармашылық қызығушылық – жеке тұлғаның жаңа жағдайда өзекті мәселенің шешімін табуға танымдық бағдары негізінде, психологиялық сапаларын дамыта отырып, білімдік-рухани құндылықтарға жетуге ұмтылысымен сипаталатын және шығармашылық қабілетті дамытуға жетелейтін танымдық сапасы. Оқу процесінде студенттердің шығармашылық сипаттағы тапсырмаларын жүйелі түрде ұйымдастыру және оны болашақтағы кәсіби бағдарымен сабақтастыра зерттеу оқытушының педагогикалық құзіреттілігіне де байланысты. Өз пәнін жетік меңгерген және оның мазмұнын жаңа біліммен үнемі толықтыра отырып, шығармашылықпен жұмыс істеуі, өз болмысын терең зерделей отырып, жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуына өзінің қолтаңбасын қалдыруына, рухани тұрғыда терең түсінуі мұғалімнің ішкі құндылық бағдарына байланысты [5].

Студенттің шығармашыл тұлғасын қарастыру оның көптеген сапалық қасиеттерінен тұрады:

1) Тұлғаның жалпы белсенділігін сипаттайтын қасиеттерін жігерлілік, табандылық, инициативтік, шешім қабылдаушылық, мақсатқа бағыттаушылық, өздігінен жұмыс істей алуы, қажырлылық, оптимизм, сенімділік, тұрақты қызығушылық дамыту тұлғаның шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

2) Білім алуға қатысты қасиеттер жауапкершілік, ұқыптылық, қызығушылық, еңбексүйгіштік, орындаушылық, байыптылық, ұйымдастырушылық, продуктивтілік, ізденімпаздық және т.б. әрбір шығармашыл тұлғаның бойында табылады.

3) Тұлғаның ақыл ойына қатысты қасиеттер тұлғаның ойлауының кең, сыни тұрғыда, логикалық болуы, ой батылдығы, даму интеллектісі мен деңгейі, эрудиция, интуиция, оқуға қабілеттілігін дамыту шығармашыл тұлғаның ойлау қабілеттерін дамытудағы ең маңызды мәселелердің бірі. Оқытудың кредиттік жүйесінде ең тиімді және жоғарғы тиімді сабақ берудің бір түрі студенттің өз бетімен жұмыс жасауын ұйымдастыру болып табылады. Ол қазіргі заманғы білім беруде үлкен орын алады, себебі әр студент өз бетінше оқу әрекетінде білім алады, өз бетінше жұмыс істейді. Жеке өз бетінше жұмыс жүргізуді - оқытушының студенттің белсенді әрекетін ұйымдастыру, ол алға қойылған мақсатты арнайы берілген уақыт ішінде орындау, білімді іздеу, оларды түсіну, бекіту, шеберлік пен дағдыларды қалыптастыру деп түсінеді.

Шығармашылық қабілетті дамыту студенттердің қажетті теориялық білімі, біліктіліктер мен дағдылардың болғанында ғана мүмкін болады және әрі қарай дамиды. Олар:

- Қолдану (теориялық білімдерін практикада қолдана алса, бір пәннен алған білімдерін басқа пәннен алған білімдерімен өзара байланыстырып кешенді түрде қолдана алса);

- Ойлау (шығармашыл ойлап, өзінің ойларына еркіндік бере алса, анық және логикалық тұрғыда ойлай алса; сыни ойлау);

- Шешім (проблемаларды тауып, шеше алса; шешімнің жаңа жолдарын тапса; жаңа ситуацияда жөн таба алса);

- Түсіну (оқу материалының мағынасын шығармашылық бағытта түсіне алса; оқу материалынан ең бастысын атап көрсетсе);

- Болжау (нәтижелерді болжай алса; ғылыми проблемаға өзіндік зерттеу жұмыстарын жүргізе алса);
- Сөйлеу (ауызша және жазбаша тілді жақсы меңгерген болса);
- Бағалау (бағалай және өзін өзі бағалай алса);
- Талдау (анализ, синтез, салыстыру, жалпылау, классификация жасай алса);
- Зерттеу (өзіндік, шығармашыл, ғылыми ізденіс жасай алса).

Шығармашылық ойлаудың негізгі белгілері:

*Оригинальдық* - шығармашылық ойлаудың өзіне тән болуы, проблеманы шешудің өзгеше болуы, ерекше жауаптар беру қабілеті;

*Ікемділік* - сұрақтарға түрлі жауаптар табу және бірден кірісіп кету қабілеті, бұл қабілет жауаптардың әртүрлі болу деңгейі, неғұрлым көп шешімдердің болу және қолдану мүмкіндіктері немесе шешімдерді өзгертіп, олардан жаңа мүмкіндіктер ашу арқылы анықталады;

*Интеграция* - бірнеше қарама қарсы шарттарды, принциптер мен пайымдарды ескеру қабілеті;

*Сезушілік* - проблеманың, құбылыстың немесе оқиғаның аз байқалатын тұстарын ескеру.

Шығармашыл ойлау студенттердің түрлі саладағы кең көлемдегі және үнемі жаңарып отыратын ақпараттармен жұмыс істей алу дағдыларын, басқалардың ойын ескере отырып өз пікірін анық жеткізу, түрлі ойларды, танымдарды түсіне отырып, өзінің жеке ойын қалыптастыруға, проблемаларды шешуге, өздігінен жұмыс істей алу қабілетін арттыруға, топпен бірге жұмыс істеу және басқалармен қолайлы қарым – қатынас жасай алу қабілеттерін дамытады. Шығармашылық қабілеттерді дамыту барысында жоғарыда айтылғандарды дамыта алсақ, студенттердің өз ойларын білдіріп, өздіктерінен тұжырымдама жасауына, оның шығармашылыққа бағытталуына, өздігінен білім алып, полимәдениетті дамыған тұлға болуларын жүзеге асыра аламыз.

1 Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы // Егемен Қазақстан, 1999, 1 маусым.

2 Новые педагогические и информационные технологии в системе образования /Е.С. Полат, М.Ю. Бухаркина и др.; под.ред. Е.С.Полат. – М.: Академия, 2003. – 272 с.

3 Көшербаев Қ.Е., Ахметов Ә.Қ., Әбілқасымова А.Е., Рахымбек Х.М. Қазақстан Республикасында жоғары білімді дамыту стратегиясы. – Алматы, 1998. – 232 б.

4 Кузнецов С.А. Интегративный подход к решению основных проблем математического анализа в школе и педагогическом ВУЗе// Интеграция образования 2008 №3 с, 69-74.

5 Richard P. How to Prepare Students for a Rapidly Changing World. – USA, 2010. -200 p.

### Резюме

Токсанбаева С.А – магистрантка 2 курса по специальности 6M011900

Иностранный язык: два иностранных языка, [salta-20.09@mail.ru](mailto:salta-20.09@mail.ru)

Научный руководитель: Убниязова Ш.А – PhD, старший преподаватель кафедры профессионально-ориентированных языков, [ubniyazova@bk.ru](mailto:ubniyazova@bk.ru)

### Стимулировать студентов к творческому мышлению на уроке иностранного языка

Перед учебными заведениями сейчас ставятся принципиально новые задачи, направленные на формирование и развитие у студентов системного мышления творческой активности и самостоятельности. В учреждениях профессионального образования в подготовке специалиста главным является не усвоение знаний, а развитие у обучающихся способностей к овладению методами познания, дающими возможность самостоятельно добывать знания, творчески их использовать на основе известных или созданных способов деятельности. Изучение иностранного языка в вузе способствует не только повышению гуманитарного уровня подготовки будущего специалиста, но также формирует и развивает у студентов творческое мышление. В своей будущей профессиональной деятельности студенты «столкнутся» с необходимостью разрешать проблемные ситуации, требующие нестандартного подхода. Эффективное решение таких проблем будет невозможным без определенного опыта творческой деятельности. Творческое мышление, в процессе обучения иностранному языку возможно развить лишь тогда, когда студент направляет свои усилия на осмысление и прочное овладение основами наук, умеет всесторонне анализировать изучаемый материал. В данной статье рассматривается мотивация творческого мышления студентов с помощью технологии проектирования и самостоятельной работы.

**Ключевые слова:** урок иностранного языка, творческое мышление, специалист, самостоятельная работа, проект, самооценивание.

### Summary

S. Toxanbayeva – 2nd course master speciality of Foreign language: two foreign languages, [salta-20.09@mail.ru](mailto:salta-20.09@mail.ru)

Scientific supervisor: Sh.Ubniyazova – PhD, senior lecturer of chair of Professionaly-oriented languages, KazNPU named after Abai, [ubniyazova@bk.ru](mailto:ubniyazova@bk.ru)

### Encourage students' thinking in foreign language classroom

Schools have now set placed fundamentally new tasks aimed at the formation and development of students' creative activity and independence of systematic thinking. In institutions of professional education in the preparation of the expert main thing is not the assimilation of knowledge and the development of students' ability to master the methods of cognition, but also giving the opportunity to acquire knowledge, creatively use them on the basis of known or established ways of life. Learning a foreign language in high school not only improves the level of humanitarian training of future specialists, but also creates and develops students' creative thinking. Students in their future careers "face" the need to resolve problematic situations that require non-standard approach. An effective solution to these problems is impossible without a certain experience of creative activity. Creative thinking, in the process of learning a foreign language may be developed only when the student is focused on understanding and mastery of the fundamentals of science, it is able to comprehensively analyze the study of learning material. This article discusses the motivation of creative thinking of students with the help of project work and technology of independent work.

**Keywords:** foreign language lessons, creative thinking, an expert, independent work, project self-evaluation.

УДК 811 512.122.42

## ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ЖОЛДАРЫ ( ТІЛ ТАРИХЫ КУРСЫ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУ НЕГІЗІНДЕ)

**А.Н.Юсуп** - Абай ат. ҚазҰПУ, педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

**А.Н. Мамиева** – ҚазМемҚызПУ, филология ғылымдарының магистрі, PhD докторант

Мақалада тіл тарихы курсы бойынша өтілетін пәндерді жаңа технологиялар арқылы оқытудың жолдары қарастырылып, аталған пәндерді оқыту үдерісінде қалай тиімді өткізуге болатындығы дәйектеледі. Тіл тарихы курсы бойынша жүргізілетін пәндер тіл білімінде терең қарастыруды, жан-жақты ізденуді талап ететін күрделі пәндер болып табылады. Түркітану және тіл тарихы пәндерін жүргізудегі басты мақсат тек таза білімді меңгерту ғана емес, сонымен қатар әр студенттің ақпараттық-танымдық қабілетін дамытып, оны бекіту, жеке тілдік тұлға ретінде қалыптасуына жан-жақты жағдай жасау.

XXI ғасыр – жаһандық білім мен ғылымның қалыптасу ғасыры, яғни жаңа технологиялардың қарқынды даму ғасыры. Әсіресе, ЖОО оқу үдерісінде жекелеген пәндерді оқытуда жаңа технологияларды қолдану білімнің сапасын арттырып қана қоймайды, сонымен қатар студенттердің жаңа тақырыпты игеруіне алғышарт жасайды, олардың шығармашылық қабілетін шыңдайды, өзіндік дамуына тікелей ықпал етеді, өзара және пән оқытушысымен де тығыз тілдік қарым-қатынас орнауына қолайлы жағдай жасалады. Мақала оқыту үдерісінде жаңа технологияларды тиімді қолданудың жолдарын көрсетеді.

**Түйін сөздер:** тіл тарихы, түркі тілдері, түркітану, көне жазба мұралары, диагностикалық тапсырмалар, әдістік тест

Тіл тарихы мен түркітануға қатысты пәндерді жүргізу барысында түркі тілдерінің фонетикалық, лексика-грамматикалық құрылымының өзіндік даму эволюциясына қатысты көптеген күрделі теориялық мәселелер ғылыми тұрғыда жүйелі түрде қарастырылуға тиіс екендігі белгілі. Осыған орай оқытушыға пәндерді өту барысында, дәріс оқығанда шығармашылық үлкен еркіндік берілетіндіктен, ол өзінің білімі мен өмір тәжірибесі негізінде әрбір тақырыпты түркі халықтарының рухани құндылықтарға толы жәдігерліктерінен алынған мысалдармен байыта отырып, оларды тартымды да қызықты етіп жеткізу жолдарын өз қалауымен таңдап алуы қажет. Тіл тарихы курсына, ең алдымен, студенттердің университет қабырғасында алған толық білімін саралауға, ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысуға баса назар аударған абзал. Ол үшін сабақ кезінде тіл тарихына қатысты студенттің өзіндік дүниетанымын кеңейтіп, танымдық қабілеттерін дамытатын дағды мен кәсіби бейімділіктерін қалыптастыруға, материалдарды терең меңгеруіне мүмкіндік жасалады.

Түркітану және тіл тарихы пәндерін жүргізуде басты мақсат тек білімді меңгерту ғана емес, сонымен қатар студенттің танымдық қабілетін дамытып, оны бекіту, шығармашылық деңгейін арттыруға негізделуге тиіс десек, қателеспейміз. Осымен байланысты оқытушы сабақты өту барысында әдеттегідей жоспарланған әр тақырып пен онда қарастырылған ұғым-түсініктерді тереңдете түсу үшін жаттығулар орындатықызып, сұрақ-жауап түрінде талдау тәсілдерін қолданумен қатар бұл ұғымдар студенттердің алған білімдері негізінде толықтырылып, пікірталастар ұйымдастырылып, сахналық көріністер жасалып, іс-қимыл әрекеттеріне негізделген тренингтер түрінде де өткізуге болады (*фестиваль, аукцион, пресс-конференция, жас түркологтар симпозиумы, түркі ғылымы бизнес-тренингі мен түркі білім менеджменті сабақтары, т.б.*).

Жалпы алғанда ұзақ жылғы жинақтаған тәжірибе көрсеткендей, түркітану және тіл тарихы курсы сабақтарын жүргізуде түркі халықтарының рухани жәдігерліктері – көне жазба мұралары мен оларда берілетін ой-тұжырымдар үнемі басшылыққа алынуға тиіс. Сонда ғана халықтың ұзақ тарихында жасаған рухани, мәдени қазынасы мен жинақтаған тәжірибесі, адамгершілік, тәлімгерлік тағылымдарына негізделген ұстаз-шәкірт арақатынасы осындай жағдайда ғана жүзеге асады.

Өйткені, жаңа заманның озық ойлы, терең мінезді тәрбиелі жастарын қалыптастыру – оқытушылардың алдына қойылған үлкен міндет. Мұны шешуде оқытушы, біріншіден, студентпен жеке тұлға ретінде тікелей байланысты жүзеге асыра отырып, онымен жүргізілетін жұмысының негізгі бағыттары мен жұмыс бөліктерін дұрыс та сапалы ұйымдастыра алуға міндеттелсе; екіншіден, қазірде пәнді оқыту мен үйретудің мазмұн-сипаты, әдіс-тәсілдерінің күрделене түсуіне орай ол үнемі ізденіс үстінде болуы керек және, үшіншіден, сыни тұрғыдан ойлай білуімен қатар қандай істі болсын, бар ынтасымен атқара алуы да қажет.



Түркітану және тіл тарихы курсы бойынша сабақтарда студенттермен жұмыс жасаудың тиімді әдіс-тәсілдері кеңінен қамтылып, олар шәкірттеріміздің сабаққа дайындығын, танымдық процестерінің даму деңгейін, ақыл-ой қабілеттерінің жетілу барысын анықтауға тиіс. Осыған орай пәнді өткізу барысында жүргізілетін түрлі әдістемелік жаттығулар мен тапсырмалар өзінің маңыздылығы және қажеттілігімен ерекшеленеді. Атап айтқанда, студенттердің түркі халықтарының тарихы, тілдері, әдебиеті, мәдениеті жайында алған білімдерін анықтап алу үшін *Керн-Йирасектің әдісіне негізделген дайындықты анықтау тестісі* қолдануға болады. Тест төрт тапсырмадан тұрады:

1) Студенттің түркітануға қатысты пәнді өткенге дейінгі білімін анықтау тесті 15 сұрақтан тұрады. Дұрыс жауапқа –1 балл, дұрыс емес жауапқа – 0 балл;

2) «Түркі тектік ағашының» суретін салу.

3) Сөздік мәтін бойынша бағалау. Көне түркі тілі не қазіргі түркі тілінде жазылған мәтіннен үзінді ретінде 1-2 сөйлем оқылып, есте сақтау қабілеті бойынша жазылады.

4) Түркі өркениетінің ұлы тұлғалары жайында мәліметтер оқылады да, студенттерге тыңдаған мәліметтер негізінде концептуальды кесте жасау ұсынылады.

Мұндай диагностикалық тапсырмалар студенттің түркітану іліміне қатысты ұғым деңгейін анықтауға мүмкіндік туғызумен қатар, олардың өзіндік ойлау және тұжырым жасай білу қабілеттерінің қандай деңгейде қалыптасқандығын жобалауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ тіл тарихы курстары бойынша сабақтарда әдеттегідей топ-топқа бөліп интерактивті түрде өту әдісін ұтымды қолдану студенттердің сыни тұрғыдан ойлануына, берілген тақырып бойынша белсенді түрде жұмыс істеулеріне, достарының логикалық ойлауына баға беруге, өз ой-пікірлерін ортаға салып, еркін жеткізе білулеріне жағдай туғызары сөзсіз. Әсіресе, Л.С.Выготскийдің әдісіне сәйкес түркі тілдері бойынша берілген материалдарды оқып шығып, ондағы әрбір жеке түркі тілдеріне тән ерекшеліктерді *Венн диаграммасы* не *концептуальдық кесте* түрінде рәсімдеуі студенттердің сабақ кезінде қалыптасқан түсінік деңгейін анықтауға және олардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі. Сондай-ақ студенттің сөзді, түркі тілдерінің сөздік қорын, сөз тіркесі мен түркі сөйлемінің өзіндік құрылысын ерікті есте сақтау үдерісін жүзеге асыру үшін «*10 сөз не сөйлем*» деген әдісті пайдалануға болады. Берілген сөздер не сөз тіркестері немесе сөйлемдер студенттің зейін қасиетінің тұрақтылығы мен есте сақтау қабілетін арттыруға бағытталады. Топ студенттері арасындағы байланысқа сүйенетін оқытудың интерактивті әдістерінің бұл түрі ұжымдық жұмысқа, студенттің өзіндік белсенділігін арттыруға ықпал етеді. Әдісті тест әдісін қосу арқылы жандандыруға да болады. Берілетін тест тапсырмалары студенттің зейіні мен логикалық ойлау қабілетін арттыруға негізделуі қажет.

1. «Жер – мемлекеттің негізі» деп таныған ғұн көсемі

**A** Тұман Шаньюй

**B** Шұжық-князь

**C** Ұлы данху

**D** *Моде Шаньюй*

**E** Лули-князь

2. «Кодекс Куманикусты» зерттеген қазақ ғалымы

**A** Н.Сауранбаев

**B** Б.Әбілқасымұлы

**C** Р.Сыздық

**D** *Ә.Құрышжанұлы*

**E** Ә.Қайдар

3. Чуваш тіліндегі «самка» сөзінің мағынасы

**A** маңдай

**B** ұрғашы

**C** өзімен-өзі

**D** самғау

**E** ұшу

4. «Ит» оғыз тілінде

**A** қапу

**B** құрт

**C** илге

**D** көпек

**Е** самса

5. Түрік жігітінің үйлену тойына дейін қызға жіберетін сыйлығы

**А** жүзік, орамал, халва

**В** хна, айна

**С** тәтті, гул

**Д** пышақ, ат

**Е** гул, мата, т.б.

Ал «Қазақ жазуының тарихы» пәнін өту кезінде «Бейнелі ойлауды бағалау» тренингін «Көне түркі руникалық жазба ескерткіштері» тақырыбын өткенде пайдаланған ұтымды. Тренингтің мақсаты – студенттерді ғылыми-зерттеу жұмысымен шұғылдануға үйрету, ғылыми-зерттеу әдістерімен таныстыру. Ол үшін топ студент санына қарай «Тіл білімі институтының» ғылыми қызметкерлері ретінде 4-5 топшаға бөлінеді. Әр топшаға зерттеу үшін Орхон, Енисей, Талас, Ертіс, Сырдария, Есік, т.б. ескерткіштерінің 4-5 суреттер топтамасы салынған мен транскрипциясы қоса жазылған мәтіні бар конверт ұсынылады. Оның әрқайсысында 4 суреттен салынған. Әрбір «зерттеуші ғалымдар» тобына сағат және жауабын жазу үшін хаттама қажет.

**Бейнелі ойлауды зерттейтін хаттама**

Бөлім	Нәтиженің нөмірі	Тапсырманы орындаған уақыт
1.		
2.		
3.		
4.		

Жұмыс студенттермен қарым-қатынасқа түскеннен кейін ғана басталады. Құрылымы: бір конвертте 4 көне түркі руникалық ескерткіші бейнеленген сурет беріледі, олардың 3-уі бір топқа жатады, ал 4-сі басқа ескерткіштен. Соны ескерткіштердегі жазу үлгісі, мәтіндегі тілдік ерекшеліктерге қарап отырып, ажыратулары қажет. Зерттеушілер берілген тапсырманы дұрыс орындаулары үшін қосымша көмек ретінде 10 сұрақтан тұратын жетелеуші тест сұрақтарын да беруге болады. Жұмысты орындау кезінде зерттеу нәтижелері, кеткен уақыт, әр бөлім бойынша орындалған тапсырмалардың орындалу барысы хаттама толтырылады. Тренинг-сабақ нәтижесі мына формула негізінде есептеледі:

$$A+B=T$$

*Ескерту: Бейнелі ойлаудың интегральдық көрсеткіші – А, біріктіретін дәлдік – В және тесті орындау уақыты – Т.*

«Жазу, оның түрлері», «Графика және эпиграфика» «Көне түркі әліпбиі», «Көне ұйғыр әліпбиі», «Араб жазуы», «А.Байтұрсынұлы әліпбиі» тақырыптарын өту кезінде қолданылған Л.Д.Элькониннің «Графикалық диктант әдістемесі» үнемі оң нәтиже береді. Бұл әдістің негізгі мақсаты студентке жазу, оның түрлері жайында түсінігін қалыптастыруға және әріптердің сөзде орналасу позициясын (жеке тұрғанда, сөз басында, сөз ортасында, сөз аяғында) өздігінше ажырата білуге үйретуге бағытталған. Ал Цицерон әдісін түрлі әліпбилердегі әріптер таңбасының өзіндік графикалық бейнеленуі мен жазылуын үрдісін, әсіресе, Орхон, Енисей, Талас жазулары мен көне ұйғыр, араб әліпбилерін өткен кезде қолданған өте тиімді деп ойлаймын. Әдісті қолдану тәсілі мынадай:

*Елестетіп көріңіз, өзіңізге таныс ..... әліпбиімен сіз сабақ барысында таныстыңыз. Әрбір әріпті, оның сөзде орналасу позициясын (жеке тұрғанда, сөз басында, сөз ортасында, сөз аяғында) ойша сақтаңыз. Міне сіздің алдыңызда ..... әліпбиі. Көзіңізді жұмып, оның құрамын көз алдыңызға елестетіңіз. Барлық нәрсе сіз қалай ойласаңыз, солай болуы керек. Сіз ..... әліпбиін есте сақтадыңыз.*

Бұл әдіс оқытудың психодиагностикалық тәсілдерінің қатарына жататындықтан, студенттердің аталған әліпбилерді есте сақтауларына жақсы көмектеседі. Сол сияқты таңбаларды көру арқылы есте сақтау қабілеті жаттықтыруда (арша жазуын үйрету кезінде) Айвазовскийдің әдісін де пайдаланған жөн.

Жоғарыда аталған технологиялық әдістер студенттерді өз бетімен жұмыс істеуге, қорытындылар жасауға, жүйелі білім алуға жетелейді, өзін-өзі бағалауға және өзгені де бағалай білуге үйретеді. Мұнымен қатар тіл тарихы курсы бойынша студентті ұсынылған жаңа материалмен жұмыс барысында өз ойын сызба немесе сурет, тірек конспектілері арқылы жеткізуіне, жаңа тақырыпты

бекіту кезеңінде өз пікірін шағын трактат (эссе), баяндама немесе ереже құрап жазу арқылы беруіне дағдыландыруға да болады. Бұлардың бәрі де студенттеріміздің белсенділігін, ойлау, есте сақтау, елестету, қабылдау қабілеттерін, жадысы мен зейінін дамытып, қызығушылығын арттыра түседі. Сабақ формаларының үнемі өзгеріп отыруы, әсіресе топтық формаларда жұмыс істеу студенттер арасында қарым-қатынастың нығаюына ықпалын тигізеді. Шәкірттеріміздің тапсырманы өзінің орындау мүмкіндігіне қарай таңдап алуға еріктілігі, оның өз күшін, шама-шарқын бағалай білуге, өзін қауіпсіз сезінуіне, қиындыққа дайын болуға және оны жеңуге тырысуына жетелейді.

- 1 *Познавательные способности в обучении/ Под ред. Щадрикова В.Д. – М.: Просвещение, 1991*
- 2 *Практикум по общей психологии/ Под общ.ред. Щербакова М.Н. – М.: Просвещение, 1990*
- 3 *Иманғалиев Е. Жеке тұлғаны әлеуметтік-психологиялық болжау әдістері. Астана, 2008 жыл,*

«Фоллиант» баспасы

#### Резюме

**Юсуп А.Н.** – магистр педагогических наук, старший преподаватель КазНПУ им. Абая

**Мамиева А.Н.** - Магистр филологических наук, PhD докторант КазГосЖенПУ

#### Пути использования инновационных технологий в процессе обучения (В основе преподавания курса истории языка)

В статье рассматриваются пути обучения методики преподавания курса истории языка с применением инновационных технологий. В казахском языкознании предметы по курсу языка являются сложными предметами, которые требуют особого внимания для изучения и исследования. Главная задача при преподавании предметов по тюркологии и истории языка не только освоение знания, но и развитие информационно- познавательных способностей студента, создание всяческих условий в формировании отдельной языковой личности.

XXI век – век формирования мирового образования и науки, то есть век интенсивного развития новых технологий. Особенно, использование новых технологии при обучении отдельных предметов в учебном процессе ВУЗ-а не только повышает качество знания, но а также благотворно влияет на студентов при освоение новых тем, закаляет их творческие способности, влияет на саморазвитие, создает условия для языкового общения с преподавателем.

**Ключевые слова:** история языка, тюркские языки, тюркология, древние письменности, диагностические задания, методический тест

#### Summary

**A.N.Yusup** - Abai Kazakh National Pedagogical University, Master of pedagogical sciences, Senior Lecturer **A.N.**

**Mamieva** - Kazakh State Women's Pedagogical University, Master of philological sciences, PhD doctoral student

#### Ways of using innovative technologies in the educational process (On the base of teaching Language history course subjects)

In the article considered ways of teaching of subjects on language history course through new technologies, also specified how to profitably carry out this subjects during teaching process. Subjects of language history course complicated subjects that need deep considering in language science and looking comprehensively. Main purpose of providing Turkology and language history subjects is not only familiarization of education, also it is develop information and perceptible ability of every students, fixate it, making comprehensive conditions for formation as individual language person.

